

The background of the cover is an abstract composition of flowing, wavy lines in various shades of blue and white, creating a sense of movement and depth. The lines are smooth and fluid, resembling liquid or smoke. The overall effect is a dynamic and artistic visual field.

ЗЕЙНОЛЛА МҮТИЕВ
АЛМАГУЛ РАХМЕТОВА

**АЙТҚАЛИ НӘРІКОВТЫҢ
ЛИРИКАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗЕЙНОЛЛА МҮТІЕВ
АЛМАГУЛ РАХМЕТОВА**

АЙТҚАЛИ НӘРІКОВТЫҢ ЛИРИКАСЫ

ОРАЛ – 2019

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған
(Хаттама №7, 26.03.2019 жыл)

Пікір жазғандар:

А. Мұсаев – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

М. Сабыр - филология ғылымдарының докторы, профессор,
Батыс Қазақстан инновациялық - инженерлік- университеті

И. Сұлганизова – философия докторы (PhD), доцент,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Мүтиев З.Ж., Рахметова А.Н.

Сатыбалды Даумовтың поэтикасы: Монография. – Орал, 2019. - 100 бет.

А. Нәріковтың әдеби шығармашылығын зерттеу нысанына алған ғылыми монографияның бірінші тарауында ақынның лирикасының тақырып аясы, рухани өрісі, кейіпкерлер әлемі тексеріс көзіне алынып, сонымен бірге. көңіл күй әуендері, жастық шақ жырлары, соғыс тақырыбы қарастырылады. Ақын туындыларының тақырыбы мен идеясы, туған жер, өскен өлке, дала жыры және табиғат тамашасы, т.б.әдеби ізденістерін еңбек авторлары әр қырынан алып талдайды.

Кітаптың екінші тарауында ақындық шеберлік, көркемдік ізденіс мәселелері - ақын лирикасының тіліне, дәстүр жалғастығы мен бейнелілік жүйесіне, суреттеу құралдарыне талдаулар жүргізу арқылы айқындалған.

Еңбек жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, қазақ әдебиеті пәні тереңдетіліп оқытылатын бейімділік мектептері (лицей, гимназия) мұғалімдері мен шәкірттеріне арналған.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ лирикасының қалыптасу, даму тарихын зерттеу мәселелері жүйелі түрде жалғасын табуда. Сөз өнерінің әлемдік аренадағы зерттеушісі, асқан өнер данасы Әбунәсір Әл-Фарабидің поэзия туралы еңбектері («Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат», «Трактаты о канонах искусства поэзии», «Трактаты о музыке и поэзии») [1] жалпы өлең-сөздің, жалпы ақындық өнер хақындағы аса бағалы байыптаулар болып табылады.

Қазақ өлеңі сөзінің тұңғыш ғылыми негізде қарастырған ғалым - Шоқан Уәлиханов. Шоқанның өлеңге қатысты қисындары қазіргі әдебиет зерттеушілері үшін құнды мәлімет болып есептеледі. Ғұлама ғалымның мол мұраларының қатарын толықтыратын «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы» еңбегі [2] зерттеушілердің назарын ерекше аударды.

Лирика жанрын зерттеудегі Әл-Фараби, Шоқан салған ізденіс-тексеріс сүрлеулері кейін ХХ ғасыр басында М. Дулатовтың «Ибраһим ибн Құнанбаев», «Абай», «Қазақ ақыны» [3], А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» [4], С. Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Жаңа кітап», «Өлең һәм айтушылары» [5], М. Жұмабаевтың «Ақан сері», «Ақан сері сөздері» [6], Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы», «Абайдан соңғы ақындар» [7] сынды еңбектерінде көрініс тапты.

Отандық әдебиеттануда қазақ өлеңінің жай-күйі жүйелі зерттеліп келе жатыр. Ұлттық лириканың дамып-өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан ақын-жазушылардың шығармашылық болмыс-бітімін, ақындық қарым-қуатын зерттеу-әр кезде де күн тәртібінен түскен емес.

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдеби дамуда өлке мұрасын зерттеу мәселелері там-тұмдап болса да қолға алына бастады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы [8] әдеби өлкетану мұрасын зерттеуге кең жол ашып отырғанын айту ләзім. Елбасы қазіргі таңда ұлттық сананы жаңғырту мәселелеріне назар аудара келе: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ғасырлыр қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [8] деп атап көрсеткен болатын.

Қазақтың көркем әдебиеті – қазақ ұлтының рухани мәдениетінің біртұтас жүйесі боп табылса, ал оның негізгі бөлшектерін Өлке әдебиеті құрайтыны анық. Яки, әдеби өлкетануды зерттеу арқылы, Әдеби өлке әдебиетін қалпына келтіру нәтижесінде Елбасымыз атап өткен рухани жаңғыру мәселесі түбегейлі шешілмек.

Өлке әдебиетінің яки Батыс Қазақстан өңірінің әдеби өмір тарихы сонау ықылым замандардан бастау алады. «Қыз Жібек» лиро-эпосы, ХХУ-ХУІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, хандық дәуір әдебиеті, ХІХ ғ. Махамбет, Шернияз, Алмажан Азаматқызы, т.б. – өлке әдебиетінің тұңғыш бастаулары саналады.

XX ғасыр басындағы әдебиетте өлке тарихын әнші-сазгер М. Мерәліұлы, Ш. Бөкеев, Ғ. Қараш мұраларымен байланыстыра сөз етсек, сол дүбірлі дәуірдің соңын ала әдебиет сахнасына қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Халима Өтеғалиева, Ұлы Отан соғысында жалынды жыры мен ұлттық рухты оятуға үлес қосып, майдан даласында қаза тапқан Абдолла Жұмағалиев (1915-1942) және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен танылған прозашы-романшылар, қазақ поэзиясына жан бітіруші ақындар: Қ. Жұмалиев, Т. Жароков, Х. Есенжанов, Ж. Тілеков, С. Сейітов, Ж. Молдағалиев, Б. Аманшин сынды қаламгерлер шығармалары өлке әдебиетінің көкжиегін кеңейте түсті.

Ал 1960-1980 жылдарда қазақ әдебиетіне өзіндік өрнек, тың жаңалық әкелген ақын-жазушылар: Қ. Мырза Әли, Б. Ырзабаев, С. Еркебаев, С. Даумов, Ж. Набиуллин, Қ. Бектұрғанов, Қ. Жұмағалиев, Б. Ойшыбаев, А. Нәріков, А. Сұлтанов, Қ. Қараманұлы, А. Бақтыгереева, М. Есламғалиев, С. Әбдуғалиев, А. Бектұрғанов сынды таланты қаламгерлер Жайық ақындарының көшін бастаса, сол белсенді топтың нақ ортасында әдебиет айдынында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген А. Нәріков те бар.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Айтқали Нұрашұлы Нәріков 1940 жылы 20 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының Ширяев ауылында дүниеге келген.

Айтқали Нәріков орта мектепті бітіргеннен кейін біраз жылдай шалғайдағы шағын ауылда кітапхана меңгерушісі болып қызмет істейді. 1961 жылы Оралдағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың тарих-филология факультетіне түсіп, үш ай ғана оқығаннан кейін әскер қатарына шақырылады, кейін оқуын жалғастырып 1968 жылы Орал педагогикалық институтын бітіреді.

1968-1988 жылдары Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстық газет редакцияларында қызмет істеген.

1988-1992 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросының Орал, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары бойынша уәкілі қызметін атқарды.

Айтқали Нәріковтің топтама өлеңдері 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жас керуен» деп аталған ұжымдық жинақта жарық көрген.

1992 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы «Аққұс» қауымдастығы Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесі басқармасының төрағасы болды, облыстық теледидарда жұмыс істеді.

Айтқали Нәріков - Республикалық жастар поэзиясы фестивалінің (1972) дипломанты. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтары тарапынан Құрмет Грамотасымен, Алғыс хаттармен марапатталған. Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Айтқали Нәріков – бүгінгі дәуірдің көрнекті лирик ақыны. XX ғ. 70-80-жылдарының үлкен өкілі, жаңалығы мол. Ақын лирикасының тақырып

ауқымыөте күрделі әдебипроцестерден түзіледі.1970 жылдары лирикалық жырларымен әдебиет сүйер қауымға таныла бастаған ақынның поэзиядағытұсауын қазақтың аса көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі кескен болатын [9].

Айтқали, алдымен, лирик ақын. Оның ақындық болмысыныңжаратылысы да осы лирикасында жатыр. Лирикалық кейіпкер әлемі, дәстүр жалғастығы мәселесі кейбір ақындар шығармашылығына қатысты бірсыпыра қарастырылғаны рас, алайда А. Нәріков лирикасын ғылыми монографияға тақырып етіп алу - алғаш рет тексеріс көзіне алынып отыруы себепті -зерттеу тақырыбының өзектілігін құрайды.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Әр дәуірде қазақ поэзиясының, ұл өлеңінің өзекті мәселелері жайлы зерттеулер жазған ғалымдар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, З.Ахметов, С.Мақпырұлы еңбектері зерттеу жұмысында басшылыққа алынды. Сондай-ақ алыс және таяу шетел зерттеушілері В. Белинский, Н. Добролюбов, М. Бахтин,Н. Конрад, Р. Уэллек, О. Уоррен, Г. Лотман, А.А. Потебня, В.И. Ерёмин, Г.Г. Шаповалова, И.С. Климас, Т.А. Агапкина, А.В. Кулагин. А.А. Потебня, Я.А. Автамонов, Н.П. Колпаков, В.И. Ерёмин сынды ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысының негізгі дерек көзі бола отырып, басты әдістемелік ұстанымды да айқындауға сеп болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлт поэзиясының, жалпы өлең сөздің зерттелу аймағы үлкен кеңістікті құрайды. Өткен кеңестік дәуірдің өзінде ақындар шығармашылығы жалпы ұжымдық шолу түрінде жәнесирек те болса жекелей зерттеу нысанына алынып, зерттелді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлт поэзиясының, жалпы қазақ лирикасының даму, жетілу жайы, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылық өрісіне батыл түрде барлау жүргізіліп, әр қырынан қарастырыла бастады. Соның ішінде зерттеу көзінен таса қалған қазақ поэзиясының 50-70 жылдарындағы озық өкілдері: Ә. Тәжібаев [9], Ә. Сәрсенбаев [10], Ж. Молдағалиев [11], А. Тоқмағамбетов [12], Қ.Бекхожин [13], Қ. Шаңғытбаев [14], т.б., сонымен бірге 70-90 жылдардың дүлдүл ақындары Қ. Мырзалиев [15], Ж. Нәжімеденов [16], Т. Айбергенов [17], М. Мақатаев [18], әйел-ақындар Ф. Оңғарсынова [19, 20], А. Бақтыгереева [20], К. Ахметова [20], М. Айтқожина [20], Ж. Набиуллин [21], Т. Медетбеков [22] және тағы да басқа ақындардыңжыр әлеміндегіжаңалықтарын қарастыруға қол жеткізілді.

Жоғарыда аталған дәуірдің жыр керуенінде өзіндік айтары бар, лирикалық поэзияның табиғатына тән сезім сыры мен нәзік иірімді өлең-жырлардың авторы боп табылатын А. Нәріков ақындығын тану мәселесі бүгінгі күні пісіп-жетіле келді. Есімі елге мәшһүр ақын, майталман журналист, Қазақстан Журналистер одағының және Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтары мен публицистикалық еңбектердің авторы

Айтқали Нәріков шығармашылығы бүгінгі әдебиеттануда әлі терең қарастырыла қойған жоқ.

Айтқали Нәріков шығармашылығы жайында, оның лирикасы хақында Қ. Мырза Әли [23], Т. Медетбек [24], С. Шарабасов [25], Т. Құсайын [26], М. Сабыр [27], А. Бектұрғанов [28], С. Сариев [29] т.б. қалам тербеді.

Сонымен бірге, жергілікті ақын-журналистер Ж. Набиуллин, Ғ. Сейтақ, А. Қасымова, М. Ахметова, М. Сүйіншәлиева, А. Таубаева т.б. ақынның мерейтойы қарсаңында жазған мақалалары мен ф.ғ.д., профессор А. Мұсаевтың ғылыми баяндамасы Айтқали Нәріков шығармашылығына қатысты зерттеулерге негіз болды.

Ал, Айтқали Нәріков шығармашылығын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеу, кеңінен насихаттау мақсатында жүргізілген мерейтойлық шаралар қарсаңында жазылған мақалалар болмаса, аса бір тереңарнайы ғылыми зерттеу еңбек жоқтың қасы деуге болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Ақын А.Нәріков лирикасы арнайы кең көлемде зерттеу нысанына алғаш алынуы себепті әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі ретінде қарастыра келе зерттеу барысында төмендегідей мақсат-міндеттерді шешу көзделді:

- қазақ әдеби-тарихи үдеріс контексінде Айтқали Нәріковтың ақындық орнын айқындау, шығармашылық еңбегіне ғылыми-теориялық сипаттама беру;

- қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар Айтқали Нәріков лирикасын бүгінгі тәуелсіздік кезеңі биігінен зерделеу;

- А.Нәріков ат салысқан қазақ поэзиясының кеңестік дәуірін қамтитын кезеңіндегі дәстүр мәселесін ғылыми талдаудан өткізу;

- А. Нәріков лирикасына дәстүр, өнеге болған рухани қайнар, бастау көздеріне саралау жүргізу;

- А. Нәріков лирикасының тақырыптық, көркемдік деңгейін саралауда бүгінгі қазақ лирикасымен салыстырмалы түрде қарау;

- А. Нәріков лирикасындағы негізгі идея және оның көркемдік-эстетикалық ізденістерін саралау;

- А. Нәріковтың қазақ әдеби үдерісінде алатын орнына жаңаша ғылыми зерделеу жүргізу;

- А. Нәріков шығармаларының әдеби сында бағалануы жайлы өз көзқарасымызды бүгінгі күн биігінен жеткізе талдау.

Зерттеу нысаны. Аталған мәселелерді шешу үшін зерттеу нысанына ақынның «Көк майса» (1970) [30], «Еркін есейіп келеді» (1975) [31], «Тыныштықты тілеймін» (1980) [32], «Еңбек зейнеті» (1985) [33], «Самал» (1990) [34], «Сағыныш» (2001) [35], «Қырық жыл – қырық жыр» (2004) [36], «Жайықтың жарық жұлдыздары» (2005) [37], «Ойшылдың өскен ортасы» (2005) [38], «Жанғали ақын» (2006) [39], «Жылдар жаңғырығы» (2009) [40], «Мен – майдангер ұлымын» (2010) [41], «Елу жыл – елу жыр» (2010) [42], Ой

мен Сой (2012) [43], «Үлкен үйдің иесі» (2015) [44] тағы да басқа жыр кітаптары алынды.

Сонымен бірге әр жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған танымдық мақалалары мен пікір-сұхбаттары пайдаланылды.

Зерттеу пәні. Көркем әдебиет пен журналистика жанрындақатар қалам тербеген Айтқали Нәріковтың лирикасы, сонымен бірге қазақ лирикасының негізгі даму бағыттары хақында, поэзия туралы, оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жайындағы зерттеулер мен монографиялар зерттеу пәні ретінде алынды.

Зерттеу болжамы. Зерттеу жұмысында Айтқали Нәріков шығармаларындағы ұлттық бейне, көркем ойдың өлең сөз тудырудағы сипаты жан-жақты қарастырылады, көркем бейнеленуіне талдау жасалынады. Қазақ поэзиясының даму сатысына ақын-лирик ретінде А. Нәріковтың өзіндік қосқан үлесі оның туындылары негізінде айқындалмақ. Қазақ халқының тіл байлығы мен көркемдік танымы ақын-жазушының жыр-туындыларында қаншалықты жаңаша сипатты иеленгені белгіленбек. А. Нәріковтың әдеби-шығармашылық еңбегінің бірі ретінде өзі тұстас әріптес қаламгерлердің көркем туындыларына берген бағам-байлаулары, сыни пікірлері арқылы да қарастыру көзделді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін қазақ әдебиеттану ғылымының жетекші өкілдерінің және тәуелсіз мемлекеттер достастығына енетін елдердің, сонымен бірге алыс Һәм жақын елдер ғалымдары мен сыншыларының еңбектеріндегі теориялық және әдіснамалық ой-пікірлері құрайды. Аға ғалымдардың өлең сөзге қатысты, поэзия жанрының дамып-жетілуіне байланысты зерттеулері мен соны көзқарастары басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері: Зерттеудің теориялық және әдіснамалық өзегі Қазақстан ғалымдарының көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, авторлық тұжырымдама, ұстаным жайлы еңбектеріне негізделген. Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, жүйелі-сараптау, объективті-аналитикалық әдіс-тәсілдер басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Бұл ғылыми еңбекте қазақ әдеби үдерісіндегі жаңалықтарды, соның ішінде ақын-журналист Айтқали Нәріков лирикасын зерттеуге назар аударылған. Негізгі ұстаным соған бағытталған. Ақын туындыларын тексеріс көзіне ала отырып, оның лирикалық туындыларының ұлт әдебиеттану ғылымындағы орнын бағамдауға, айқындауға мүмкіндік беретін деректерді зерттеуге алғы шарт жасалынды.

Айтқали Нәріков лирикасының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, көркем образ тудырудағы ақындық шеберлігі, бейнелілік жүйесі, суреттеу құралдары, рухани-танымдық ізденістері, көркем әдебиеттің лирика жанрын жетілдірудегі ұмтылысы, өзіне тән қоңыр үнімен әдеби дүние жасаудағы тапқырлығы, өзіндік жаңалығы басты назарға алынған.

Осы ретте монографияда қазақ лирикалық туындыларына жүргізілген зерттеулер мен көркемдік ізденістер жүйелей сараланып, танымдық талап тұрғысынан іріктей талданып, таразыланады. Ақын Айтқали Нәріковтың әдеби шығармашылық мұрасы арнайы зерттеу жұмысының өзегін құрайды. Оның ақынретінде қалыптасу жолы, қазақ әдебиетін, оның ішінде поэзия жанрын байытуға қосқан үлесі, еңбегі жан-жақты, жүйелі түрде, біртұтас бірлікте алынып, жаңаша бағамдалады.

Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік маңызы. Бұл орайда А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, Ш. Елеуенов, Б. Кәрібозұлы, Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдешұлы, Т. Сыдықов, Т. Рахымжанов, З. Бисенғали, Б. Әбдіғазизұлы, Т. Тебегенов, т.б. қазақ ғалымдарының, сондай-ақ М.М. Бахтин, Л.Я. Гинзбург, М.Ю. Лотман, Г.В. Пospelов, Л.И. Тимофеев, В.В. Кожин, С.И. Кормилов, Д.Е. Максимов, Б.С. Мейлах, Ю.Н. Тынянова, Т.Л. Власенко, М.М. Гиршман, В.И. Тюпа, Т.Т. Савченко т.б. орыс ғалымдарының еңбектері теориялық және әдіснамалық тұрғыдан пайдаланылды. Тәуелсіздік биігінен талдау зерттеу жұмысының басты теоретикалық негізі болады дегенді айрықша айтқан абзал. Тарихи зейіні көмескіленген, азат ойлауға дағдыланып жатқан қазіргі жаңа буынға Айтқали Нәріковтың әдеби-шығармашылық, рухани дүниесі арқылы өткеннің парасатты жағын ұғындыру, сол арқылы оны біліктілікке шақыру - әдебиеттануымыздың абыройлы міндеті.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдарды қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихы пәні, сондай-ақ қазақ лирикасының өзекті мәселелері бойынша элективті курстар мен арнайы семинарларда пайдалануға, сонымен бірге оқу әдістемелік құралдарын әзірлеуде қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары.

Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар ұсынылады:

- ақын туындыларының негізгі мазмұнын құрайтын төл әдебиет дәстүрлерінің үлгілерін автордың қаншалықты игергендігін айқындау;
- ақынның лирикалық кейіпкерлер жүйесін жасақтаудағы ізденісіне көңіл аудару;
- ақын лирикасының тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне барлау жүргізу;
- ақын туындыларын әр қырынан алып талдап-таразылау нәтижесінде өзіне тән дербес стилін және жеке қолтаңбасын айқындау;
- қаламгердің лирика жанрын жетілдірудегі ізденісіне, талпынысына назар аударып, ақындық шеберлік мәселесіне зер салу;
- өлең сөздегі көркемдік-бейнелеуіш құралдардың ақын қолданысындағы ерекшелігіне, табиғи дәстүріне шолу жүргізу.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі. Монографиялық еңбектің негізгі мазмұны, нәтижелері мен тұжырымдары ҚР Білім және

ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген ғылыми басылымдарда жарық көрді, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялардың жинақтарында баяндалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Кітап кіріспеден, екі тараудан, қосымша тараушалардан және қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

1 АҚЫН ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫП АЯСЫ, РУХАНИ ӨРІСІ, КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

1.1 Көңіл күй әуендері, жастық шақ жырлары, соғыс тақырыбы

Көркем әдебиеттің лирика тегінің өзіне тән жанрлық ерекшелігі бар. Айталық, қаһармандық бейне эпикалық жанрдың туындысы болса, ал лирикада сәт қағым уақыттың уысына сыйып кететін көркем бейне - лирикалық кейіпкер тұлғасын иемденіп шешуші рольге ие болады. Лирикалық кейіпкер- өлең-жырдың өнбойындағы себепкер тұлға. Өйткені лирикаға тән еркіндік: мұңды сезім, қайрат-жігер, күй мен сүй, күйзелу мен жирену, батылдық пен батырлық т.б. осы сынды жеке адамға қатысты қасиеттердің баршасы өлең-жырдың табиғатына сай кейіпкер басынан өтіп отырады. Өлең сөзде көркем бейне бітімі кейіпкер мінезінің болмыс-пошымын ғана көрсетпейді, сонымен бірге кейіпкер қарекетін, оның жаратылыс-табиғатын да жариялап отырады.

Әдетте бүгінгі күн лирикасында автордың образды ой құрудағы ізденісін суреткер шеберлігімен байланыстыра айтудың да өзіндік өлшемі бар. Лирикалық кейіпкерлердің сан алуан характерлі портрет галереясын ақындар жасайды. Себебі ақын тудырған, ақын сомдаған кейіпкерлер әлемінің көкжиегіне бойлаған сайын сөз сарасының әшекейлі суретіне тап боласыз.

Адамның ішкі сезімін, көңіл әуенін өрнектеп, суретті сөзге айналдыру – лирикалық поэзияның басты қызметі екендігі анық. Өмірдің ащы-тұщысын өз қалпында боямасыз беру-лирика табиғатының заңдылығына сай келеді. Өйткені, көңіл-күйдің, жеке адам сезімінің сөз өнеріндегі кескін-келбеті, әрине, біріншіден поэзия тілінде өрнекті, әсем көрінеді. Аталған тақырыпты нәшіне келтіре меңгерушілер сапында ақын А. Нәріков те бар.

Ақын А. Нәріков лирикасының мазмұн байлығын құраған көңіл-күй иірімдері, нәзік сыршылдық пен данышпан ойлылықтың түпкі нәтижелері оның туындыларында өзіндік өлшем тапқан. Кейіпкерлеріне лирикалық бітім-болмыс дарытқан ақын жырларының өн бойында терең ойлы салмақтылық байқалады. Мәселен, «Ой» аталған туындысында үлкенге де, кішіге де ой тастарлық көңіл-күй сезімі берілген.

Жігіттер, күлкі бақыт, ұрыс қайғы,
(Шаттықтан ақын халқы жыр ұстайды).

Дүниеден арбасумен өтіпкетсек,
Кім келіп сол қатені дұрыстайды?

Сондықтан кең ашылсын құшағымыз,
(Демейік қайғылымыз, құсалымыз).

Болайық бетке тура қарайтындай,
Өмірге қайта келсек, мысалы біз.

(«Ой»)

Бұл шумақтар ақынның ертеректе жарық көрген «Самал»[34, 3-б.] атты жыр кітабынан алынып отыр. Екі-ақ шумақтан тұратын өлеңге ақынның лирикалық кейіпкерінің көңіл күйлік сезімімен қатар философиялық көзқарасы да кірігіп, өзара тоғысып кеткендігін аңғарғандаймыз. Бейбіт өмірді, тату тұрмысты аңсаған кейіпкер арманы оқырманын мамыражай тыныштыққа, өзара ынтымақтастыққа үндейді. Ғайыптан тайып өмірге қайта келген жағдайда біріміздің бетімізге біріміз тура қарайтындай болайық дегенді насихат ету – ақын танымының, автор ұстанымының адамгершілік пен имандылық негізіне құрылғанын байқатса керек. Бұл дүниеде арбасумен өткеннен гөрі, татулықпен ғұмыр кешуді арман етіп, ойға берілген лирикалық бейненің айтпағы, «Сондықтан кең ашылсын құшағымыз» деген түйінге тоқталады.

Ақын А. Нәріков лирикасының жаратылу табиғатына тән ерекшеліктің бірі – автордың үлкен, күрделі тақырыптағы мәселелерді шағын шумақты жыр мазмұнына сыйғызып жіберуінде. Айтар ойын жіліктеп шағып жатпай-ақ, оқырманының талғам-таразысына, ыңғайына қарай екшеп, түйіндей салу да – ақындық шеберліктің бір қыры болса керек.

Айталық, «Әділқазы» аталған өлеңінде жыр-пыраққа ақ көңіл, адал сезіммен, ыстық ықыласпен қараған ақынның құрмет-қадірі аңғарылады.

Кей ісімнің көңіліне жақпауы шын,
Күйіп кейде ызадан жатты-ау ішім.
Кейін содан өзіме сабақ алам,
Шылығына өмірдің батпау үшін.

Кеш ашылған өлең-гүл бүршігі едім,
(Бітпейтіндей ешқашан жыршы демім).
Қуанғанда туларсың, ей, жүрегім,
Жаза бассам, сотым боп тұршы менің[34, 3-б.].

(«Әділ қазы»)

Өлеңде өлең-сөзге, жырға құрмет, жалпы сөз өнеріне аса сақтықпен, мұқият қарау идеясы көрініс тапқан. Өлең-сөздің эстетикалық өнер ретіндегі, рухани байлық хақындағы құдірет-күшін әдеби текті, әдеби жанрды зерттеуші әдебиетші-ғалымдар, сыншы-мамандар ықылым замандардан бері көңіл аударып, теориялық тәлімін қалыптастырып келеді. Орыс әдебиеті сынтануының негізін қалаушылардың бірі Г.В. Белинский: «Поэзия - тұтас өнер, соның бүкіл ұйытқысы болып табылады. Және оның барлық жағын қамти отырып, бүкіл өзгешеліктерін айқын, анық түрде бойына жинақтайды»[45, 184-б.]десе, қазақ әдебиеттану ғылымының тұңғыш профессоры, академик Қ. Жұмалиев: «Лирикалық жанрдың да өзара түрлері бар. Бұл түрлер ақынның көрсетпек болған өмір құбылыстарын қалай суреттеуі, ақынның көңіл күйі қалай берілуіне байланысты. Кейде шаттық, қуаныш, асқақтықты білдірсе, кейде мұң, зарды, кейде көңілдің бейжай қоңыр күйін сездіруі мүмкін»[46, 300-б.]-деп өлең-сөздің өнер хақындағы көркемдік күш-қуатын, табиғи ерекшеліктерін одан әрі тарқата түседі.

Ғалымдар пайымынша өлең-жырдың жеке адам тәрбиесіндегі, яки рухани азық есебіндегі қызметі ұшан-теңіз болмақ.

Алайда ақынның сөз өнеріне көзқарасы адал болуы шарт. «Өлең - сөздің патшасы» (Абай) екендігін, сонымен бірге «өлеңнің – сөздің сарасы» екендігін терең ұғынумен бірге ақынның өзі айтқандай «әділқазы» болу және оған яки жүректің «әділ қазылығы» қажет. «Кең ашылған өлең-гүлдің бүршігі» бола тұра, «жаза басқанда сотым боп тұршы менің» деуінде ақынның сыни көзқарасының, өмірлік ұстанымының белгісі жатқандай.

Адами қарым-қатынастың ең биік шыңы – достық атты ұғымға тәуелді десек, бұл тақырыпты ақын А. Нәріковтің еркін меңгергендігіне куә өлең «Жалған досқа» деп аталады. Шағын туындыда өмірде жалған достың да болатындығы, ондай бұрыс ойлы жандардан сақтану керектігін автор ашық айтып сақтандырады.

Дегендей-ақ есте ұстар іс қыламын,
Маған бір сәт тұрды өмір тігіп кәрін.
Теріс қарап қолыңды ысқыладың,
Ойларыңның отырдым ұғып бәрін[34, 4-б.]

- деп келетін жолдардан арам ойлы доссымақтың пасық жоспарын іске асыру барысындағы қимыл-әрекеті байқалса, оған қарсы лирикалық бейне қарекеті төмендегіше өрбиді.

Пасықтықпен ақ жанның түріне еніп,
«Асырдым-деп,-айламды» лақпа бұлай.
Күлдіре кеп, шығатын күңіреніп,
Сендей «достан» мені енді сақта құдай.
(«Жалған досқа»)

Көңілдің кірбің тұстарын өлеңге апарып орнықтырған ақынның баянжайы өмірде болып тұратын, әр кезде кездесіп қалатын жағдаяттардан онша алыстамаған. Бәрі де өмірдің жазылмаған заңдылығы десек те болғандай.

Көңіл күйдің нәзік те кінәмшіл сыры қашанда лирикаға сеп болып, оның табиғатына тән қалтарыстарын толықтырып отырған. Лирика тегінің көңіл күй ырғағының қимыл-қозғалысына сай жасарып, құбылып, ал керек кезінде сақарып, ақсақалдық үнге ауысып, әйтеуір эстетикалық өнер хақындағы барлық шарттарды орындап отыратын жанр боп табылатынын аталған текті зерттеуші ғалымдар атап көрсетеді. Академик З. Қабдолов өззерттеуінде: «Лирикалық шығармадан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саяси-әлеуметтік халін, адамдардың алуан-алуан мінез-күлкын, ой-өрісін, жан-күйін, арман-тілегін, мақсат-мүддесін, күйініш-сүйінішін аңғарамыз»[47, 21-б.] - деп аталған тек табиғатының атқаратын қызметінен хабардар етсе, ал әдеби жанрларды зерттеуші неміс философы Г.В.Ф. Гегель: «Поэзия өз бойына ішкі рухани әлемнің барлық ерекшеліктерін жинақтаған сөз өнерінің түрі, - дей келе: - кез келген мазмұн, рух пен табиғаттың барлық белгілері, оқиға, тарих, қарым-қатынас, сыртқы және ішкі қалып поэзияда түрленіп, мазмұнға ие болады» [48, 24-б.] - деп

лириканың жанрлық табиғатын атереннен үңіледі. Ғалымдардың бұл ой-тұжырымдары мен келелі пікірлері өзге де өлең сөздің ахуалын аңдаушы зерттеушілер пайымынан алшақ кетпейді. Мәселен, сыншы Н.А. Чернышевский: «Басқа өнер түрлеріне қарағанда поэзияның биік тұратынына дау жоқ, өйткені өзге өнер түрлері поэзияның айтарын бізге жеткізе алмайды»[49, 28-б.]- десе, қазақ тіліндегі тұңғыш әдебиеттану ғылымы туралы жазылған еңбектің («Әдебиет танытқыш», 1926.) авторы А. Байтұрсынов: «Толғау (*Ахаң лириканы толғау деп атаған. –З.М., А.Р.*)-көңілдің көркем сырларын өрнекті сөздермен білдіріп, адамның көрік сезімін күшейтеді. Әдемі толғаудан алатын адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады [50, 287-б.]- деген ой-түйінге келеді.

Яки, бір сөзбен айтқанда лирика тілін ұғынып, түйсінудің амал-харакеті бірде көңілді кірбіңнен тазартып тазаласа, енді бір уақыт мұң мен қайғыға байланысты, әйтеуір лап еткен жалын тәрізді, сан-салалы күрделі бір оқиғаны бір-ақ сәтте ақтарып салатын қызметімен ерекшеленеді. Міне, лирика осындай жанр.

Лирика тегінің талапқа сай дамуы мен өсіп-өркендеуіне өзіндік жаңалығымен үн қосып келе ақынның бірі - А. Нәріков. Өлең өнеріне ғұмыр бойы адалдық танытып келе жатқан А. Нәріков шығармашылығына терең үңіле түссек, оның басқа жанрларға көз қырын салмағанын аңғарамыз. Журналшы-публицист сияқты кәсіби қызметін былай қойғанда, эпика немесе драма сияқты әдебиеттің өзге де тектеріне мойын бұрмай, тек бірыңғай лирикада қалам тартқан ақынның өзі құлай сүйген, жүрек қалауымен ұнатқан жанрдағы ерен еңбегін ерекше сүйсінесіз. Сонымен бірге әр салаға алаңдамай, сабырлылық танытып, бір жанрда тұрақтап қалған адалдығына басыңызды иесіз.

Лириканың шын шебері, майталман ақынына айналған А. Нәріковтің көңіл күй қылын шертетін бір өлеңі «Мінезім» аталады. «Стиль – ақын мінезінде» (З. Қабдолов) деп жатады ғой. Ақын А. Нәріков бұл қағиданы зерттеуші тәліміне сай кескіндей (суреттей) алған.

Бұл жерды кеше ғана бастап тұрып,
Несіне маз болайын сақ-сақ күліп.
Мен сізге тұйықтау боп көрінермін,
Қайтейін, жаныма жат асқақ қылық.

Ал біреу жатса сөзбен шаншып, атып,
Кетсе егер шыбын жанға қамшы батып.
Арымның пәктігін мен сақтап қалам,
Қара тер, қызыл қанды тамшылатып [34, 8-б.]
(«Мінезім»)

Өлеңдегі мінез-ақынның өмірдегі ұстанымының көрінісі деп алсақ, А. Нәріков баяны - ішкі сезімнің сырт көзге анық байқалар бағдаршамы сынды әсер етеді. Қарапайымдылықты ту еткен ақынның «жаныма жат асқақ қылық» деп жар салуы да орнықтылықтың, тұрақтылықтың белгісі болса

керек. «Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» дейтін қазақтың төлтума қағидасын берік ұсталған жанның «Қара тер, қызыл қанды тамшылатып, ардың пәктігін сақтап қалуы»- көрегенділік. Өзіне дейінгі дәстүрді, өлең-сөзге адалдықты, айталық, Ұлы Абайдан бергі сөз өнерін құрметтеу, аялау қағидасына жүгіну – шынайы ақындықтың, тіпті ақылдылықтың өнегелі бастауы. Өнер алдында, өлең алдында кішірею – әуелден бар ізгі қылық, игі дәстүр. Бұл туралы академик З. Ахметов «Поэзия деген сөздің өлең, жыр деген мағынасынан басқа, ретіне қарай, көркемдік, әсемдік деген мағынаны да беретіні тегін емес. Поэзия терең, нәзік сезімнен туады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін білдіреді»[51, 9-б.] - дейді, осы ойды профессор С. Мақырұлы «Лирикалық шығармалар ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс-сезімдерін, оны танып, бағалауын, жалпы көңл-күйін таныту тәсілдерінің сипатына қарай әлденеше жанрларға бөлінеді»[52,133-б] - деп теориялық жағынан одан әрі дамытып, індетте қарастырады.

А. Нәріковтің жоғарыда талданған туындымен сарындас бір өлеңі «Жүрек әмірі» деп аталады. Өлеңде ішкі әлемнің түйсік-танымы лирикалық кейіпкердің үні боп тіл қатады. Ақын қазақы қалыпқа тән мінез-құлық, неге болса да шыдамдылық, төзімділік таныту, қай іске де мойымау, өмірдің келеңсіз құбылыстарына қарсы тұру, ар мен намысты бәрінен де жоғары қою сынды адами қасиеттерді үлгі етеді. Кейіпкердің толғанысында өмірдің өзі күрделі ұғымдармен көмкеру, теңестіру үдерісі байқалады. Содан да болса керек:

Мейлі тағдар салып қалсын маңдайдан,
Мойымаймын, көмейімнен танбайды ән.
Тұрмағанмен жер тітіреп, оқ борап,
Өмір деген білсең, досым, қан майдан...[34, 9-б.]
(«Жүрек әмірі»)

-деп жырлайды. «Өмірдің өзі-күрес» деп жатамыз ғой, ал автор оны қан майданға теңеп, тоғыстырады. Көңілдің ой құтысына қонақтаған ішкі сезім сырын, ақын бүктесіз берген. Туындыда жақсы мен жаманның қатар жүретіндігін, алайда жүрек әміріне бағыну арқылы, ар мен абыройды бәрінен де биік ұстау мәртебесі алғашқы орынға қойылған.

Әлдекімше ішкі есебін бүгіп ап,
Жүргенім жоқ қу қарғыстың жүгін ап.
Ар алдында абыройсыз болғанша,
Өлген артық көрге кіріп бүгін-ақ.

Бұл енді ақындықтың да, адамдықтың да өте биік кредосы. Айқын мақсатпен өмір сүрудің таза өлшемдерін алға тартқан лирикалық кейіпкердің үнінде шоң азаматтықтың да, парасаттылықтың да белгілі таным қағидалары барлығы аңғарылады. Бөгде ойдан ада, бөтен пиғылдан таза жүрек тынысы жақсылықты, ізгілікті дәріптейді.

Өмірімен жұдырықтай жүректің,
Іздеріме аспақ арман – жыр ектім.

Жақсылардың жарқын ісін көргенде,
Көкіректі кернеп кетер бір екпін

-деп жырлаған ақынның айтары – имани, адами қасиеттерді бойға жинау, қалыптастыру сияқты ізгілік, мейірімділік иірімдерінен құралған. Көңіл күйдің ішкі иірімдеріне тереңдеп баратын ақын А. Нәріков жырларындағы басты бағыт өз оқырмандарын тәрбиелеуге қызмет етеді. Өйткені қай өлең-жырын алсаңыз да, туындының тоқ етер түйінінде үгіт-насихат өнегесінің өркенді үлгісі жатады. Оқырманын лирикалық кейіпкердің толғанысымен таныстыра, хабардар ете отырып, әр шумақтың соңғы екі тармағында айтпақ ой-идеясын тамыздықтатып өтеді.

Ақынның көңіл-күймен байланысты өлеңдерінің бір сыпырасы өткен өмірдің, яки соның ішінде балалық шақпен қатысты боп келеді. Есейген шақта балалық бал дәуреннің есте қалған солғын суреттерін автор көңіл экранынан қайта өткізіп, оған жан бітіріп, тірілтіп отырады. Оқырманына еріксіз әсер етіп, сол бір қиын дәуірдің кейбір елестеріне шолу жүргізген туындыларда («Шыбық аттан...», «Ақ ниет», «Қарыз», «Сенім», т.б.) автордың ішкі сезім сыры, адами көзқарасы, өткенге барлау мен пайымдау сияқты ұғымдар лирикалық бейне бойына жинақталған. Бұл жырлардың мазмұн-жүйесі оқушысына шуақ сыйлар, ойландырар, тәлімдік ықпалы зор шумақтармен көмкерілген.

Тұрды әлем нәрестенің тыңдап әнін,
Сәбилік бесігінде – інгәладым.
Еңбектеп, одан кейін жар жағалап,
Төсінде тәй-тәй тұрдым бұл даланың

Қайда да қарсы алдымнан шығып ақ таң,
Болған жоқ дұшпанымда бұғып атқан.
Өмірдің өзі ұсынды әліппені,
Ақырын аударып ап шыбық аттан [34, 9-б.]
(«Шыбық аттан»)

Өлең жайлы шуақ лиризмге тұнған пафоста оқылады. Лирикалық кейіпкердің үні қазақы, ұлттық рухқа толы, жүрекке жылы тиеді. «Шыбық ат», «жар жағалау», «сәби бесігінде інгәлау», «еңбектеу», «тәй-тәй тұру» сияқты түсінік-ұғымдар тек қана қазақ дейтін халыққа тән символды оралымдар. Жаны қазақ, қаны қазақ боп туылғандар ғана жоғарыдағы метафоралық тіркестердің тереңіне бойлай алады. Қазақтың ғұмыр кешу дағдысына енетін өмірдің балалық шақ сатысынан сүрінбей, құламай өтудің кілтін шағын ой-шумаққа сыйғызған автор: «Өмірдің өзі ұсынды әліппені /Ақырын аударып ап шыбық аттан»деп жартылай аллегориялық тәсілмен береді.

Ақынның «Ақ ниет» аталған өлеңі автор атынан баяндалғанымен бұндай оқиға сол дәуірдің, сол кезеңнің барлық ауыл баласының басынан өткен жағдай деп қабылдауға болады. Өмірдің ауыртпалығына қарсы тұрып, ауыр соқпақты, қиын жолды бастан өткерген кейіпкердің санасында өткен

кезең суреттері ұзақ сақталған жайы бар. Ниеті ақ, пейілі мол, құшағы кең жанның қамқоршыл көңілінде еш бөтен ой жоқ, ақжарма мінезбен ағынан ақтарылады.

Аязға қызылшұнақ қарамай-ақ,
Кезінде біздер жүрдік жалаң аяқ.
Жүдеу өң, жүзі сынық бала көрсем,
Бұл күнде шын көңілмен қалам аяп [34, 9-б.]
(«Ақ ниет»)

Аяушылық сезімді бастан өткізген кейіпкердің санасынан өткен өмірінің келеңсіз суреттері тізбектеліп өтуде. Өзі көрген қиындықты кейінгі жас толқынның кешуін қаламаған оның ақ тілегінің қабыл болғанын қалайсыз, әрине. Құшағы айқара ашылған жанның қорған болу көңілінде ешбір дық жоқ. Өйткені ол аталған қиындықтардың көзі тірі куәсі. Жас буынға әрдайым қамқорлық танытпақ, араша түспек ойын, мақсат-мұратын, айқын жоспарын жария етіп толғанды.

Қоңсы боп қона алмаймын өктемдікпен,
Іздеймін орнымды мен тек теңдіктен.
Ешкімге әлсіздерді қорлатпаймын,
Барлығы өз басымнан өткендіктен.

Әлсіздерге араша тұру, өктемдікпен күресу, тепе-теңдік үшін белсенді қимыл таныту – лирикалық кейіпкердің адами борышы, алға қойған басты мақсаты.

Жүрегім арай күнге ұсады да,
Кернелді көкірегім күш-ағынға.
Әлемнің бар ақ ниет адамдары
Сыйып-ақ кететіндей құшағыма.

Бірдің немесе екінің емес, тұтас әлемнің ақ ниет адамдарын құшағына алуға әзір кейіпкердің романтикалық арманының түп негізі әріде жатқан сыңайлы. Туынды түйінінде ақынның гуманитарлық көзқарасы, адами, имани борышқа адалдығы танылады.

Жоғарыда берілген туындымен тақырыптас өлеңнің бірі «Қарыз» аталыпты. Парыз бен қарыз туралы түсініктер әу бастан-ақ қазақ ұғымында бар нәрселер. Өйткені халқымыз өз ұрпағына тал бесіктен бастап жер бесікке дейінгі аралықта әр азаматтың бойында болуы тиісті қарыз-борышын, парыз-міндетін насихаттап өткен. Айталық, өзіңді дүниеге әкелген ата-анаңа қарыздарсың, туған жер, өскен өлкеңе қарыздарсың, Отан алдындағы азаматтық борышың, тәлім-тәрбие, білім берген мектебің, ұстазың т.с.с. жеке адам дамуының, өсіп-жетілуінің сатыларында рухани сенімге ие, шоғырлы тізбектерге толы қарыз бен парыздың түрлері мейлінше бай және мол. Сол көп қарызды автор былайша жырға қосқан:

Ұнады ма алғашқы қадамдарым,
Ақ тілеу тіледіндер маған бәрің,
Талабыма өздерің тай мінгізген,
Айналайын, ауылымның адамдары.

Тегеуріні, төзімі көпке шыдар,
Бір қарысқа жүз жылда өскен шынар...
Жеміс теріп бақшамнан жегізгенше,
Мүмкін, біраз жыл зулап өткен шығар [34, 44-б.]
(«Қарыз»)

Әрине, ауылдас ағайынның «Талабыңа нұр жаусың!»-деп шығарып салған ақ тілек, пейіл-ниеттерін автор ұмыта қоймаған. Ел ішінің қадыр-құрметін (тай мінгізу т.б.) де бағалай біледі. Алайда уақыттың ықпалына бағынған пенденің келер күннен күтері көп. Қалайда жүрегіне жақын адамдарға қуаныш сыйлауға асық. Ауылдас жерлестеріне өз бақшасынан жеміс жегізуді арман еткен кейіпкердің болашақтағы мұрат-мақсаты айқын, ол оны жария етуге асығады.

Жиі-жиі түсіме енесіндер,
(Үсті-үстіне ақ бата бересіңдер).
Айлық жерге ат қосқан атбегідей,
Менен үміт әлі үзбей келесіндер.

Азаматпын – түсінем парызымды,
(Жүйрігіңнің енді-енді қаны қызды).
Сенім деген қарыз ғой – келемін мен
Қайтарам деп қайтсем де қарызымды.

Ақ ниет, қош көңілмен толғанған кейіпкердің монологында ауыл-аймағына, оның адамдарына деген шынайы құрметі жатыр. Азаматтықпарызын тереңнен түсінген автордың кейіпкерін сөйлетудегі әдіс-тәсілі шанымды һәм шынайы шыққан. Жалпы автор мен лирикалық кейіпкердің арасындағы қарым-қатынас туралы лириканы зерттеуші ғалымдар пікірінде әр түрлі көзқарастар бар. Лириканың табиғатындағы, кейіпкерлер әлеміндегі ішкі сезім көріністері автордың ойымен, яки ақынның таным-түсінігімен сыртқа шығып, оқырманына жетіп жатса, ондағы оқиғалардың баршасын өлең иесінің бастан кешкені деп ұғынбаған жөн.

Сонымен қатар, авторлық «менді» лирикалық «менмен» шатастырмай танып-білуді ғалымдар да өз зерттеулерінде атап көрсетіп, үлгі-нұсқасын ұсынады. Әдебиеттанушы ғалым, сөз өнерінің бапкері, академик З. Қабдолов: «Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамаға айналып, ақын мен оқырманның көңіл күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді» [53, 435-б.]-деп түсінік берсе, орыс әдебиеттанушысы, ф.ғ.д, профессор Л.И. Тимофеев: «Понятие лирического героя широко распространилось в нашей критике, хотя еще не имеет своего четкого, общепринятого, однозначного определения» [54, с. 253.]- деп лирикалық кейіпкер тұлғасының бітім-болмысын танып-білуде әлі де болса айқындалмаған тұстардың бар екендігіналға тартады.

Қалай болғанда да лирикалық кейіпкер мен автордың айтпақ ой-идеясын оқырманға түсіндіріп-жеткізуде бүгінгі әдебиеттануда әлі де толық шешімін таппаған мәселелердің бар екендігінде ашып айтқан жөн. Ғылым талас бар жерде дамиды деген қағидаға ден қойсақ, лирикадағы тақырып пен идеяның, ондағы кейіпкерлер жүйесінің даму заңдылықтары туралы мәселелер уақыт ағымына сай өзектілігін жоймай күрделене берері анық.

А. Нәріковтың «Сенім» аталған туындысы өз оқырманын сенімге жетелейтін, үлкен үміт күтгіретін әдіпте жазылған. Сенімнің биік шыңына көтерілуді арман еткен лирикалық бейненің алдағы мұрат-мақсаты талайғы, көптен күткен сенім үддесінен шығуды талап қылады.

Бұл кезде таңым нұрлы, түнім айлы.
Мөлдірмін хрустальдай-шыныдай бір.
Жыр жазып жүрмін қазір жасыл бақ пен
Бал көмей бұлбұлдардың үні жайлы.

Бас шұлғып әркімге бір жағына алман,
Күтіп тұр, арман, тілек, бағым алдан.
Жан емен жеңіл тұрмыс іздейтұғын
Кездесе оңай олжа қағып алған [34, 45-б.]

(«Сенім»)

Алдағы күндеріне, болашағына, арманды мезеттеріне қол созған кейіпкердің көңіл күйінде мықты да берік сенім бар. Көңілінің тазалығын хрустальдай шыныға теңей отырып, келер күннен жақсылық күту – әрине жақсылықтың нышаны. Жасыл бақ, ашықаспан, бал көмей бұлбұлдар туралы жыр жазу да романтикаға бастар жол. Жеңілден қашып, ауырдың артынан ерген ақын-кейіпкердің көздейтіні – оңай олжаға кенелу емес, неде болса ауыр еңбекпен, адал қызметпен ұштасқан биік тұғырға көтерілу. Лирикалық бейнетұрпатында әркімге бас шұлғып, жағыну сияқты жағымсыз қылықтардан аулақ болу сияқты тәкәппар мінездің де барлығы байқалады. Өзіне өзі сенімді, нық көңілмен шабыттана жырлаған ақынның ой-қимылында батылдық басым.

Келгем жоқ бұл дүниеге бекерге мен,
Өмірден қалғып-мүлгіп өтер деме.
Қаратау қыранындай кектене ұшып,
Жетіп бір жығылармын, жетер жерге
-депның сеніммен жырлайды.

Ақынның «Ой мен Сой» кітабына (2012) көңіл күй лирикасы «Жүректегі жазулар» [55, 7-б.] деген рубрикамен енген. Бұндағы «Ойлану», «Ашыну», «Түңілу», «Сырласу», «Тежелу», «Мұндау», «Тебірену», «Сағыну», «Өзгеру», «Кіжіну», «Өкіну» т.б. туындылар аталымынан аңғарылғандай көңіл-күйлік сипатты иеленіп, сырлы, мұңлы жырға айналған. Әр өлеңнің өрімінде автордың ойлы образбен сомдалған лирикалық кейіпкерінің бітім-болмысы жасақталған. Шағын шумақтардан тұратын бұл өлең-жырлардың астарында жеке адам өміріндегі қуанышты сәттермен қатар

егіз өретін көлеңкелі мезеттердің болатындығы, жақсы мен жаманның тайталасқан, мейірімділік пен қатігездіктің қоңсылас қонған т.б. көңіл-күйдің алуан толқынысы сыртқа шығып, жыр болып төгілген. Қашан да көңіл-күй бір қалыпта тұрмайды. Ол - адам мінезіндегі қозғалмалы құбылыс. Бірде көл, бірде шөл боп ауысып тұратын жеке бас қарекетіндегі көңіл-күй ауаны қандай болса, лирикада да сол тәрізді кейіпкерлер образы әр қилы жағдайда өмірге келіп жатады. Ал оны сомдап, тірілтіп өмірге, жарыққа әкелу - ақын шеберлігіне қатысты болса, түпкі негізі - ақындық өнердің, рухани дүниенің жаратылыс-болмысынан туындап жатады.

Ақын А. Нәріковтың жылдар өте келе, сақайып, толысқан шағында жазған жырларында бұрынғы жастықшақтың, романтикалық толғаныстың ауылынаналыстап, байсалды, сыни көзқарасқа толы туындыларды дүниеге келтіргенін байқаймыз. Қоғамдықөзгерістерге, қоршаған орта мен заманның сазына қатысты жырларда философиялық үн басым.«Ойлану» - қазақжұртының бастан кешкен тарихына қатысты қоғам жайлы толғаныстан тұрады. Елеске елтіген ел-жұрттың жетпіс жыл бойы құр алданып, қу көлеңкені қуалапжүріп, ата жолынан безген хикаятын шағын шумақтарға сыйғыза саралаған.

Бабалар бағытымен өскен едік,
Әкетті кімдер бізді көштен бөліп?
Арандап қалдық екен қалай ғана,
Елеске құн-пұлы жоқ бес теңгелік [43, 9-б.]
(«Ойлану»)

Бірдің емес, мыңның атынан сөз алған ақынның лирикалық кейіпкері сол дәуірдің келеңсіз тұстарын, жалған елеске елітіп дәстүрлі салт-дәстүрімізден айырылып қала жаздаған көпке ортақ, баршаға белгілі жайттарды жырға қосады. Ұрандатқыш қиқу мен дүмпудің елімізге, жалпы қазаққа ешбір пайда әкелмегенін қарапайым тілде түсіндіреді.

Жайына Құдай қалып, Құран қалып,
Кеңірдек қызарғанша ұрандадық.
«Алды-жөн адасқанның, арты-соқпақ»,
Жүрдік-ау жетпіс жылдай құр алданып.

Бәрімізге таныс мұң, ортақ қайғы - ақынның айтып тұрғаны. «Көппен көрген-ұлы той» десек те, өткен қоғамның селкеу тұстарын айтуды автор өзіне міндет санаған. Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген азат ойымызды кір шалмасын деген мақсатта жазылған жырдың өзегінде «Өзіміз тойлай алмай тойымызды, / Билеттік бір үрейге бойымызды» деген өкініш-кінә сызы жатырғанын аңдаймыз. Елім деп еңіреген ерлердің талайының ізгі арманыболған тәуелсіздіктің«Жат жұртқа жауыққандай көрінді ғой, / Елім деп еңіреген ойың ізгі»-деген тіркестердің елдік ұранын көтерген ерлердің есімін еріксіз еске оралтады.

Алайда автор тәуелсіз ел ұрпақтарының жанарынан от өрілсе де «Әйтсе де сыбағаға сақ болайық, / «Қырғилар» андып жүрген, кетер іліп...» деп сақтандыруды да ұмытпайды. Ойлану, өткенге көз жүгірту – көпті көрген

жанның мазасыздануына лайық мінез-құлық десек керек-ті. Өйткені лирикалық кейіпкер ойлануында: «Бір самал- үміт атты лебімен, / Кір шалған көңілімді тазалайды»-деген жұбанышқа толы оралу сезімдерінің көңіл-күйлік сәулесі жылтырайды.

Жоғарыдағы талданған «Ойлану» өлеңінде ақын елдік, қоғамдық мәселелерді тілге тиек етіп, тәуелсіз ел ұрпағының намысын қайраса, «Ашыну», «Түңілу» аталған туындыларында әркімнің басында, жеке өмірінде болатын жекелеген жәйттердің лирикалық бейне ғұмырында қалайша өрбитінін алдымызға жайып салады.

Жігіттер, немене боп барады өзі,
Ақиып араздықтың ала көзі.
Жаныңа жаман пиғыл жоламайтын,
Адамның жақсы екен ғой бала кезі.

Қалса да дала қараң, қала қараң,
Адалы, арамына қарамаған.
«Жау шапса әкең ауылын, бірге шап» деп,
Мақсаты тойымсыздың «алам», «алам» [43,10-б.]
(«Ашыну»)

Бұл енді елді жаппай жайлаған жемқорлықпен күрестің өлең сөздегі көрінісі. Қоғамды жайлаған індеттің алдын қалай алуға болады?! Автор соған ашына мәселе көтеріп отыр. Тойымсыз тоғышарларды қалай тоқтатқан жөн?! «Жігіттер»,- дей отырып ел-жұртымен ақылдасады. Бәрін көріп, біліп отырып, үндемей қалуды қорлық санаған кейіпкер бір сәт жаныңа жаман пиғыл жоламайтын, еш нәрседен хабарсыз, беймәлім өмір сүрген «адамның жақсы екен ғой бала кезі» деп те өткенді аңсайды кеп.

Жан-жақтан ауық-ауық шу шығады,
«Ауруды» емдемесе ушығады.
Ағаны тыңдайтұғын інілер жоқ,
Жігерін құм боп іште тұншығады.

Ақын-лирик дұрыс айтады. Ауруды емдеу керек, аурудың алдын алған жөн. Аға буын ақыл айтып, қоғамды жаман әдеттен сақтандыруды, ондай жемқорлық ауруынан айығуды ескертуде, алайда «Ағаны тыңдайтын інілер жоқ». Жігері құм болған автордың:

Әрқайсы сайқал мінез сайлап алып,
Кеткен бе төңірегім айла бағып.
Абайдай айдалаға қашсам ба екен,
Оңамын бірақ, бірақ қайда барып?..

-деп торығуының да, ашынуының да осылайша себеп-салдары бар. Ұлы Абайдың мұңымен («Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» немесе «Сегіз аяқ» т.б.) үндес, алайда заманы бөлек кейіпкердің толғанысында да сол ұлы шайыр өмір сүрген дәуірмен сабақтасып жатқанын бағамдаймыз. Заман халіне, оның келеңсіз суреттеріне жаны ашып күйзелген кейіпкердің «Досың да сыр ашпайды ақтарыла, / Қараны қара демеу, аққа күнә» деген

толғанысына, жан айқайына түсіністікпен қараған жөн. Өзі өмір сүріп, нанын жеп, суын ішіп отырған дәуірдің бүгінгі сиқына көңілі толмаған лирикалық бейне ашуын ақылға жендіре отырып «Түсетін таразыға кезі келер, / Дүрсініп жүргендердің шақта мына!»-деп аяқтайды өз ойын.

«Түңілу»- бүгінгінің айнымалы мінезді, екі сөзді, өзіндік бет-бағдары жоқ, жылпос, айлалы, қу, адамсымақ пенделерді сынап, айыптап көрсететін өлең. Ондай қулар қай кезде де болған десек те, ақынның қазіргі қоғамдағы ұнамсыз типтерден жиренуінің өзіндік себептері де жоқ емес тәрізді. Бұндай типтерден түңілу арқылы да тәрбиелеуге болатындығын өлең-жырдағы мысалдар айқындап тұр. Мәселен:

Жеңілтек бойжеткендей жырпылдаған,
Замана, ұнамайды құлқың маған.
Мінезі адамдардың айнымалы,
Жүзіндей ұстараның қылпылдаған.

Біреуді қинап жатыр қимастары,
Біреуді сатып кетіп сыйластары.
Бұл күнде Жантықтардың жолы боп тұр,
Ойының түзуі жоқ, қиғаш бәрі [43,11-б.]

(«Түңілу»)

-деп келетін шумақтардан бізді қоршаған ортада да айнымалы мінезді адамдардың аз еместігіне куә бола түсеміз. «Көзімен де, сөзімен де «іреп» тұратын, сүрініп кеткенінді тілеп тұратын, жөңкіген жәдігөйлер қайдан шықты» деп таңғалған бейне санасында: «Болады кімге пана, тірек бұлар» деген ой қоса жүреді. Қоғамның әлсіз тұсын өз мақсат-мүдделеріне пайдаланып қалуға тырысқан олардың ұнамсыз характерін автор өз көзқарасы тұрғысынан алып суреттейді.

Ептілер қатар түзеп, сап құрады,
(Әрине түбінде бір алдырады...)
Өмірдің күнгеі жағын қалап тұрсаң,
Көлеңке көңілінді қалдырады.

Заман сықпытынан түңілген кейіпкердің жақсы мен жаманды табыстыратын абыздар (яки ақындар, бүгінгі күн түсінігінде) деуінің де жаны бар. Жамандықты алыс қылатын да абыздар деуінде де мәні бар. Автор ұғымында: «Азайса ақылмандар пейіл азып, / Қосшысын басшысымен алыстырар...»-деген пікірімен еріксіз келісесіз. Қай кезеңде де қоғамның лайықты дамуының аяқ алысын қадағалап отыратын дуалы ауызды абыздары болған. Сол дәстүрді автор еске түсіріп өтеді және соған лайық жанашырлық толғаныспен сыр шертеді.

Сезімім көз ілмейді, түн қатады,
Ойларым тұңғыыққа шым батады.
Келеңсіз құбылыстар жанымды жеп,
Жалаңаш жүрегімді сыздатады.

Ақынның шығармашылық есебі сынды оқылатын екі өлеңі бар. Оның біріншісі – «Сырласу». Атынан аңғарылғандай оқырманымен еркін сырласып, ақтарылып, қарапайым көңілмен дидарласады. Өлең жеңіл оқылады. Өз тірлігіне риза, артық мақтансудан ада, еңбектің қара торысы сындыкүйі бар шайырдың ақ адал ниетпен өзімсіне сыр ақтаруы оқырман жүрегіне жылы тиеді. Өмірлік ұстаным-мұратын шағын лирикалық шумақтарға еркін сыйғызған ақынның толғаныс-жырындаадами, гумандық сипат басым.

Ақжүрепін, емеспін «алақашпа»,
Жүрген жоқпын пайда іздеп қара басқа.
Өмір бойы өлең деп елеңдедім,
Атым бірақ жетпеді бір Алашқа.

Жақсы ісімді зәредей өсім қылып,
Жан емеспін жасаған тосын қылық.
Жалт қаратар жалпыны еңбегім жоқ,
Мақтанбаймын сондықтан төсімді ұрып [43, 13-б.]
(«Сырласу»)

-деп ағынан жарылады автор. Сырласа отырып ақталғандай оқылатын өлеңнің өрімінде ақынның кішігірім шығармашылық есебі жатқандай. Жеке қара бас пайдасынан аулақ, өмірінің бақытын адал еңбектен тапқан жанның өлең сөзге адалдығында шек жоқ. Жақсы істерін жариялап, өсіріп айтудан, өркенірек мақтаншақтықтан ада кейіпкердің өмір тауқыметінен тартқан азабы да жоқ емес. Өмірде тақтайдай тегіс жол жоқ десек, лирикалық бейненің бұралаң жолда көрген азабы да бар екен. Жүрек түкпірінде тұншыққан тарихи із қатпарын ақтарған ақын терең тебіреніске түседі.

Өскен өркен емеспін саядағы,
Тағдыр мені сынады, аямады.
Жел өтінде жүріп-ақ ержеттім мен,
Пендесіне жазымыштың бай амалы.

Ойшылдықты әр күнім енші қыпты,
Берер-бермес замана кеңшілікті.
Зая кеткен уақыт ашындырып,
Бітпеген іс біткенді кемсініп тұр....

-деп толғанады автор. Өткенге өкіну – барлық пенденің басында болатұғын құбылыс десек те, бұл жерде ақындық өнер адамының жазар жырының жайын ойлап, орындалмаған арманының бітпеген іске тірелуінің мән-жайын түсіне білген абзал. Тағдырдың тезіне төтеп берудің не екенін, оның дәмін татқан білсе керек. Көзінен бұл-бұл ұшқан құлын күнін аңсаған пенде қазір өзін «өмір көрген мен қазір жырындымын»-деп әсіре көңілмен әспеттейді. Ал шынына келгенде тіпті де олай емес. «Жырынды» сөзі қазақта түрлі мағынада қолданылады, автор бұл жерде өлеңдегі ой өзегін діттеген жеріне дәл жеткізу мақсатында қолданған болса керек. «Қазақ тілінің түсіндірме

сөздігіне» үнілсек, «жырынды» сөзіне төмендегідей түсініктеме береді: «Жырынды. Көпті көрген қу, айлакер»[56, 336-б.] - десе, екінші бір сөздікте: «Жырынды - сын.Көп істі басынан кешірген, сұңғыла адам» - деп түсінік береді [57, 223-б.].

Олай болса ақынның «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», / Сөздерінің бәрі рас бұрынғының»-деген тұжырымымен келісеріміз анық. Өткеннің оралмасы белгілі бола тұра, лирикалық кейіпкер іштегі сыр-мұңынан әбден арылып барып, сабырлы қалыпқа түседі. Дархан дала мінезіне тән ұланның бірі ретінде байсалды ой-түйінін парасатты жырға айналдырған.

Бесік болған әкеме, анама да,
Сол баяғы қалпында дана Дала.
Салалайды саусақпен бұрыл шашын,
Өткенді ойлап кешегі қара бала!

«Тежелу» аталған өлең - жоғарыда талданған туындымен сабақтасып жатқандай. Барлық ісін жиып қойып, өлең жазудың орнына, өз ой-сөзімен айтқанда, негізгі ісі кейінге қалған көңіл күй әуенін ақын «Тежелу» атаса керек. Алаңсыз ырғалып жүргенінде жазылмаған жырды налытқанына ақын өкінішпен қарайды. Арман-мақсаттың алаңсыз орындалуына кедергі жайттердің біразын тілге тиек еткен автор:

Жұрт қатарлы тұрмысым да, күйімде,
Қонақ қаптап жатады әркез үйімде.
Келген жандар риза боп кеткенмен,
Негізгі ісім қалып жатыр кейінге.

Жапырағын жайқалтар ма бұтағым,
Өткен шақты қуып қалай ұтамын?
Ортайғандай оқырмандар көңілі,
Көптен бері шықпай кетіп кітабым [43, 13-б.]

(«Тежелу»)

-деп ақтарыла, ақтала жырлайды. Әйтсе де ақын көңілінің бір қиырында өткен шақты қалай қуып жетем деген үміт те жоқ емес. Екінші ойы – ел-жұртқа, оқырманға пайдасы жоқ жыр жазғанша, яки сан қуалай бермей, сапаға көңіл бөлудің өзі дұрыс қой дегенде парасатты пайым жатыр. Оқырманынан кешірім өтілгендей, жақсы жырдың қасиетін бағалағандай дәрежеде көрінген сипатта өрнектелген өлеңде ақынның алдына қойған биік мақсаты айқындалған. Тежелген көңілін түрлі себептермен ақтап алуға тырысқан автордың айтары:

Басқаша бір сыр байқатып замана,
Жанымызды қуырып тұр табада...
Жылтырақ жыр жазып неге жетісем,
Пайдасы жоқ болса қала-далама!

Сұсты күндер тұр қаруын кезеніп,
Күдік-күмән жатыр іште тез өніп.

Тудыра алмай өзекті өртер өлеңді,
Өз-өзімнен жүрмін қазір тежеліп.

Тежелудің негізгі бар себеп-салдарын түсіндіріп шыққан кейіпкердің күмәнді көңілінің астарында өзекті өртер өлең тудыру сияқты арман-қиялы жатқанын аңғаруға болады. Оқырманын елең еткізер, ел-жұртқа ұнайтындай жыр-жақұтын тудыруды арман жанның тежелу өлеңінде оның оқырманға шағыну сыры жатқандай сезіледі. Сонымен бірге өзінің жыр әлемінде көптен көрінбей кеткеніне ұялу, қымсыну сынды ар-ұят белгілерін бәрінен жоғары қоятындығы да байқалады. Өлеңде уәде мен үміттің, талпыныс пен ұтылыстың, қажыр мен қайраттың әлсіз де болса сәулесі жылтырайды. Өзіне бек сенген автордың алар асуын түбінде бір бағындырарына толық сенгендейміз.

Ақынның ауыр жағдаятты бастан кешкен ахуалын баян еткен өлеңі «Мұңдану» аталыныпты. Бұл туындыдағы бас кейіпкер ақынның өзі. Өзінің жеке басынан өткен оқиғаны оқырманына мұңлы жыр қалпында жеткізген. Ұлынан қапылыста айырылған кейіпкердің жан азасына айналған қайғысы сыр боп ақтарылады. Өлеңді тебіренбей оқу мүмкін емес.

Арқалаумен келем әлі күйікті,
Ауыр салмақ жаншып жатыр иықты.
Қимасынды қалайды екен бұл Құдай,
Алады екен адамынды сүйікті.

Ұлым менің, неге мұнша асықтың,
Өрлеп тұрған көңілімді жасыттың.
Қартайғанша неге күте тұрмайды,
Бұл ажалдан құтылады қашып кім? [43, 14-б.]

(«Мұңдану»)

Осылайша мұңлы көңілмен толғанған ақынның ет жүрегі езіле жырлауында бір мезет өзін-өзі жұбату, көпке қарата сырын ақтара отырып, ішке қатқан мұң-шерінен арылғандай болады. Төте келген ажалдан ешкімнің де құтыла алмасы анық десек те, көңіл шіркін қимайды жамандыққа белден шыққан ұл баласын. Мұңлы жанның қайғы-шерінде ұлының пәнидегі жақсы қасиеттері аталып, болған істі сабырлылықпен көтеруге, төзімділік танытуға ұмтылады.

Сабырлылық сақтағым-ақ келеді,
(Төзімімнің болар емес төлемі).
Орындалмас армандарың жанды жеп,
Түнгі ұйқымды төртке жиі бөледі.

Бала кезден шығып еді жақсы атың,
Биік еді алға қойған мақсатың.
Көз тиді ме, сөз тиді ме өзіңе,
Алла ала ма, көңіліне жақса кім?

Жаралы жүректің азалы жырында бақилық болған ұлдың бала кезден жақсы атқа ие болуы, алдына биік мақсат қоюшылығы, елінің еңселі азаматы бола аларлық қасиеті, әкенің баласына деген зор махаббаты зор толғаныс үстінде көрінеді. Келмеске кеткен жанның барлық жақсы қасиет-қырлары көңіл таразысынан өтіп, мұңлы пенде тағдырдың жазғанымен келісіп, мойын ұсынғындай болады.

Зор болашақ күтіп едім ұлымнан,
Гүлім болды ол тым ертелеу жұлынған.
«Жақсы адамның қысқа болар ғұмыры»,
Деген сөз бар келе жатқан бұрыннан.

Көңіл күйдің қаймағын бұзбай реалды көрсетудің шебері ақын А. Нәріковтің қаламынан туған дүниелердің тағы бір ерекшелігі- оның лирикалық кейіпкерлерінің бойында қарапайымдылық басым. Олардың өмірдегі бейнесін автор боямаламай, өз көзқарас ұстанымының шеңберінде алып бейнелейді. Сол қарапайымдылық, барға қанағатшылдық, барға риза дархан көңіл ақын кейіпкерлерінің типтік бейнесін тудыруға себеп болғандай. Жоғарыда талданған өлең-жырлардағы ақындық «мен» атынан көрініптүрғандай мұң-сырын ақтарып отырған бейне тек қана автордың өз басынан кешкен оқиғаларға тән болса, кей тұстардағы лирикалық «мен» көпшілікке мәлім өмірде бар және болатұғын құбылысқа тән ортақ кейіпкер боп танылады.

А. Нәріков - жалпы жұртқа көзтаным, өмірде болып тұратын оқиғалардың бел ортасынан табылып, өзінің ішкі сезім-сырын бүкпесіз жариялап отыратын лирикалық кейіпкерлердің тілінде ой тасқынын ағытудың шебері. Бірден үлкеннің, бірде жастың көңіл күй әуенін ақын өз басынан кешкен сынды бірінші жақтан (мен) сөйлеп сыр шашқанмен, шындығына келгенде ол көптің атынан толғанып отыр деп түсінген абзал.

Лирика табиғатын зерттеуші ғалымдар пайымына ден қойсақ, лирикалық кейіпкер тұлғасының жасалуында әр қилы көзқарастардың болатындығын аңғаруға болады. Мәселен, «Лирический герой – это художественный образ в системе других образов, сочетающий индивидуальное и типическое, характерное и общее, это образ поэта в лирике, родственный, но не тождественный ему, как не могут быть тождественны художественный образ в искусстве и его прототипы в жизни» [58, 46-с.] - дейді өткен ғасырдың 60-70 жылдар лирикасын зерттеуші ғалым А. Михайлов.

Әдебиет сыншысы Нәм зерттеушісі Ә. Бөпежанова: «Лирикалық қаһарман негізінен ақынның өз болмысынан туындайды. Ал ақын неғұрлымкүшті болса, соғұрлым диапазоны кең, лирикалық қаһармандарының рухани өмірі, жан-дүниесі де күрделі» [59, 206-б.] – дейді.

Лирик ақын А.Нәріковтің сақа жасқа келіп, байсал тартқан кейіпкерінің ішкі сезім сырын шерткен өлеңі – «Тебірену» аталады. Базардан қайтқан (өмір, ғұмыр базары) адамның екі сөзінің бірі «баяғыда» деп келетіні белгілі.

Зулап өткен жастың дәуренін аңсаған кейіпкер өткен күндерін сағына еске алады, қимас шақтары да мол.

Өмір қызық үміті, арманымен
Жетелеуден тыңбайды алға кілең.
Жігіттіктің семсерін алға сүйеп,
Осынау жас келіп те қалған білем.

Екі сөздің біреуі «баяғыда»,
Өткен жылдар ұқсайды жай оғына
Бірте-бірте байқатпай түсіп жатыр,
Кәріліктің тұсауы аяғыма [43, 15-б.].

(«Тебірену»)

Осы жолдардағы «жігіттіктің семсерін жарға сүйеу», «кәріліктің тұсауы» сынды тіркестер көркемдегіш құрал қызметін атқарып туындыға әр беріп тұр. Өткен жылдардың жай оғына ұқсауы да метофралық әдістің бір түріне жатады. Аталған тіркестердің сәтті қолданысы арқылы лирикалық кейіпкердің жай-күйін терең түсінеміз. Өлең өзегіне тереңдей енсек, лирикалық бейненің өз-өзіне мінездеме беріп жатқандай, өзге жұртқа есебін беріп жатқандай жай толқынысына кезігеміз.

Жас кезде де көргем жоқ желігіп тым,
Алыс қондым ауылынан серіліктің.
Бойыма шақ жүгімді иыққа артып,
Бір мақсаттың жолына беріліппін

-дейді алдына қойған мақсат-байлауына берік тұлға. Одан әрі көңіл күй әуені бір мезет философиялық толғанысқа ауысады. Өмірдің ащы-тұщысын бірдей тартқан кейіпкер бірте-бірте ақылман абызға айналып, үлгі етерлік өнегелі ойларға ауысады. Көңіл толқынының көкжиегінен сыни көзқарастың да қоңыр салқынлебі еседі. Қарапайым, алайда арман-мұраты бәрінен де биік, ұстанымы айқын лирикалық бейне тебіренісінен шынайылықтың жарқын үлгісі қол бұлғайды. Елден ерекше көрінуге ар-ұяты шілтер болған кейіпкердің қарапайымдылығы өлеңнің идеялық тәлімінің беріктігін мәлім ете айғақтайды.

Бұл өмірдің өрі бар, еңісі бар,
Ер жігітті қашан да елі сынар.
Әлдегімдей бәлденген жан емеспін,
О бастан-ақ ойының өрісі тар.

Лирикалық бейне мен авторлық ұстанымның ара жігін ажыратып, айырмай-ақ, өлеңнің идеялық мақсатының орындалу барысына көз жүгіртсек, ақынның айтпақ ойы айқын, шешімі тұрлаулы.

Армандаман шықсам деп дара шыңға,
Көппен бірге жетермін қарасынға.
Себебі, мен туғаннан келем өсіп,
Қарапайым адамдар арасында.

Айтқали Нәріков ақындығының басты ерекшеліктерін танытатын кітабының бірі - «Мен - майдангер ұлымын» [41] деп аталады.

Иә, ол – майдангердің ұлы. Оны мақтанышпен жар салып, ұрандай айтуы да орынды саналмақ. Әкесі ҰлыОтан соғысынан оралмаған ақын-журналистің бұл кітабының атауынан-ақ соғыс жылдары балаларының бастан кешкен тағдыр-тауқыметі көз алдымызға елестей бастайды. Кітап мазмұны үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге өлеңдер, екінші бөлімге очерктер, үшінші бөлімге мақалалар топтастырылған. Біздің зерттеу нысанамыз – лирика жанры болуы себепті, ақынның өлең-жырларының ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санадық.

Лирикалық туындының жазылу техникасын бір кісідей шебер меңгерген ақындар сапында А. Нәріков те бар. Әсіресе көңіл-күй, азаматтық лириканың тақырыптық тұтастығын бұзбай, бірімен-бірін сабақтастыра жырлайтын қаламгердің жыр-маржанында үлкен ақындық шеберліктің нәші жатыр. Соғыста мерт болған әкесіне деген сағынышын «Әке» деген жырмен өрнектеген ақын:

Алға қарай басып келем нық қадам,
Дауылдарға арқа тосып ықтаман.
Әке, өзің от кешуге кеткенде,
Сәби екем, қырқынан да шықпаған.

Ол жылдардың біліп-өстім мән-жайын,
(Жүректе жыр, көмейімде ән дайын)
Бір сипар деп сенің алақаныңды,
Аңсап келе жатыр әлі маңдайым [41, 19-б.]
(«Әке»)

-деп жырлайды. Ақын тек қана өз басынан өткен тағдырды ғана емес, өзіне ұқсаған ондаған (тіпті ол жүз де болуы мүмкін) жартылай жетім жандардың жан жарасын қозғайды. Талайлардың балалық бал дәуреніне қамшы сілтеген сол сұрапыл соғыс зардабын еске түсіреді ақын. Әкелерін сұм соғыс жалмаған талайлардың атынан сөз алған лирикалық бейненің айтар зары авторлық менге ұласып, бірте-бірте өсіп, дами келе лирикалық тұлғаны өмірге ап келеді. Арада қанша жыл өтсе де әке аманатына адалдық танытқан әдеби бейненің өсу-толысу жолы жас ұрпақ тәрбиесіне үлгі болғандай.

Берілгем жоқ буына арзан желіктің,
Алға қойған мақсатыма берікпін.
Сұрапылға аттанған сол жылдағы,
Әке сенің жасыңа да келіппін.

Келемін мен еңбек етіп тер төгіп,
Осылайша жақындайды ертеңім.
Тіледің де ұлым аман болсын деп,
Қызыл отқа кеттің өзің өртеніп.

Соғыс лаңының кесірінен әкесіз қалған, жартылай жетім өсіп, жетілген жандардың сезім сырларын ақын өлең тілінде әсерлі баяндайды. Өз басынан кешкен соғыс зардабының қияметіне қарсы тұра білген ақын-кейіпкердің енді өз ұрпақтарының сауалына қайтарар жауабы да оқырманын бей-жай қалдыра алмайды.

Жасыра алман көңілімде мұң барын,
Бір өзің деп үздігумен жүг жаным.
Алып барам соғыс жайлы киноға,
«Атам қайда?» деп сұраса ұлдарым.

Шайқалмайды енді менің тұнығым,
(Сескенгенге сенім деген тың ұғым).
Мәуелі мол шынар болды бұл күнде,
Әке, өзің еккен бір тал шыбығың.

Әке аманатына, ата мұрасына аса зор жауапкершілікпен, аса зор құрметпен қараған лирикалық кейіпкердің арада көп жыл өткеннен соңғы көзқарасы – байыпты, салмақты өсу жолынан өткен көрегенді оң шешім боп көрінеді. Әке шаңырағын шайқалтпай, ата кіндігінен тараған тін мен тамырға жан бітіріп, жапырағын жайған алып шынарды көз алдымызға елестетеді. Әке сеніміне селкеу түсірмей, өзіндік серт сөзін, мәрт мінезін байқатады.

Мен де бағбан, жүре алмаймын найқалып,
(Әке, өзіңе ұқсастығым байқалып),
Күні ертең-ақ ну орман боп кететін,
Шыбықтарым келеді өсіп жайқалып.

Тұла бойға қуат тосып от жүрек,
Шынарларым шыға келер көк тіреп.
...Төңіректі жіті шолып тұрмын мен,
Орманыма өрт түспесін деп тілеп!

Асылдың сынығы боп танылған бейненің әкеге арналған монологынан қазақы тұрпатқа тән тәлім мен тағылым сипаттарын танығандай боламыз. Атадан балаға мирас боп келе жатқан халықтық тәрбиенің, ұлттық болмысқа ғана аян ұлағатты өнегенің бедер-бояуын абайлаймыз. Сұрапыл соғыстың отына өртеніп, туған еліне, отбасы-ошағына оралмаған талай әкелердің рухына арналған бұл туындыны бірдің емес, мыңның атынан айтылған жыр мен сырға тұнған монолог деп қабылдаған абзал болмақ.

Ақын А. Нәріковтың соғыс жылдарындағы тұрмыс-тіршілік тауқыметін бейнелі ұғымға айналдырған туындысының бірі – «Қара сиыр» аталады. Үйелмелі-сүйемелі үш баламен қалған ана мен оның отбасын бейбіт күнге жеткізген қара сиырдың құдіретін ақын шынайы қалпында жеткізеді. Ері соғысқа кетіп, отбасының бүкіл тауқыметін өзі көтерген анаға, аш-жалаңаш қалған бала-шағаға өмірнәрін сүтімен сыйлаған қара сиырға деген құрметін автор былайша жеткізеді:

Әке сері – көмейінде әні бар,

Дейді екен: «Малды қойшы, табылар»
Мал дегенде, қара сиыр болды бір,
Ауламыздан өрген жалғыз жануар.

Жазда өрістен маң-маң басып келетін,
Қыста ықта шөп-шаламды теретін.
Сол жылдары қоңы болмай жүрсе де,
Бір сауғанда бір шелек сүт беретін [41, 20-б.]
(«Қара сиыр»)

Апшыны қуырғансоғыспен қатар келген тапшылық кезеңде бір қасық сүттің бір күндік өмірді ұзартқанын, тесік өкпе, күс табан ананың күн ұзақ жұмыста жүруін, бір-біріне қамқор болған үш баланың қара сиырдың желініне қарап телміруін ақын еш риясыз қалпында суреттейді.

Күрп-күрп еткен сүттің қандай ағысы!
Кіп-кішкентай саусақтары қарысып,
Отыратын он бір жасар әпкеміз.
Қара сиыр бауырына жабысып.

Шаттығы аз, қайғысы көп соғыс кезеңінің сол бір сүргін мезетінен бүтін бір отбасыны алып шыққан жануардың мықтылығын ақын былайша түйіндепті:

Жүрді әкенің жоқтығы өте білініп,
(Келеді деп күбірлейді бір үміт...)
...Біздің өмір бейбіт күнге жетті ғой,
Қара сиыр желініне ілініп.

Соғыс жылдарының баласы боп ғұмыр кешкен жанның айтары қашан да аз болмаса керек. Себебі балалық шақтың көріністері көз алдына қалған кейіпкер санасында ол суреттер көп жылдар өте келе қайта жаңғырып, картина қалпында тізбектеліп жатырғандай.

Жоғарыда сөз болған «Әке», «Қара сиыр» сияқты сұрапыл жыл тақырыбын «Қырық бесінші жыл», «Еске түсірмейікші», «Тыныштықты тілеймін», «Өмірім», «Жазмыш» сынды жырлар толықтыра түседі. Тақырыбы бір болғанымен, деталь-суреттері әр қилы тағдыр иесінің бастан кешкен оқиғасын баяндауға құрылған. Баршаға ортақ қайғылы хал оқиғасын бір лирикалық кейіпкер тұлғасының бойына сыйдырады ақын. Соғыс жылының көңілсіз көрінісін, көңілге селкеу түсіретін шындығын ашып көрсететін «Еске түсірейікші» аталатын өлеңінде ақын:

Батысқа қариялар құлақ түріп,
Сұм соғыс сөндірді сан шырақты үріп.
Бір жесір бір жесірге көңіл айтты,
Қайғыдан өзі егіле жылап тұрып [41, 21-б.]
(«Еске түсірейікші»)

- деп жырлайды. Тұнжыраған дана жүздерді, қасірет көңілге салынған іздерді көріп өскенбаланың есінде қалғаны – мәңгі өшпес, мәңгі ұмытылмас суреттер.

Оқудан кеш қалғанын сезіп кей күн,
(Ол кезде «Әліппе» көп кезікпейтін)
Сандықтан әке хатын алып шығып,
Көз ілмей әпкем таңға ежіктейтін.

Осындай қиыншылықпен келген бейбіт өмірдің бүгінгі күндегі бағамын кетірмеуді автор өтінішете, сын-ескертпе түрінде баян етеді.

Бәрі есте: көзден талай жас парлатып,
Өстікқойқиындыққа жастан қатып.
Пір тұтсақ сол кез дәннің бір түйірін,
Жүрміз-ау қазір нанды аспанға атып

- деп жырлаған ақынның келесі бір аталған тақырыптағы туындысы «Қырық бесінші жыл» деп аталады. Төрт жылға созылған сұрапыл соғыстан аман оралғандарды қарсылап жатқан ел адамдарының жан-күйзелісі лирика тілінде сөйлейді

Түнеріп сол күндерде тұрды аспаным,
(Таяғы тағдырдың ұрмас бәрін).
Қарсы алдым балалармен қатар барып,
Әкемнің жаудан қайтқан құрдастарын.

Мойнына әкенің ұл асылады,
Әке де бақытына бас ұрады.
Шетте тұр шемен көңіл қара бала,
Саусақпен сүртіп қойыпжасын, әне [41, 21-б.]
(«Қырық бесінші жыл»)

Бірдің емес, мыңның басына түскен ауыр қайғыны көппен бірге көтерген жас баланың қасіретін тілмен айтып жеткізу қиын. Ақын әкесі соғыстан оралмаған қара баланың сол сәттегі сорлы халін өлең өрнегімен керемет суретей білген.

Қырық бес! Кетпей қойдың есімнен бір,
(Май тұрды: «Жұла бер, - деп, - төсімнен гүл»)
Өшкені талайлардың қайта жанып,
Тілеуі талайлардың кесілген жыл!

Иә, басқа ұмытылса да соғыс зардабының ұзақ уақыт есте сақталатынын ақын өз туындысында тереңірек таныта түседі. Миллиондардың тағдырын жалмаған сұм соғыстың салған лаңы бүгінгі күнге дейін жетіп, талайлардың жүрегіне жара салып, өз таңбасын қалдырғаны ақиқат.

Жоғарыдағы жырдың заңды жалғасындай оқылатын, лирикалық кейіпкердің толғанысы, жан күйзелісі боп сыр шерткен өлеңнің бірі «Түсіме еніп...» деп аталады. Мұнда да сол оқиға қайталаанады.

Депті әкем аттанарда: «Тыңда, балам,
Сұрапыл соғыс атты сынға барам.
Қош-сау боп, көріскенше қайта айналып,
Тел қозым, талбксікте інгалаған...»

Бұл жайды қариялар айтады көп,
От жылдар тұнығымды шайқады кеп.
Күттім мен мың тоғыз жүз қырық бесте,
«Әкешім елге қашан қайтады», - деп [41, 24-б.]
(«Түсіме еніп...»)

Туындының оқырманға әсерлілігі сол – көз алдымызға жанды суреттер елестей бастайды. Соғыс туралы кино картиналарынан көргеніміз бар, көркем әдебиеттен оқығанымыз бар, әйтеуір соғыс атты кесепаттың сұлбасы, оның бейбіт өмірге тигізген зиянды әрекеттері бірте-бірте көз алдымыздан сырғып өте бастайды.

Күттім мен қара жолдан көзімді алмай,
Май тасыған жүрді арба сезімді алдай.
Кеш болса, жолын бағып тұратынмын,
Үстінде сол арбаның өзің бардай.

Бала көңілі алаң. Әке өліміне сенбейді. Күтуден талмайды. Әкесін күткен бала. Жарын күткен әйел. Баласын күткен ана. Бауырын күткен жан. Міне, соғыс лаңының зардабы, сұм соғыстың жазылмас жарасы. Ылғи бір күтумен өткен ғұмыр. Уақыт - емші дейді. Алайда арада қанша жылдар өтсе де қаһарлы күндер суреті бейкүнә сәби жүректердің есінде мәңгі қалды.

Тұрмыс шат, өмір бұл күн – арайлы айдын,
Келмейді артқа тіпті қарайлағың.
Қан толып қос көзіне соғыс та өтті,
Тағдырын талқан етіп талайлардың.

Өмір-өзен өз ағысымен ағуда. Ол тоқтамайды. Өйткені өмір заңдылығы солай. Тыныштық заман орнады. Әкесіз өскен ұл жетілді. Қарын тоқ, көйлек көп. Әйтсе де лирикалық бейненің көңілі алаң.

Тұрған соң жазмыштың күші келіп,
Сан ардақ сандалды ғой мысы кеміп.
Жан әкем, қазір де сен жүрсің ылғи,
Ақ шашты азамат боп түсіме еніп!

Әкесі соғыстан оралмаған майдангер ұлының өлең-жырларының мазмұн байлығы жинала, жинақтала келе үлкен тақырыпты құрап тұр. Ол – соғыс тақырыбы. Өз басынан өткен балалық дәуреннің оқиғаларын тірілтіп, өлең сөзге айналдырған ақынның баяны сол заманды бастан өткізген соғыс жылдарындағы балалардың ауыр тағдыры боп тарихта қалары анық.

Қай тақырыпты қозғаса да, асықпай барлап барып, қағазға түсіру – ақын А. Нәріковтың жазу мәнерінде әу бастан бар, қалыптасқан дағдысы екен. Бұл туралы Қадыр Мырза Әли былай дейді: «Айтқали сөз өнеріне салғырттықпен қарамай, өлеңдерін ойында ұзақ қорытып, «піскенде» ғана қағазға түсіреді. Топырлатып кітап шығармайды. Аз кітапқа саз өлеңдерді енгізуді мақсат тұтады. Оның қазір қазақ поэзиясында өзіне лайықты орыны бар» [23, 7-б.].

Иә, Қадыр ақын дұрыс аңғарған екен. Өйткені өлең өнерінің өрісінен өз орнын ойып алған қаламгердің туындыларына назар салушылардың қатарында ақын Темірхан Медетбек те бар. Ол өз пайымын былайша аңғартады: «Ақын Айтқали Нәріков қазақтың қара өлеңі үлгісінде жазады. Бұл – адастырмайтын жол, дұрыс бағыт. Ақын өлеңдеріне тақырып іздеп аласұрмайды, «ғарышқа самғап, мұхитқа сүңгімейді», күшінбейді, асқақтамайды, сыңарезулемейді, көңілін тербеткен жайларды қоңыр әуенмен толғап отырады» [24, 6-б.]

Ақын шығармашылығына, оның қаламгерлік кредосына байланысты пікір берушілердің бірі әдебиетші-ғалым, профессор С. Шарабасов пайымына сүйенсек: «А. Нәріков - мансап, байлық қумай, өлеңінен өзгеге мойынын бұрмай, нағыз ақындық мінезден айнымай келе жатқан қарымды қаламгер» [60, 5-б.] екен.

Зерттеушілер көзқарастарынан аңғарғанымыздай өзіне тән қоңыр үні бар, ешкімге еліктемей, солықтамай, барға риза, жоққа жай тірліктің қарапайым үлгісін көрсетіп келе жатқан ақын А. Нәріковтің қазақтың қазіргі лирикасына қосар салмағы, әкелген жаңалығы аз еместей көрінеді.

Лирикалық поэзияға тән әп сәтте жарқ еткен құбылыс пен сезім сәттерін шағын шумақтарға сыйдырып, сырлы сөзбен сурет салу - ақын талантының бір ғана қыры. А. Нәріковтің стилінің реңіне тән осы қасиет ақын өлеңдерінің өрімінде бастан-аяқ байсалды қалпын сақтап отырады. Көркем образ жасауда ақынның өзіне ғана тән даралық сипат ерекшеліктері барлығы аңғарылады. Қас қағым сәттік өмір көрінісі ақын жырларында көркемдік әрді иеленіп, образдық суреттер тудырады. Ақын кейіпкерлері қоғамның, заманның үнін танытушы сан түрлі характерлі бейнелер сапында көрінеді. Бірнеше тақырыпта, әр қалай сезімде, әр қырынан көрініп қалатын лирикалық кейіпкер тұлғасы бірте-бірте өсу, толысу үстінде үнемі биіктен көрініп, жан-жақты дамып отырады.

1.2 Туған жер, өскен өлке, дала жыры және табиғат тамашасы

Бүгінгі тәуелсіз ел лирикасында өте зор шабытпен жырланып келе жатқан тақырып - туған жер, өскен ел, Отан тағдыры. Туған өлке мен дархан даланың көркем бейнесін қазақ поэзиясында М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, М. Мақатаев, Қ. Мырза Әли, Қ. Жұмағалиев, Ф. Оңғарсынова, А. Бақтыгереева, С. Даумов т.б. дарындар шабыттана жырлады. Дала бейнесі туған поэзиямыздың кәсіпкерлі де қымбат қазынасына айналып, ақындардың шеберлік нәшін, суреткерлік белесін, қаламгерлік келбетін танытатын дәрежеге жетті.

Дала жыры - дала тағдыры. Қазақтың ұғымында дала сөзін кең мағынада, яки ұлттық болмыстың, халық атының қадыр-қасиетін таныс ету сықылды нұрлы насихат дәрежесіне көтерілді. Сан ғасырлық тарихы бар ұлы дала хикаятын лирика тілінде сөйлету, дала төсіндегі тіршілік түйткілдерінің

табиғатпен, қоршаған ортамен байланысын пайымдау пәлсапасы нағыз ақынның ғана мұраты бола алар- ерекшелік еркіндігі.

Ақын А. Нәріков лирикасының бір қыдыруын туған жер, өскен өлке және оның табиғатын толғаған жырлары құрайды. «Туған жерге», «Ауыл», «Туған шаңырақ», «Мекенім», «Қарақия», «Маңғыстау», «Оян –өскен ауылым», «Ақтөбеге», «Жайық жағасында», «Ауылға барғанда», т.б. туындылары нағыз қазақи колоритке толы стильде жазылған. Бұндай өлең-жырлардың оқырманға шуақ сыйлар құдіреттілігінің күштілігін айтып өткен жөн. Өлең нәрінде қазақи болмысқа тән ұлттық сипат, лирикалық кейіпкердің туған жеріне деген құрметі, сағынышы, жан толқынысы әр туындыда әрқалай әр қырынан көрініп, образды суреттер бірін-бірі толықтырып отырады. Мәселен,

Болсын деп ойық та аман, қырың да аман,
Жүгірем жүрек емі-жырымды ала.
Қыраның болмағанмен құрыш қанат,
Мен сенің бір торғайың шырылдаған [34, 16-б.]
(«Туған жерге»)

Бұл енді лирикалық кейіпкердің туған жерге деген шынайы сезімі құрметінен туындаған жүрекке жылу сыйлар шуақты шумақтар. Туған жерінің ойы мен қырының амандығын тілеген бейненің өз топырағына деген құштарлығында шек жоқ сынды көрінеді. Құрыш қанат қыран бола алмаса да, торғайы боп шырылдауға әзір лирикалық кейіпкердің басына көтерер бақыты да, төсіне тағар жақұты да – туған жері. Жазылатын екі өлеңінің бірі – туған жерге арналатынын, қысыр сөзге уақыты да жоқ, алайда туған жеріне деген үлкен махаббатының түйіні де ерекше.

Ерте-кеш шабыт сынды шырақ аңсап,
Мен саған жыр арнармын, сірә, қанша,
Бір сен деп үзілетін шығармын-ау,
Көгіңнен топшым талып құлаған шақ.

Туған жер туралы айтқанда туған ауылдың аты бірге жүретіні белгілі. «Ауыл» аталған туындының құдіреті сол ауылға деген сағыныштан туындап жатқаны анық. Өлеңде ауылдың қазаққа тән болмысқа ие көркем суреті әсем көрініс тапқан. Астанада ма, қай жерде жүрсе де туған ауылының орны бөлек екенін, ел-жұрттан алыстаған сайын сағыныш сезімі арта түсетінін, осындай сәтте терең сезінетінін, бала күнде ұқпаған ауыл сырын есейген шақта жете білгенін кейіпкер тебірене, үлкен толқыныспен баяндап өтеді:

Таң қалар жерін алғаш басқан адам,
Мен жиі болып тұрам астанада.
Сонда да туған ауыл орны бөлек,
Мұны адам ұқпайды екен жаста ғана [34, 14-б.]
(«Ауыл»)

Туған ауылының аты – Мешей. Сол Мешейімен байланысты көне суреттер де көлбеңдеп көз алдыға келе бастайды. Мешейдің көшесінде қалып қойған жүдеу өң, жадау көңіл балалық, қатарлары селдіреп қалған әкенің

көзін көрген қариялар, бір кездегі балалық бал дәуренін бірге өткізген «қара сирақ» достар, әрқашан ақ тілеуі әзір тұратын ақ жаулықты әжелер т.т. жүрекке жақын ұғым-естеліктер өлең бойына әр бітіріп қонақтап қалған. Өлең егесінің өсу жолын жалпақ елге жариялап отыратын ауыл адамдарының ақ жарқын, дархан көңілінің көріністері өлеңге сына боп қағылып, туындыға әр беріп тұр.

Кеп қалған сезім селін жасқамадым,
Тағы да ауыл жыры бастағаным.
Мен туған Мешей деген бір ауыл бар,
Сыртында Каменканың-Тасқаланың

Сан сала жол шақырып тұрғасын ба,
Көп жерді араладым бұл жасымда
Көңілім тағат таппай күтемін мен
Мешейге оралатын күнді асыға [34, 17-б.]

(«Мешей»)

Мешейінің бәсін асыра толғаған ақынның жүрек жарды жырының өзегінде сәбилік сағынышы кейіпкердің монологы түрінде жария боп өрілген. Толғаныс сипатында жазылған туындының мазмұнында кейіпкерлердің образдалған бейнелері өзіне тән мінезімен қылау беріп, әр түрлі әдеби персонажға айналған. Айталық, «Әкемнің көзін көрген екі-үш қарт бар, / Мен үшін Мекке – сонау Мешейімде», «Әкемнің жігіт шағын алады еске, / Төкең шал маған тура қарай қалып» деп келетін тіркестер өлеңнің оқиғалық қуатын қоюлата түседі. Жүрегінің түкпіріне сақтаған арман-тілектерін автор Мешейіне қарата жырлайды. Кейіпкердің қарапайымдылығы мен салқынқандылығы өлеңнің табиғи қалпына көлеңке түсірмейді, керісінше оған әр беріп, құлпырта түседі.

Өстім мен жүрегімде сақтап арман,
Бір сенім бара жатыр бастап алға...
Қалайша көлгірсимін, туған ауылым,
Атыңды шығардым деп мақтана алман.

Бірақ та қатарымнан кем емеспін,
Және де ойсыз, отсыз демеді ешкім.
Мешейім, барымды мен сарқып беріп,
Өшсем де, армансыз боп келеді өшкім!

Өлең түйінінде автор: «Әйтеуір, сен түсірген сол даңғыл жол, Мені әлі алға бастап келе жатыр»-деген тоқтамға келеді.

Өткен дәуір лирикасын зерттеуші ғалым, әдебиет сыншысы З. Серікқалиев өз еңбегінде: «Бүгінгі лирикалық поэзияда бақыт пен қуаныш мотиві бірінші кезекте тұруы, әрине заңды. Тек бұл мотивтер жалаң берілмей, оның астарында толғанып, байсалды ой туғызарлық үлкен бір өмір жатса ғой» [61, 47-б.] - деп жазған екен.

А. Нәріковтың туған жер мен өскен ел туралы жыр-толғаныстарына үніле отырып, ақынның сыншы талап еткен үрдістің үддесінен шыққанын аңғарғандаймыз.

Батыс Қазақстан аймағында Қарақия аталатын жер аты бар. Ал дәлдей айтсақ Қарақия – Маңғыстаудағы асу аты. Ақынның бір өлеңі соның құрметіне «Қарақия» аталған.

Қара нардай қасқайып тұрасың да,
Бұйра бұлтқа өркешің ұласуда.
Жолаушыны жеткізбей шарашатасың
Бір асудан жетелеп бір асуға.

Оңға-солға жолыңды иіп барып,
Бірте-бірте кетесің биікке алып.
Жоғарыдан төменге қарағанда,
Қалар бір сәт өмірің тұйықталып [34,21-б.]
(«Қарақия»)

Теңеу мен кейіптеудің озық үлгісін иықтастыра қолдана білген автордың суретті сөздері өз үйлесімділігін тапқан. Жоғарыдағы өлеңнің бірінші шумағында троптың әдемі үлгісіне кезіксек, екінші шумақта антонимдік қатардың образды ойлар қорын толықтыруға өлеңге үстеме мән беріп тұрғанын аңғарамыз. Қарақияның ұшар басына жетудің оңай еместігін ақын былайша жеткізеді:

Төзімді сынауға бекідің шын,
Алда жеті асуым -жеті күшің.
Тас қамалды осы бір алу керек
Жетібай мен Өзенге жету үшін.

Аттары аталған (Жетібай мен Өзен) елді мекендерге жету үшін де Қарақияны өрлей өту керек екен. Ол үшін автор меңзегендей жеті асудан асып өту керек. Шыдам мен төзімнің сынға түсер шағын автор өлеңге сынағанда енгізеді. Шамалыға мойын ұсынбайтын Қарақиясын тәкәппар, өр мінезді тұлғаға балайды. Қара нардай қасқайып тұрған Қарақияның өзін құрметтеуді ұнататынын былайша жеткізеді:

Тастағысы келгендей ықтырып бір,
Құрмет етсін, дегендей, тік тұрып кіл
Шомбал мүсін, шоқ мінез Қарақия
Осы өлкенің өрлігін ұқтырып тұр.

-деп жырлайды ақын.

Туған өлкенің қай тұсы да әркім үшін ыстық болатыны белгілі. Мәселен, «Маңғыстау» аталған өлеңде оның негізі байлығымен байланысты мәселелер көтерілген. Өткен заманда келіндеріне табаға салып шоқ тасытқан қазекеннің жер астындағы байлығын автор әзілге айналдыра отырып, «Жер анамыз әлде осы бар байлығын / Ұрпақтарға келешек сақтаған ба?!» -деп жорамалдайды. Бұрында түбектің өңсіз көрініп, бос жатқан жерін бүгінде сына қағар жер таппай қалатындай өзгеріске ұшырағанын автор:

...Оңай олжа, алмаққа ырыс күреп,
(Мұнай, алтын, оларға күміс керек)
Кәсіпкерлер жат жұрттық жүріпті ғой
Бұл даланы талай жыл тіміскілеп [34, 22-б.]
(«Маңқыстау»)

Туған өлкенің жер асты байлығын тиімді пайдаланудың келер ұрпаққа тигізер пайдасының қажеттілігін армандаған кейіпкер үнінде Отанға деген үлкен құрметтің белгісі жатқандығын аңғаруға болады.

Академик М. Қаратаевтың: «Поэзия жан азығы болуы үшін халық өмірінен нұр, нәр алған адам жанының әсем айнасы, адам жүрегінің әміршісі болуы шарт» [62, 110-б.] дегені бар-ды.

Ақын А. Нәріков лирикасын талдау барысында сыншы ғалымның меңзеп отырған сезім мен түйсік, сыршылдық категориялары қаламгер шығармашылығында берік орын алғандығын атап өткен жөн.

Keң байтақ Отанына, туған еліне ортақ көңілмен қарайтын, оңы-солы, батысы-шығысы деп бөлмейтін ақын-кейіпкердің және бір жыры Ақтөбеге арналған. «Ақтөбе» аталған өлеңде бірнеше жер-су аты аталып, оның өзін автор туған жерінің бір асыл бөлшегіндей көріп, сағынышын, ерекше бір махаббатпен өбектей жырлайды. Шын ерде, нағыз перзентте ел-елді, жер-жерді бөлектеу болмайтынын осы өлеңді оқу арқылы ұғынғандай боламыз. Арайлы Ақтөбенің әдемілігін, атына заты сай қала екендігін, қонақжай дәстүрімен келушіні еріксіз баурайтын игі жақсы ісін ақын бүкпесіз шертеді ән-жырға айналдыра:

Ақындай оқитұғын жатқа өлеңін,
Дауысымды көптен бері баптап едім.
Бұлбұлым көмейдегі ән салды ғой
Төбесі көрінгенде Ақтөбенің

Қия алмай Күн де көзін қадап өткен,
Атыңа атағы сай қала неткен?!
Достардың құшағына қойып кеттім
Түсе сап ақ құс – әйдік самолеттен [34, 29-б.]
(«Ақтөбе»)

Алғаш рет төрінде қонақ боп отырған кейіпкерді жатсынбаған елдің ізгі әрекетіне, меймандостық көңіліне риза болған автордың «Лүпілін жүрегімнің ұқтырамын / Бір нәзік дірілменен деміндегі»-деп келетін шынайы толғанысын, бүкпесіз сырын оңтайлы түсінуге болатындай. Сырласудың сәтті туған шумақтарынан кейіпкердің ақ адал жармасыз көңілі жыр боп төгіледі.

Жас жаным достық десе өбектеген,
Орал деп, Ақтөбе деп бөлектемен.
Жататын Жайығымен жарыса ағып,
Бір сәлем өзеніңе Елек деген

Көршілес жатқан екі елді мекеннің белгілі екі өзенінде ыстық бауырына қысқан ақын туған жердің сымбаты мен көркін жырға қосып дәйектеуде жас баладай сырласады. Ақтөбенің көрікті келбетін суреттеуге сөз таппай қысылған автор: «Бірақ та сені жырға қосу үшін / Сырлы сөз тыңнан теңеу табылады»-деп шабыт тұлпарына мінеді. Өзін танымалы жүйріктер қатарына қоспаса да, болашақта танылатындай айтпаған таңдары барын қаперлейді. Жыр түйінінде туған елге, жерге деген тағзым, шынайы сезіммен аялау көріністері елес береді.

Далиған даланы осы көрікті етіп,
Самалы Мұғаджардың өбіп бетін.
Ақтөбем, көсіліп-ақ жатырсың-ау,
Бір шетің кеңістікке еніп кетіп!

Қандай тақырыпта жырласа да ұлттық поэзияның өзіне тән ерекшеліктері барын аңғарған әдебиет зерттеушісі Б. Баешева: «Қазақ ақындарына философ әрі лирик деп айдар тағуға әбден болады. Қай шығармасын алсақ та, қазақ ақындарында терең ой, нәзік сезім жатыр. Олар да ой да басым, сезім де басым. Әлеуметтік лириканы шарықтау шыңға шығарып, адам жанының сиқырлы сезімдерін қарапайым өлеңмен жеткізеді» [63, 125-б.] - дейді. Сол қағидаға толық сиятын ақынның бірі - А. Нәріков.

Өскен өлкенің әсем келбеті мен сұлу табиғатын жырлау тек қана үлкен қалаларды ғана емес, ауылды елді мекенге арналады. Қала, дала деп бөлмей баршасына кең құшақ ыстық ықыласпен қарап, тұтастай алып жырлау – ақын А. Нәріков поэзиясының бір ерекшелігі деп қарастыруға болады. Сондай туындының бірі – «Оян – өскен ауылым» деп аталады. «Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей автор өзінің өскен ауылы Оянға өзінше қарайды. Оянды еш жерге айырбастамайтындығын автордың төмендегі жыр-махаббатынан танып біле аламыз.

Жалғандық жалқынына боялмаған
Жайым бар тек шындықтан ой аңдаған.
Кіндігі жұмыр жердің сияқтанып,
Әрдайым көрінеді Оян маған.

Осында ойым, бойым жетілді бір,
Ер жеттім бірі болып кекілдінің.
Қалада жиырма жылдай тұрсам дағы,
Ауылдың азаматы секілдімін [34, 24-б.]

(«Оян – өскен ауылым»)

Автор өскен ауылы Оян үшін неге де боса дайын. Өнердің бақ сынауына сеп болған ауылын жатсынбақ түгілі, «Атыңда аяқ асты етсе біреу / Белгілі шар болаттай шарт сынарым!» деп бекінген автордың Оянға құрметінде, шынайы ықыласында шек жоқ. Өмір көшін қалада өткізген ақынның, кей тұстарда кей тірлігі жақпай қалған тұстарда «Оянның сағынамын тұнық таңын, Оянның сағынамын қоңыр кешін»-деп мұндана, сағына жырлауының да түпкі негізі сол ел-жұртқа деген ілтифат пен

тағзымда жетса керек. Туған жердің қашанда кім-кімге де тұғыр боп табылатыны анық. Сағынған, жабыққан шақтарда туған жеріне ат басын тірер азаматтың айтар сөзі де баянды, мығым боп келеді. Туған жерден кіндік үзуге болмайтынын автор өзгелерге үлгі ете баяндайды.

Ояным, гүлдене бер, жасара бер!
Жақынмын, жерде емеспін тасада дер,
Жатсынбас түтіндерің түтінімді
Бір күні саған көшіп барсам егер.

Қазақ біткеннің жанының бір бөлшегі әрине, кіндік қаны тамған жері – өскен ауылымен байланысты болмақ. «Туған жердей - жер болмас, туған елдей - ел болмас» дейтіні де сондықтан.

Ақын А.Нәріковтің бар болғаны екі-ақ шумақтан тұратын «Жайық жағасында» деп аталатын туындысы оқырманына шабыт сыйлар, қуат берер шырайлы, шуақты шумақтарымен баурайды. Тілге жеңіл үйірілер тармақтардың өң бойында адамды өзіне тартар, жаңа бір бел буыс іске бастар иірімдер орналасып алғандай сезім-күйде оқылады осы өлең. Оқылық!

Тыныштық, дәл осы шақ бар керегін,
Арадай гүл қуалап бал теремін.
Алдымда ақжал толқын Жайық жатыр,
Жайқалтып жағасында бал-терегін.

Күн көзін паң далаға тастап нұрлы
Бөлеп тұр шуағына асқақ қырды
Осы бір көріністен қаным ойнап,
Көңілім әлдеқайда бастап тұрды [34, 54-б.]

(«Жайық жағасында»)

Туған ауылды, өскен жерді айналып-толғанудан ақын біткеннің аянбайтыны, тартынбайтыны кәміл. Ауылдың әрбір тасы мен суы (көлі мен өзені, т.б.) шабыт шақырып, шайырды тың туындылар тудыруға бастары да анық. Туған ауылдың қадыр-қасиеті әрине, одан алыстаған кезде, қашықта жүрген кезде күшейе түседі. А. Нәріковтің «Туған ауылға» аталған өлеңі жоғарыдағы ойымызға дәлел болары анық.

Сағынған күнің санап асқан айдың,
Ұлыңда жоқ өзіңнен басқа уайым.
Жүрсем де жұмыр жердің қай шетінде,
Ойымнан сені екі елі тастамаймын.

Көргенде кәриялар қауқылдасып,
Тұрады дос құшақтар ауқымдасып.
Мен саған, қара шаңырақ келіп жүрем
Сабырсыз сағыныштың мауқын басып [34, 57-б.]

(«Туған ауылға»)

Туған ауылға деген балалық махаббат, адал да кіршіксіз таза сезім кейіпкерін туған ауылымен еріксіз матап тастағандай болады. Өмірде қанша

мың-сан мекендер болса да туған ауылға тең келер құдіреттің болмайтынын ақын «Жатса да қарсы алдымда мың сан айдын / Оларға құлашты кең жұмсамаймын»деп ұғындырады. Қайта керісінше, туған ауылына оралатын күнді санап, сол шақты бақытты күнге балаған автордың Отанына адалдығының бір көрінісі осы құрметінен аңғарылады.

Арманды сенен басқа шетке қағып,
Бұл жырды отырғам жоқ текке жазып,
Жұбаныш сағынышыма болар ма екен,
Бір уыс топырағынды кетсем алып.

Жоғарыда талданған өлеңмен қоныстас, тақырыбы сабақтас бір өлең «Ауылға барғанда» деп аталады. Сағыныш сезіміне елітіп, туған ауылына қымсына ұяла басып келген кейіпкердің жүрек лүпілінде ерекше бір өзгеріс бары аңғарылады. Ауыл жай ғана елді мекен емес, онда бақ бар, ырыс бар. Өз тумасын бауырына тартар ыстық ықылас бар ауылда. Ауыл- тәрбие бесігі. Ауыл - еңбекке баулар ыстық ұя. Осы өлеңде автор ауылдың киелі мекен екенін айтпақ болған сыңайлы көрінеді. Бел-белестен күлімдеп қарсы алатын ауыл таңының шуағына шомылған кейіпкердің «Жүректің нәзік қылын шертіп өтті / Кеудеге бір құпия ағын жүріп»-деп толғанысында үлкен мән бар, мағына бар. Ауыл – еңбеккерлер мекені. Содан да болса керек:

Сыяды не десем де құр мақтауға,
Қыдырсам, бір тұлпары тұр баптауда.
Бірақ та арланамын қол қусырып,
Бос жүріп, түк бітірмей бұлғақтауға.

Ауылға келгем жоқ қой семірем деп,
Далаға ту тігіпті өмір-еңбек.
«Төре» емес, түйешінің баласымен,
Жас жаным еңбек десе еміренбек [34, 58-б.]

(«Ауылға барғанда»)

-деп ақ көңілмен ақтарылады лирикалық бейне. Ауыл дамуының, ауыл көркеюінің барысына өзіндік үлесін қосуға бел байлаған ұланның шешім-байламын оңды қабылдап, мақұлдаған абзал. Бойында намысы бар ұланның туған ауылына жай уақыт өткізу үшін емес, ел төсіндегі еңбекке елеулі үлесін қосуға келгені жанды жадыратады, оқырманына ой салып өтеді. Қашан да ауылын қызған еңбектің қазаны санаған жанның қай істен де қашпай, алға ұмтылысына еріксіз сүйсінесіз, қызығушылықпен, риза көңілмен қарайсыз.

Аңсаумен қиялға нық бекіп далам,
Жыл бойы көңілімді етіпті алаң.
Қолыма құрық алып, мен де бүгін
Жылқының күзетіне кетіп барам.

Ақылын шын сүйген жан осындай болса керек-ті. Кіндігін туған жерінен үзбей жүрген ұланның қандай болары осындай патриоттықүлгіде тәрбиеленген ұрпақтың іс-харекетінен көрінері анық. Аталған туындының

жас ұрпақ тәрбиесінде рухани құрал есебіндегі күш-қуаты зор деп есептейміз.

Жоғарыда сөз болған «Ауылға барғанда» өлеңімен сабақтас, өрістес туындының бірі – «Даланы аңсау» деп аталады. Әрине, далаға бас имейтін, даланы құрмет тұтпайтын қазақ жоқ. Десекте даланың құдірет-қуатын ақын ой-көңілінің шеңберінде бажайлап көру бір басқа. Тындалық!

Сағыныш жүрекке мөр басыпты мың,
Келемін талай қырдан асын бүгін.
Кеудемнен қиял құсы сен деп ұшса,
Білінбей кетеді екен қашықтығың.

Дей алман «өзің келіп бас ұрмаған»,
Мен қайта сені іздеймін, асыл далам.
Туғаннан көз алдымда жатсаңдағы
Құмарым бір сәтке де басылмаған [34, 58-б.]

(«Даланы аңсау»)

Туған даласына ғашық болу, барлық игі жақсы сөз сұлуын даласына арнауда ақын-жүрек ағынан ақтарылып бағады. Кейіпкердің даласына арналған ой-толғауының астарында, әрине, кең байтақ Отанына деген құрметі жатқаны анық. Далаға қарата сөз арнап, ой тізгінін ағыту арқылы ақынның мұқым қазақ даласына, ел-жұртына деген көл-көсір махаббаты көрініс тапқан. Бірдің ғана емес, мыңның атынан сөз алған лирикалық бейненің ел-жұртқа деген бірегей махаббат-сүйіспеншілігі туындының өн бойына тарыдай тарап, иіріле өріліп, оқырманын туған жерді, өскен елді сүйуге тәрбиелеп, жүрек төріненорын тауып, елітіп отырады.

Қолыма бұрын-соңды ілікпеген,
Гүлімен қарсы алып тұр күліп белең.
Қазақтың кең пейілді көңіліндей
Далиған даламды аңсам жүріп келем.

Өлеңде далаға деген сағынышпен қатар, балалық еркелік, бекем бір сенім, көңілді демдер үміт сынды көңіл күй иірімдерінің жарқын сәулесі нұр шашады. Ел-жұрттан алыста жүріп, сағыныш сәлемін арқалаған кейіпкердің көңіл күй көрінісі, Отанға деген махаббатының, құрметінің шексіздігі туындыға ерекше реңк беріп тұр.

Ел мен жерге, туған өлкеге құмарлықтың, сағынышты сезімнің селкеусіз суреті жоғарыда талданған екі өлеңде («Ауылға барғанда», «Даланы аңсау») тым жақсы бейнелі көрінеді. Десек те «Өлкеме» делінетін туындыда жоғарыдағы сөз болған сезім, ықылас, ниет делінетін эмоциялық тіркестердің бұл жолы тіптен күшейген, қоюланған үлгісіне кездесеміз.

Шарлап бір жүрсем өлкені мен,
Қайда да бақыт көрем өркені кең.
Көркіңе көз тоймайды, о, туған жер,
Сен барлық жер біткеннің көркемі ме ең [34, 57-б.]

(«Өлкеме»)

Таңырқау мен таңданыс, сүйсіну мен сүйіспеншілік, өз өлкесін басқа жұрттан асыра дәріптеу, тебіреніске толы көңіл-күй – өлеңнің өзегіне дөп қонған. Ақын өлкені сүюдің керемет үлгісін оңтайлы, әдемі ұсына алған. Шабыттана жырлайды, ойы дәлелді және қарапайым. Басы артық, олпы-солпы сөз жоқ. Әр сөз образға айналып, жан-жағына сәулесін төгіп, орнықты орналасқан. Әдебиет сыншысыЕ. Ысмайылов: «Шабыт дегеніміз – ақын жүрегінен шалқып, тасып шыққан ой толқыны, өмірге жан-тәнімен берілген махабаттық сезім. Ой толқыны мен махаббаттық сезім өршіл жігермен ұштасқан жан жүректі тербететін лирика арқылысыртқа шығады. Ақын шабытының жаны – лирика, лириканың қуаты – ақын шабыты» [64, 31-б.] – дейді.

Аталған талапқа толығымен сыйған лириканы бояуы қаныққан, әбден қаныға кірігіп, айрандай ұйыған үлгісі деп ұсынарлықтай қадыр-қасиетін таныдық туындының.

Ізгілік – біздер үшін ата қалып,
Жүрміз ғой Адам деген атақ алып.
Тілесен жүрегімді жұлып беріп,
Сүйер ем топырағыңды жата қалып.

Ешқашан емеспін мен тосын адам,
Қияннан бақытымды тосып алам.
Сен үшін қажет болса, ең қымбатты
Аямас шыбын жанын осы балаң.

Елі, жері, өлкесі, Отаны үшін жүректі жұлып беру, шыбын жанды аямау – әу бастан қазақ қазақ болып жаратылғалы келе жатқан киелі ұғым. Айталық ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, ежелгі дәуір әдебиетіндегі жазба ескерткіштердегі ұранды жазулар, жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүние үшінкүрес, хандық дәуір поэзиясындағы ел бірлігіне шақырған толғаулар, ХІХ ғ. Махамбет бастаған ақын-жыршылардың таптық күресі, яки әр қилы әдебиет үлгілеріндегі басты тақырып айналып келгенде, баршасының мақсат-мұраты -Отанды сүю және оны аялай білу, қорғай алу деген ұлттық рухқа негізделген бір ғана ұстанымға жүгінеді. Сонымен бірге «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Отан – отбасынан басталады», т.б. қанатты да қағидалы тіркестердің шоғыры ұлттық әдебиетте молынан ұшырасады. Ал оның лирикадағы, өлең сөздегі ұлағатты үлгісін А. Нәріков сынды шынайы шайырлар өз шығармаларында толығынан көрсетіп, озық үлгісін ұсынып келе жатыр.

А. Нәріковтің туған жер тақырыбындағы қай туындысын оқысаңыз да, әрбірі мақсат-идеясы бір бола тұра, бірін-бірі қайталамай, әр қырынан, әр жақтылығымен жарқырай көрініп, бірін-бірі сабақтастыра қуалай, әр тарапты көрініп, оқырманын өз соңынан ертіп, қызықтырып, сүйрей жөнеледі. Ойымыз дәлелді болу үшін тағы бір өлеңіне үңіліп көрсек. Атауы «Ауыл шақырады». Шаршап-шалдыққан көңілді бір демдейтін, әрине ауыл. Ауылға

жетуге асық, ауылды көруге ынтық кейіпкердің көңіл күй әуеніне кезек берелік.

Басыма ойлар келіп ала-құла,
Жүргенде жыр ілікпей қаламыма.
«Қарағым, аунап-қунап қайтсаңшы» деп,
Болады шақырғандай дала мына

Жалғанда табынарым – тұрақтылық,
Жүремін ауыл жаққа құлақ түріп.
Сағынсам, қайдасың деп тартып кетем,
Достардың машинасын сұрап мініп [34, 60-б.]
(«Ауыл шақырады»)

Лирикалық бейненің лирикалық көңіл күйінің өрістеп, шарықтауында шек жоқ. Ауылын сағынған жанға дем беретін, әл беретін, шаршап шалдыққан әлжуаз көңілге күш бітіретін нысана да - ауыл болған. Бойына рухани қуат дарытар витаминді ауыл жақтан іздеп сарсылған өнер адамын дәруменге толы ыстық ықыласпен кең құшақ жая қарсы алатын, жаны жомарт, көңілі дархан құтты мекенді ауыл деп ұғынуының символдық мәні бар. Ауыл жаққа құлақ түріп жүріп, сағынған сәтте «қайдасың, ауылым!» деп ел жаққа тартып кетуінің әр қилы себептері бары анық. Сол жәйттерді автор жасырмай айтып отыр. Ала-құла ойлар кімнің басында жоқ. Өмірдің нұрлы, қуанышты сәттерімен бірге көңілсіз мұңға бөгіп қалатын тұстары да жоқ емес, әрине. Міне, осындай күтілмеген тосын оқиғалар нөпірінен ат тонын ала қашқан кейіпкердің көңіл күй әуені өлеңге барып қонақтай салған. «Қарағым, аунап-қунап қайтсаңшы» деп шақырғандай болған ауылына бет бұрған кейіпкердің ойымен жарыса екінші бір сыни ойлар да қылтың қағып, сығалағандай болады.

Алтынмен аптағандай өңірді дәл,
Сап-сары егінжайға көңіл құлар...
Тамырың бізше сенің берік пе деп,
Тұрады сынап қарап тобылғылар.

Шалынды көзге үйлер еңістегі,
Барлығы ұмтылғандай көріскелі.
Балалар топ-топ болып бара жатыр
Малдарды қарсылауға өрістегі.

Өлеңнің өң бойына ауылдың әсем келбеті, кешкі күйбең-тіршілігі молынан сыйып кеткен. Ауылға кіре берістегі алтынмен апталғандай егінжай, тамырын тереңге жіберген, қаздай тізілген тобылғылар, баршасы ауылдың әні мен сәнін келтіріп, табиғат тамашасын толықтыруда. Ауылда өскен әр қазаққа таныс суреттер жүрекке жылы тиіп, әркімнің туған ауылын еске түсіргендей болады. Туындының соңғы шумағында автордың өзіндік көзқарасы кейіпкердің үнімен біте қайнасып кеткен. Толғанысқа берілген

көңілдің көкжиегі әрине шексіз, шектеу жоқ. Үздіге, езіле жырлайды және сонысы дұрыс болған, көңілге қонымды, иланымды, әсерлі шыққан.

Кезім бұл жолдарыма гүл егілген,
(Бәсімді бір кісідей білемін мен).
... Барлығын емірене сүйіп келем
Ешкімді жатсынбайтын жүрегіммен.

Ақ көңіл, шын ниетпен толғанған ақынның айтары баршағы түсінікті, елге мәлім бір-ақ сөз, ол- ауылды сүю, туған елді ардақтау, Отанды құрметтеу.

Ақын А.Нәріковтің туған жер, өскен ел тақырыбындағы өлең-жырларының кей тұстарда тарихи тұлғалар есімімен байланысты өрбіп отырады. Жайық жұрты- тарихи оқиғаларға бай топырақ. Соның бірі Бөкей Орда тарихы. Қазақ даласындағы алғашқы мектептің Ордада ашылғанын, оның түп қазығын қадаған, іргетасын қалаған Жәңгір ханның есімін былай қойғанда, сол өңірден елге белгілі тұлғалар шыққаны Отан тарихынан белгілі жайт. А. Нәріковтің «Орда» аталған туындысында сол елден шыққан ерлер есімі мақтанышпен еске алынып, жыр мазмұнына түп болған.

Орда мені тұрады ылғи шақырып,
Ол ежелден өлең-жырға тақырып.
Ер Махамбет өтіп кетті өмірден
Ойға алғаны орындалмай, «ah» ұрып.

Үміт артты ол ұрпақтарға алдағы
Қыран жыры ұран болып самғады.
Жаңа өмірде ақын баба өр үнін
Жанекешев Бисен келіп жалғады [34, 68-б.]

Өткен ғасырлардың тарихи оқиғаларын еске түсіріп жырлаған ақынның өткеннің өнегелі, тәлім алар істерін кейінгі буынға үлгі етуі де көңілге қонымды оқылады. Туындыда Жәнібектен шыққан жайсаң ақын Тайыр Жароковтың да есімі қоса аталады. Кең байтақ Нарынның етек-жеңі кең аймағына Жәнібек пен Жаңақаланың да, Атыраудың кей ауданы да еніп кететінін ескерсек, ақынның:

Қасиетті топырағыңнан айналдым,
Батырлар мен ақындардың мекені
- деп жырлауының елдік құндылығы арта түсері хақ.

Ежелгі бағзы мекеннің қадыр-қасиетін жырларда ақын ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Кең байтақ Отанының қай нүктесін өлеңге қоссын, бәрібір ақын жырында ол мекен құлпырып, жан бітіп, өзгеше сипатта өң алып, шынайы қалпында суретке айналады. Сондай қалыпқа толығымен сыйып кеткен туынды – «Маңқыстау шілдесі» аталады. Ми қайнатар ыстықтағы Маңқыстаудың табиғатын ақын ойға қонымды, ешбір боямасыз қалпында әдемі суреттеп шыққан.

Жатыр, міне, тырысып тулақ дала,
Бұйрат-бұйрат боз құммен бунақталып.

Тұяқ тірер бір тұлдыр таппай құйын,
Секіреді Каспийге тулап барып.

Қылтанақтан жер төсін ада қылған,
Шілде ғой бұл билікті дара құрған.
Күн-табада қуырылып жатыр ма екен,
Жалын лебі келеді Қарақұмнан [34, 72-б.]
(«*Маңқыстау шілдесі*»)

Кейіптеу тәсілін шебер меңгерген ақын жансызға жан бітіріп, шілденің қапырық ыстығын әрлендіре суреттейді. Бұйрат боз құммен бунақталған даланың тұяқ тірер тұлдыр таппай, тулап барып Каспийге секіруі, шілденің дара билік құруы, табада қуырылған күн, Қарақұмнан соққан жалын лебі – ақындық шеберліктің белгісі боп табылады. Аптап ыстықтың қаһарына шыдай алмайаласұрған дала жануарларын «Сая таппай Үстіртте жөңкіледі – Көрсен жаның ашиды киіктерге» деп жан бітіре суреттейді. Туындының түйінінде Маңқыстау шілдесінің табиғи құбылысы өзінің шарықтау шегіне жеткендігін аңғарамыз:

От найзасын тұрса да кезеніп Күн,
Мыңқ етпестен жатады безеріп қыр.
Айтып айтпай не керек, басқа түгіл,
Шыңыраудың да еріні кезеріп тұр.

Жылдың әр мезгілін, табиғаттың тамаша суреттерін өлең сөз тілінде бейнелеуде А. Нәріков тыңнан түрен салуға ұмтылады. Табиғатпен етене жақын болуды лирикалық бейненің іс-әрекетімен байланыстыра, оның ой-сөзімен қабыстыра суреттей өрнектейді. Әр жыл мезгіліне байланысты адам бойында да өзгеріс, құбылыстар болып отыратынын психологиялық иіріммен үңіле, зерделей бейнелейді. Арманға қанат қаққан, биікке ұмтылған кейіпкердің ішкі әлемі ассонанстық параллелизм түрінде алынған.

Жер де, аспан да көкпеңбек,
Бір жасадық көктем кеп.
Менің ару арманым
Бара жатыр көкке өрлеп [34, 73-б.]
(«*Көктем келін*»)

Кеуде толы жыр ыстық,
(Бір шырқау да дұрыс-ты).
Көктем асып келгендей,
Көл-көсір қып ырыс-құт.

Көктемнің келуімен байланысты көңіл-күйдегі өзгерістерді ақын дәл тауып, дөп басқан. Жыл мезгілінің түрлі-түрлі сан алуан бояуы адам сезімінің көңіл-күй әуендеріне ерекше нәр беретіндігін шағын шумақтарға сыйғызған ақынның табиғат тамашасын бақылауы оның өлеңдеріне ерекше реңк беріп тұр.

Жоғырыда талданған өлеңге антонимдік қабат боп туыла салған өлең «Күзгі элегия» деп аталады. Аздаған мұңға бөккен туынды мазмұнында ақынның авторлық қолтаңбасы тағы да қайталған. Екі іс-әрекетті жарыстыра, қабыстыра параллель өргізген ақынның бұл жолғы кейіпкері сарғайған күзбен тілдесу арқылы өтіп бара жатқан жастық шағын қимайтындай күйкешеді.

Қаратып үлгертпей-ақ жан-жағыма,
Тағы бір күздің келіп қалғаныма?!
Жылдарым дөңгеленіп өтіп жатыр?!
Ұқсап бір қырдың жүйрік қаңбағына

Шығар шың, тұғырым көп қонар алда,
(Жүр қазір көңілімді солар арбап).
Табиғат жылына бір жаңарғанмен
Жиырма бес енді қайтып оралар ма?! [34, 77-б.]
(«Күзгі элегия»)

Кейіпкердің көңіл қошы күзбен бірге сарғайып, сағыныш сазын аркалап, өмір-өзеннің тұңғиығына бірге сүнгіп, бірге малтығандай күй кештірген. Алайда алдан күтер үміті мол, жақсылығы көп күндерді аңсайды. («Шығар шың, тұғырым көп қонар алда»). Әрине, табиғат жылма-жыл бір жаңғырып отырады, ал жиырма бестің енді қайтып оралмайтыны ол енді – философиялық қиял-арманға бағынбайтын физиологиялық шындық.

А. Нәріковтің образды ойға құрылған сәтті шыққан туындысы «Сәуір» аталады. Өлең иірімінде табиғаттың тамаша, әсерлі суреттеріне жан бітіп, оқырманына ой салып өтеді. Сәуірдің тәуір сәттеріне елтіген кейіпкер өзін мазалаған ауыр ойдан арылып алғысы келгендей ішкі сезім-сырларын бүкпесіз жайа түседі.

Танытты жайдарылық сәуір бүгін,
Соңына сақтаған-ау, тәуір күнін.
Үйден бір жеңіл-желпі шығайыншы,
Түссінші шықтағы ауыр жүгім.

Осынша неге іріктің шуағыңды,
(Қаталдық қатқан мұзды куә қылды).
Ызғарды неге жуып кетпеді екен
Жүгірген сай қуалай су ағынды. [34, 65-б.]
(«Сәуір»)

Табиғаттың ызғары мен көңілдің мұңлы сәттерін ойша салыстырған лирикалық бейненің кейіптеу тәсіліндегі ізденісі өз жемісін бергендігі аңғарылады. Иықтағы ауыр жүкті ысырып тастауға бекінуі – кейіпкердің сәуір айымен бірге келетін тәуір күнді асыға күткендінің белгісі болса керек. Өлеңнің төмендегі шумақтарында кейіптеудің әдемі үлгісі дүниеге келген. Табиғаттың сәуір айындағы құлпыру, шырайлану дағдысын көз алдымызға әкеледі.

Мұртындай бозбаланың түбіттеген,
Бүршігі көзге тіпті ілікпеген,
Көк көйлек қашан киіп шығады деп,
Қарадым теректерге үмітпенен.

Арқадан азынап бір жел ескелі,
Шөптердің сұрқы қашты белестегі.
Көктемнің көк орайы көз үйренген,
Ей, сәуір, сенің сәнің емес пе еді...

Өлең сөздегі әсем де әдемі салынған галереялық суреттің пейзаждың модулін ұсынған автордың назға толы монологы өте сәтті шыққан сыңайлы. Көктемнің көгорайлы, жанға жайлы шуағын күткен жанның арман еткен тілегін орындаушы қызметін сәуір атқарып тұр. Сәуірге бар بازیнасын айтып, сырын шерткен лирикалық кейіпкер аталған көктем айының кешігіп төккен нұр-ықыласына ризашылығын білдіреді. Кешігіп келсе де бар дүниені құлпыртып жіберетін жыл мезгілі, өкпе-наз иесінің көңіліндегі кірбінді тез шайып жібергендей.

...Қойсаң да қабақ ашпай көпке дейін,
Шуақты сақтамапсың текке кейін.
Құлпырттың дүниені үш-ақ күнде,
Сондықтан саған қалай өкпелейін,
-деп ағынан ақтарылады сырласушы бейне.

Табиғаттың қай мезгілінің де өзіндік қадыр-қасиеті барын аңдап, бағамдасақ та А. Нәріковтің көктем тақырыбындағы өлеңдерінің өз алдына үлкен бір шоғыр боп қалыптасқандығына назар аударған жөн. Әрине, көктемді кез келген жан ұнамды жыл мезгіліне жатқызары анық. Олай болуы да заңдылық.

А. Нәріковтің аталған тақырыптағы өлең-жылары бірін-бірі толықтырып, әр қырынан өзгеше рең алып, түрлі-түсті бояуларға шомылып, сан алуан сәулелі суреттердей көз алдымыздан тізбектеліп өте бастайды. Жоғырыда талданған көктем хақындағы туындылардан өзге «Көктем», «Көктем шуағы», «Көктем кеші» т.б. өлең-жырларында сөз өрнегінің келісті тоқылған түрлі өрімдеріне кезігеміз. Автор аталған жыл мезгілінің керемет қасиеттерін жай ғана баяндап қоймады, оны сан-салалы, біріне бірі ұқсамайтын сөз тізбектерімен көркемдеп, әрлеп жеткізеді.

Көктем келіп көгілдір балаусалы,
Ауысты көкжиекке дала аңсары.
Кербез қыр керіледі қадап алып
Төсіне қызғалдақтай жалаушаны.

Жауынның төніп тұрған бұлтын қалап,
Жаңарып, жадырап дүр сілкінді алап.
Тыпыршып тақымында күрең бесті,
Шопан жүр өткен жылғы жұртын қарап [34, 28-б.]

(«Көктем»)

Өлеңде шынайылық сипат басым. Бәрімізге көзтаным сурет. Бұндай суретті өлеңді жазу үшін ол оқиғаның, материалдың ішінде автордың да болмағы жөн. Өйткені шанымды, нанымды оқиғалы күй ғана туындыға реалистік басымдық бере алады. Төсіне қызғалдақтай жалаушаны қадап алған кербез қырдың керілуі немесе күрең бестіге мініп алған шопанның өткен жылғы жұртын қарап, серуендеп жүруі сынды оқиғалы суреттерді салу үшін – автордың сол жағдаяттан хабардар, таныс болуы шарт. Осы сынды шынайы сурет белгісі және бір «Көктем» аталған туындыда еселеніп, марқайып, құшағын кеңге жайа түседі.

Төгеді күн шуағын мырзасынып,
Жатады жұпар ауа қырға сіңіп.
Жармасқан үстіне кәрі қысты
Беткейге бара жатыр жылға ысырып.

Күн көзі қарды мүжіп, тауысты әні,
(Қыс пен жаз осылайша ауыспалы).
Сықырынсары аяздың ұмыттырар
Қаздардың қақылдаған дауыстары. [34, 52-б.]

(«Көктем»)

Көктемнің әдемі суретін салудың үлгісін ақынның шебер меңгергені соншалық, әр туындысында аталған тақырыпты түрленде, құлпырта жырлайды. Мәселен, үстіне жармасқан кәрі қысты жылғаның беткейге ысырып тастауы, күн көзінің қарды мүжіп тауысуы немесе қаңқылдаған қаздардың дауыстарының астында қалған сары аяз т.б. - қазақ ұғымына, түсінуіне лайықты суретті сөз тіркестері.

Ақынның «Көктем шуағы» аталған туындысында жоғарыдағы сөз болған образды ойлар жалғаса түседі, автор суретті сөзбен өз өрнегін басқа қырынан оюлап қадай бастайды.

Бабамның дархан алабы
Бусанып жатыр шық түсіп.
Жібітіп тұмса даланы
Тамылжи Күн де шықты ысып.

Сабыры көлдің бар тегі,
Кесеге құйған тұр сүттей.
Бала қыздардың бантигі
Бұтақтардағы бүршіктей. [34, 53-б.]

(«Көктем шуағы»)

Бұл туындан да кейіптеу үлгісінің мол түріне кезігіміз. Кейіптеумен иықтасып теңеу де өзінің құтты орнына жайғасқан. Бусанған дала, тамылжыған күн, дархан алап, кеседегі сүт, бала қыздардың бантигіне теңелген бұтақтардағы бүршік – ақын ізенісін танытатын шеберліктен туындаған көркемдік белдеулері.

Ақынның көктем сериясындағы тағы бір ізденісі «Көктем кеші» аталатын өлеңі. Шағын екі шумақ оқиғалы өлең боп туылған. Кейіпкердің көктемнің әдемі бір кешіндегі бастан кешкен оқиғасына куә боламыз.

Көмкеріп алау нұрмен шетін кілең,
Күн ауып бара жатты екіндіден.
Көп тұрдым бақ ішінде сені күтіп,
Сүйдіріп бал самалға бетімді мен.

Өзіңмен болмаса да ара қашық,
Төзімім кемерінен барады асып.
Ұйытқыған сезімімдей әумесер жел
Қойынын жас талдардың қалады ашып... [34, 53-б.]
(«Көктем кеші»)

Лирикалық кейіпкердің ғашығын күтіп сарғайған сағынышты күңіл күйі көктемнің кешіндегі табиғат тамашасымен үйлесім тапқан. Сәтті шыққан тармақтардың тінінде нәзік лиризмге құрылған юморлық әзіл де орнығып үлгерген. Мәселен, «Көп тұрдым бақ ішінде сені күтіп, / Сүйдіріп бал самалға бетімді мен»; «Ұйытқыған сезімімдей әумесер жел / Қойынын жас талдардың қалады ашып...»-деп келетін ой-образдар ақындық шеберліктің белгісі, шығармашылық ізденістің толық дәлелі болса керек.

Жалпы алғанда А. Нәріков лирикасындағы табиғат тақырыбында жазылған туындылардың өрімінде әр мезгілдің өзіне лайықты сипат-құбылыстарын ашатындай сөз өрнектері жинақталған. Бірін-бірі қайталамайтын, әрбір жыл мезгілінің табиғатын сол қалпында боямасыз беру – А. Нәріков ақындығының баксты белгісі боп танылады.

Көңілді көктемнің керемет көріністерін, сәулелі суреттерін түрлі-түсті картиналар галереясына айналдыра білген ақынның бір мезет күз тақырыбындағы туындыларына назар аударсақ, бұнда да сөз-кескіндемелері мезгіл ауысымына сай сыр ағытады.

Кезегімен күн батып, түн болады.
(Не қымбат бар десек те таң нарқынан).
Кей уақытта көңілге мұң қонады.
Болсаңдағы қаншама ақ жарқын жан

Бітпеді ме, бітті ме іс келелі,
Қартаясың көмескі тартып рең.
Жаз орына аямасып күз келеді
Табиғаттың айнымас тәртібімен... [34, 54-б.]
(«Күзгі ой»)

Өлең күзгі ой сезіміне елтіген жанның монологын баян етеді. Күн мен түннің кезестесетінін айту – жай ғана тұспал, философиялық салдар ғана. Ал негізгі мақсат – күзгі мезгілдің бояуындай сәттің адам басында да болатұғын мұңлы кезеңді контраст сипатында алған. Ақ жарқын жанда да мұң бар. Адам реңінің көмескі тартып қартаюы, жаз орынан алмасып күздің келуі – бәрі,

бәрі- табиғаттың айнымас тәртібі. Автордың айтпағы – уақыт өткінші екен, әр мезгілдің өз орны барлығын құлаққағыс ету. Күзгі ойдың күз сықылды салмағы бар, уақытқа бағыну - әркімге де сынақ.

«Күзгі ойдың» сериялды жалғасы сынды оқыталатын өлеңнің бірі – «Күзгі элегия» деп аталады. Бұнда да сол – өтіп бара жатқан шақты аңсау, табиғатпен бірге ауысатын адамның жастық шағы, алдағы бұлдыр күнге үрке карау сынды ой толқынысы лирикалық кейіпкерді толғандырады.

Қаратып үлгерпей-ақ жан-жағыма,
Тағы бір күздің келіп қалғаны ма?!
Жылдарым дөңгеленіп өтіп жатыр
Ұқсап бір қырдың жүйрік қаңбағына

Шығар шың, тұғырым көп қонар алда,
(Жүр қазір көңілімді солар арбап).
Табиғат жылына бір жаңғырғанмен
Жиырма бес енді қайтып оралар ма?! [34, 77-б.]
(«Күзгі элегия»)

Өтіп жатқан уақытты қырдың жүйрік қаңбағына ұқсата кейіптеу, шығар шыңы мен қонар тұғырының әлі алда екеніне сендіру, табиғаттың жылына бір рет жаңаруын мақұлдағанмен, жиырма бестің енді қайтып оралмайтынын мойындау – әрбір жанға түрлі ой салары анық. Күздің молшылық сыйлайтын қадыр-қасиеті күшті болса да лирикалық кейіпкердің одан секем алып қорқуы да жөн қылық. Өйткені дөңгеленіп, зырлап өтіп жатқан жылдардың қайтып келмесі, оралмасы – басы ашық ақиқат, шынайы шындық. Автор сол реалды болмысты күзгі элегия етіп алып, оған философиялық мән үстеген.

Ал «Күз» аталған өлең тұтасымен дерлік суреттеуге құрылған. Әр детальға мән берген автор күздің қызметін жандандырып, сөйлете түседі.

Сұңқылдап: сазды әуенді тауып түрлі,
Қоштасып көкте қаздар сауық құрды.
Қанаттан ұшып түскен мамықтай боп,
Төбемнен жапырақтар жауып тұрды.

Барады бірте-бірте түн ұзарып,
Аспанда аққан жұлдыз ізі қалып.
Ақ қайың әудім жерде мұңайып тұр
Көктемдегі әсем үнін үзіп алып [35, 91-б.]
(«Күз»)

Кейіптеудің сан үлгісін ұсынған ақынның шеберлігі жай ғана сөз тіркестерін түзе салудан тұрмайды, керісінше әр сөзге сәуле түсіріп, қосымша мағынаүстемелеп көркемдік әр беріп, жандандыра түседі. Туынды табиғатына сай күздің болуға тиісті құбылысын баян етеді. Күннің қысқарып, түннің ұзаруы да күзден бастау алатынын, мамықтай жауған жапырақтардың сыбдыры т.б. табиғат тамашасы автордың жіті қадағалауынан сырт

қалмаған. Күз туралы ақынның айтар ой-сөзі бірте-бірте күрделеніп, жыл мезгілінің қам-қарекетін жанды суретке айналдырған. Автор күз көрінісін жай ғана сырттай тамашалап қоймады, кейіпкерін бірінші жақтан көптік формасында кірістіріп, ой-монологын тыңдатады.

Ерте тұр, төсегіңнен кеш тұр мейлің,
Құстардың үні шатты естілмейді
Көйлектей оңып кеткен күлгін тартып,
Көкжиек қорғасын бұлт кескіндейді.

Бәрінен, бәрінен күз сезіледі,
Қайтеміз, жүреміз ғой төзіп енді.
Билікті өз қолына алып жатыр
Жылдың бір маусымының кезі келіп

- деп жырлайды ақын. Күз өз дегенін істейді. Оны бағындыру мүмкін емес. Өз билігі өзінде. Ақын күзді мойынұсындыру мүмкін еместігін, оған қарсы тұрар күштің жоқ екендігін айта келе «Қайтеміз жүреміз ғой төзіп енді»-деп ой түйе мамыражай бейбітшілікке шақырады. Автор пайымында күздің жыл мезгілі есебіндегі рөлі жоғары тұратынын жанды кейіпте алып, маңғаз тұлға ретінде келістіре бейнелеген.

Ақынның күз тақырыбындағы сәтті шыққан туындысының бірі – «Көңіл – күз» аталыпты. Мұндағы басты айырмашылық көңілдің күзге айналуын кейіпкер мінезімен, оның көңіл-күйінің ыңғайына қарай аталған жыл мезгілінің әуенімен байланыста алып қарастырады. Лирикалық кейіпкер өз тағдырының кейбір сәттерін күз мінезіне сай контраста қарастырып, баян етеді.

Қаратып үлгерпей-ақ жан-жағыма,
Тағы бір күздің келіп қалғаны ма?
Жылдарым дөңгеленіп өтіп жатыр
Ұқсап бір қырдың жүйрік қаңбағына.

Ұзатып қайтқан құсты, қамығамын,
Шашымның ағын көріп жабығамын.
Ал бірақ сын сағаттың кезі келсе,
Белгілі сертті жерден табыларым. [35, 149-б.]

(«Көңіл – күз»)

Автор күз туралы толғанып отырып бір мезет ішкі сезім сырын философиялық әуенге ауыстырып, ежелгі жыр-толғаулардың мақамына салып, термелете жөнеледі. Өмір ағымының райын аңдаған лирикалық бейненің толғанысында ақын-жырауларға тән әлеуметтік көңіл-күйдің бедері басым көрінеді.

Жақсылар қиын жерде сыналады,
Жамандар не айтсаң да құп алады.
Не керек, алмағайып бұл заманның
Әнекей, келсең кел деп тұр алаңы.

Бәрі-бәрі сол алаңда белдеседі,
(Жеңеді тиетіндер елге себі).

Жамандық жұлқысады жақсылықпен
Сіңіріп жіберем деп елге сені

Сарғайған күзгі жапырақтардай сарғайған көңіл-күй әуенінің табиғатпен етене жақындығын, жақсылық пен жамандық атаулы бір-біріне кереғар екі ұғымның өмір алаңындағы тайталасын ақын әлеуметтік-философиялық таным тұрғысынан алып баян еткен. Көңіл-күйдің күзгі табиғат сынды құбылып тұрған әсерін ақын барынша әсерлеп, оқырманына ой салатындай дәрежеде бейнелеп шыққан. Лирикалық бейне толғанысында өмірдің кейбір түйткіл мезеттері көңілсіз күздің табиғатына сай параллельдік салыстыру пішінінде алынған.

Көңілім, қыран едің – ұран едің,
Хабарын сезгендейсің, сірә, ненің.

Қабағы ашылмаған осынау күз

Жайымды байқатып тұр мына менің

- деп жырлайды ақын көңілдің күзгі болмысынан сыр шерте.

Ақын біткеннің немесе өнер адамының қашан да табиғатпен етене жақындығы, байланыста болуы – әу бастан қалыптасқан заңда құбылыс деп алсақ, осы берік дәстүрді бекем ұстап келе жатқан шайырдың бірі - А. Нәріков екенін тағы бір дәлелдейтін тұс – оның күзден кейін келетін – қылышын сүйреткен қаһарлы қыс қызықтары. Көктем мен күздің маусымдық амал-қарекетіне шоғырлы өлең тудырған автор қысқы табиғат тамашаларын да жете зерттеп, бақылағанын төмендегі жыр шумақтарынан тереңірек тани түсеміз.

Кенеттен қар жауғанда жапалақтап,

Баладай қуандым қол шапалақтап.

Бір әйдік Аяз ата келе жатты

Мұрты аппақ, кірпігі аппақ, сақалы аппақ.

Кеткендей көңіліне желік кіріп,

Ол мені қырға әкетті еліктіріп.

Қаһарлы қыстың барлық қасиетін

Тұрғандай шәлкес мінез жел ұқтырып.

Қыс келбеті, қысқы табиғат көрінісі Ұлы Абай поэзиясында классикалық үрдіске көшіп, содан бермен қарай талай ақын-шайырлардың тұрақты тақырыбы боп келе жатқанын ескерсек, А. Нәріковте де сол белестен табылған. «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, басқан жері сықырлап келіп қалатын» Абайдың кісі келбетіндегі қысы А. Нәріковте «Бір әйдік Аяз ата келе жатты, / Мұрты аппақ, кірпігі аппақ, сақалы аппақ» боп құбылған. Қаһарлы қыстың барлық қасиетін шәлкес мінезді желдің ұқтыруы да көңілге сыйымды, нанымды шыққан. Адам мінезінен қыстың шәлкей табиғатын астастыра, сабақтастыра бейнелеуде ақын өзіндік ізденіс танытады.

Ақ дүлей бұрқ-сарқ етіп белеңдегі
Барады шаңғым менің тереңге еніп
Боранның буырқанған мінезіндей
Осы сәт арбап алды өлең мені.

Өлең өнеріне, сөз өнеріне ерекше баппен қарайтын ақынның қысқы табиғат құбылысынан шабыт шақырар әсемдік іздеуінде де үлкен гәп бар сыңайлы. Өйткені өлеңге арбалған ақынның эмоциялық көңіл-қошы лирикалық кейіпкердің сезім-сырын одан әрі биіктете, дамытатүседі. Кейіптеудің келісті де әр қилы формасын еркін игерген ақын қыс келбетін жандандыра, тілсіздерге тіл бітіргендей, үнсіздерге үні бітіргендей бейнелей жөнеледі. Қыс қаһары ақын бейнелеуінде қаһарынан айырылып, оқырманына жылылық сыйлағандай әсер етеді.

Бұрқасын бірте-бірте биікке асып,
Ойнайды алқымымнан сүйіп қашып.
Жондарын желге тосып дөң басында
Ақ былтыр қайыңдар тұр иықтасып.

Алыстан қарайды олар бойлап маған,
(Айнала тек ақ шаңыт ойнақтаған)...
Апшыны аяз келіп қуырғанда
Көгілдір көктем жайлы ойлап қалам.

Ақын суреттеуінде қыстың зәрі сынып, кейіпкердің көңіл-күй ырғағы қысқы табиғаттың қаһарын жұмсартып, майыстырып, иіп жібергендей әсер етеді. Әйтсе де бұрқыраған боран мен сықырлаған сары аязда көгілдір көктем жайлы арман ету – бұл енді табиғат заңдылығына қайшы келеді.

Қыс тақырыбы ақынның келесі өлеңінде өзгеше сипат тапқан. Бұл туысында қазіргі қыстың жай-күйіне ақын алаңдаулы. Бұрынғының азынаған, буырқанған қысы жоқ. Оның себептерін ақын өзінше түсіндіріп, өзінше байлам, өзінше болжам жасайды. Қазіргі қыстың көңілді көншітпейтін қаракетін ақын былайша жеткізіпті:

Аяздың алты қарыс «тісі» қайда,
Боп кетті-ау біздің жақтың қысы майда.
Өзі де «құдайыңнан» қаймыққан ғой,
Жатқан соң зымырандар түсіп Айға.

Жолаушы, ат тізгінін тез бер, дейтін,
Боран жоқ бұрынғыдай көз бермейтін.
Несіне бірақ соның таң қаламыз,
Жалғанда не бар дейсіз өзгермейтін [35, 174-б.]

(«Қазіргі қыс»)

Иә, автор дұрыс айтады, жалғанда, бұл дүниее өзгермейтін ештеңе жоқ, бәрі де өзгеріске ұшырауы мүмкін. Екіншіден, автор зымырандар жарысының дәуірін еске түсіріп, саяси-әлеуметтік жағдайды меңзеп тұр. Майда қыстың әсерін сол Айға ұшып жатқан зымырандармен байланыстыра

әңгімелейді. Әр түрлі ядролық жарыстардың әсерінен табиғат мезгілінің өзіндік қасиетінен айырылуын ақын өз өлеңінде оқырманға сынамаалап жеткізген.

Жалпы алғанда А.Нәріковтың туған жердің табиғатын, оның әсем көрінісі мен әдемі келбетін жырлаудағы ізденісінде шынайы суреткерге тән ақындық шеберлік іздері жатыр. Ақын кең байтақ Отанының көрікті көрінісін, оның табиғатын боямасыз қалпында беруге қашан да шебер. Халық тіліндегі қарапайым бояу нақыштардың ақын қолданысында өңі кіріп, сырлы да сымбатты сұлу дүниеге айналғанын көреміз. Ауыз әдебиетінен бастау алған кемерлі келісім, образды суретпен шілтеріленген табиғат тамашасы А. Нәріков лирикасында да жалғасын тауып, дәстүрлі арнаның көкжиегін кеңіте түскендей. Жыл маусымының әркелкі мезгілінің әдемі суретін әр ақын әрқалай жырға қосқан. Қазақ халқында жыл мезгілдеріне байланысты айтылар философиялық толғамдар мен психологиялық егіздеулердің түр-өлшемі қаншалықты мол болса, осы ұлттық эстетикалық байлықты әр суреткер өзінше өрнектеп, өзінше оюлап, сөз санатын, ой құдіретін танытары анық.

2 АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК, КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

2.1 Ақын лирикасының тілі, дәстүр жалғастығы

Қазақ лирикасында, жалпы өлең сөзде ақынның шеберлік қарымын, суреткерлік келбетін танытатын амал-белгілер көптеп саналады. Оның басты белгісі, әрине тақырып мен идеяға барып тірелері анық. Сонымен бірге ақындық шеберліктің, көркемдік ізденістің шынайы сипатын танытатын бір белес – ақынның, яки өлең сөз иесінің тілі мен көркем образ сомдаудағы ізденісімен де сарапталып, айқындалып жатады. Қазақ халқының бай да көркем тілін, ұлттың сөйлеу лексиконындағы бейнелеуіш құралдарды өз туындыларында әсем де әдемі қолдану үдерісі әрине, біріншіден, өлеңсөзде келісті көрінеді.

Сөз өнеріне, оның ішінде «сөз сарасы» (Абай) – өлеңге ерекше құрметпен қараған қазақтың ойы - жүйрік, тілі - кесте. Ауыз әдебиетінен бастау алған сөз өнері жанрлық ерекшеліктеріне сай әр қырынан салалық бағыттарға бөліне дамып келеді. Әдебиеттің тектері мен түрлері өзара ажыратымдық белгілерді иелене келе әр бағытта таласа, жарыса жетілу үстінде десек, лирика тегінің өзімен қоңсылас қонған басқа жанрларға қарағанда қарға адым алға кеткенін айтып өту де - парыз.

Лириканың өзге тектерге қарағанда оқ бойы озық кетуінің белгілі бір себептері де болса керек. Оқырманға қас қағым сәтте рухани ләззат сыйлау мүмкіндігі жоғары тұратын поэзиялық лириканың образ жасау, сурет тудыру әрекеті ақын тілінің байлығымен, автордың сөз саптау шеберлігімен қатысты әдеби үдеріске ұласатын құбылыс екені белгілі. Әр ақынның өзіне тән жеке стилін танытар шеберлік нәшінің бір қыры – оның тілі мен ой байлығына барып тірелері белгілі. Халықтың сөз қазынасының мазмұн байлығын автор қаншалықты игере алды, оны өлең сөзде қандай дәрежеде қолдана алды десек, ақын тілінің жасалу табиғатын үңілеміз.

Ақын А. Нәріков қолданысында көркем сөздің алуан түрлі бояулары молынан ұшырасады. Троп мен фигураның небір үлгісін ақын өз туындыларында үйлестіруге шебер. Алдымен троптың әдеби үдерістегі қызметі мен міндеті туралы ғалымдар не дейді? «Троп – грекше – tropos – бұрылыс, бұрма деген сөз. Тілімізде өз мағынасында қолданылатын сөздермен қатар, ауыспалы мағынасында қолданылатын сөздер де аз емес. Олар әсіресе көркем әдебиетте көбірек кездеседі. Көркем тілдің басқа түрлерінен ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің негізгі ерекшелігі астарлылығында. Бір нәрсені айтып, екінші мағына ұқтыруында» [65, 144-б.] дейді академик Қ. Жұмалиев.

Осы пікірді, осы ойды әдебиетанушы ғалым Қ. Жүсіпов те қуаттай түседі: «Сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті пернелей таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айтуды троп яғни құбылту дейміз» [66, 66-б.].

Зерттеушілер топтауында троптың бірнеше түрі бар. Олар: метафора, кейіптеу, метонимия, синекдоха, символ, аллегория, сарказм, ирония, гипербола, литота, гротеск, табу т.б.

Троптың көркем әдебиеттегі қызметі образ тудыруда поэзиялық шығармада жарқырай көрінеді десек, ақын А. Нәріков лирикасында қаншалықты өнімді сипатқа ие екендігіне назар аударалық. Ақын туындысында жиі қолданысқа ие троптың бір түрі – метафора яки ауыстыру.

Мысалы:

Шабыт-тұлпар, сыналатын кез келді,
Мен өзіңді қаншама жыл баптадым.

Ой-өзенім, ашылды арна тасып қал,
Тез жетеді барар жерге – асыққан.

Пернесін күйсандықтың басып қалып,
Өлең-сел төгіледі, тасып барып.

Өз заңымен айналады ақырын,
Планета – жаратқаның ұршығы.

Қыс – кәрілік, көктем мына – жастығым,
Деп тұрғандай құшақты кең аш бүгін!

Жігіттер, күлкі-бақыт, ұрыс – қайғы,
Шаттықтан ақын халқы жыр ұстайды.

Ойға алғаным орындалып жатса да,
Арман – түлкі жеткізбей бір жортады.

Жоғарыда курсивпен беріліп, асты сызылған сөздер метафораның зат есімнен жасалған түрін көрсетіп тұр. Шабыт-тұлпарға, ой-өзенге, өлең-селге, планета-жаратқанныңұршығына, қыс-кәрілікке, көктем-жастыққа, күлкі-бақытқа, ұрыс-қайғыға, арман-түлкіге баланып, ауыстырылған. Соңғы екі мысалда (Қыс – кәрілік, көктем мына – жастығым, күлкі - бақыт, ұрыс – қайғы) метафорамен қатар антонимдік қатардың пайда болғанын аңғаруға болады.

Метафораның А. Нәріков лирикасында сирек ұшырасатын бір түрі, ол – академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткен бейне, бейне бір (тең) деген сөздердің көмегімен жасалатын түрі. Мысалы:

Ақ қайыңдар көлбей қонған көлге кеп,
Көгілдірі дерсің бейне аққудың

Көгінен көңілімнің кетпей қойды ол,
Бейне бір бұла мінез бала бүркіт.

Алдымнан шықса, құшағын жайып, «ағалап»,
Басыма менің қонғандай бейне дара бақ.

Бұл берілген мысалдарда бейне, бейне бір көмекші сөздері аққудың көгілдірінің, бұла мінез бала бұркіттің, басқа қонған дара бақтың кейпінтанытып метафоралық құбылысқа ауыстырылған. Сонымен бірге кейіптеудің де элементтері кірігіп кеткен.

Ақын қолданысында жіктік, тәуелдік жалғауларының көмегімен жасалатын метафоралар да ұшырасады. Мұнда екі зат, екі құбылыс қатар алынып, біріне бірі баламаналып троптың метафоралық түрін байытқан. Төмендегі мысалдарға назар аударыңыз:

Екі ұлым – екі құрыш қанатым,
Қос шырағым маңдайымда жанатын.

Мен де – бағбан,
жүре алмаймың найқалып.

Сен – бәйтерек, інің бұл – балғын құрақ.

Байқағанымыздай екі ұлдың-екі құрыш қанатқа, қос шыраққа, балғын құраққа балануы тәуелдік жалғауының -ым, -ің қосымшалары арқылы іске асса, мен, сен жіктік жалғауларының көмегімен бағбанға, бәйтерекке айналғанауыстырудың жаңа бір үлгісіне жолығамыз. Өлең сөздің көркемдік мәнін арттыруда аталған троп түрлерінің қызметі зор болмақ.

Сонымен бірге бір шумақта метафора+теңеу+метафора формалы үлгінің де бар екендігін байқадық. Өлең сөзге ерекше өң-сипат беріп, бірін-бірі толықтыра түскен бейнелеуіш құралдары ақындық өнердің құдірет-күшін танытқандай.

Бара жатыр сарқылып бұлағым-ой,
Бір зілдей жүк иыққа сұлады ғой.
Әміршісі әлемнің Күнде мына
Тәулігіне бір рет шығады ғой.

Алғашқы жолда бұлағым-ой метафора болса, келесі тармақта зілдей жүк теңеу болып, үшінші жолда Әміршісі әлемнің Күнқайтадын метафораға айналған.

А. Нәріков туындыларының көркемдік мәнін арттырып тұрған және бір тропалық ерекшелік - бір шумақ аймағында метафораның кейіптеумен және эпитетпен қолтықтаса келе антонимдік қатарды құрайды. Төмендегі үзіндінің алғашқы екі тармағында өмір-өзеннің бір батып бір шығуы, кең тыныс ап, сосын тұншығуы метафора+антоним+кейіптеу белгісін білдірсе, үшінші және төртінші тармақтарда алма бет – эпитет, сол әдемі бетті әжім шіркіннің шимайлауы мен өз дегенін істеп тынар тіршілік – кейіптеу қызметін атқарып тұр. Оқылық:

Өмір-өзен бір батасың, бір шығып,
Кең тыныс ап, сосын тағы тұншығып.

Алма беттіәжім шіркін шимайлар,

Өз дегенін істеп тынар тіршілік.

Ақын өлеңдерінде метафораның кейіптеумен тіркесе келетін үлгілері мол ұшырасады. Төмендегі үзіндіде метафораның кейіптеумен йықтасқан түріне кезігеміз.

Мені біраз жерге апарып тастадың,

Еліктіріп, желіктіріп, жезде-өмір!...

Сонымен бірге жоғарыда айтқандай эпитетпен бірлесе метафора тудырған үлгілер де баршылық. Мысалы:

Достардың құшағына қойып кеттім,

Түсе сап ақ құс – әйдік самолеттен.

Бұл үзіндіде әйдік самолет эпитет те, әйдік самолеттің ақ құсқа баланып ауыстырылуы метафора қызметін атқарып тұр.

Көркем әдебиетте троптың және бір әдемі түрі – метонимия. Метонимия – құбылыстың аттары өз мағынысында тура аталмай, екінші бір басқа мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырыла қолданылып, сонымен бірге аталған құбылысты түгел ашып көрсете алуы тиіс. Яғни метонимия – алмастыру деген ұғымды білдіріп, троптың бір түрі саналады.

Ақын А. Нәріков лирикасында метонимияның не бір шұрайлы түрлері молынан ұшырасып қалады. Сондай-ақ метонимия құбылысы басқа да көркемдеуіш құралдармен бірлесе өлеңге әр беріп, туындының рухани әл-қуатын күшейтіп, жетелеп отырады. Мысалы:

Қош айтысып жастық шақбара жатыр,

Көмірқара шашыма күміс қонып.

Осы үзіндіде жастық шақ өтіп жатқан өмірдің кейпін танытса, көмірқара шаш эпитетке ұласа аталған қара шашқа күмістің қонуы – бурыл тартып ағарған шашпен алмастырылған, яки өзіне жақын мағыналас сөзбен орын алмасқан сыңайлы көрінеді.

Ақын қолданысында метонимия арагідік метафорамен көңіл жарастырып, кейіптеу оған болысып, өлең сөздің бейнелеуіштік қасиетін жандандыра, күрделендіре түсетін мезеттері де байқалады. Төменде берілген үзіндіде метонимия+метафора+кейіптеу формасына куә боламыз.

Қос жанар сурет түсіріп,

Көңілім бәрін қаттайды.

Ой-қазан өлең пісіріп,

Сарқылдап, тағат таппайды.

Алғашқы тармақта қос жанардың сурет түсіруі тұтастай алғанда кейіптеу боп тұрғанымен, бұл жерде қос жанар – адамның екі көзіне ауыстырылған. Үшінші тармақта ой-қазан сөз жоқ метафора боп түзіле келіп, сарқылдап, сағат таппай кейіптеуге ұласып кеткен. Сөз жоқ, бұл троптық құбылыстар ақын А. Нәріков лирикасына шырай беріп, өңдендіре түседі.

Ақын өлеңдеріндегі тыңнан алмастыру тудырудағы және бір тапқырлық - аталған бейнелеуіш құралы теңеумен іргелес орын теуіпті. Мәселен төмендегі мысалдарда метонимия+теңеуодағы өмірге келіпті.

Сан көздер ұшқын ата қарап қапты,
Төрдегі шынашақтай қара шалға.

Біздің үйде келеді өсіп екі өрім,
Келеді өсіп Турабидей сыншылар.

Келтірілген үзіндіде қалың қауымды яки жиналған халықтысан көздер, екі ұлдыекі өрім алмастырса, мәнді де сәнді метонимияны өмірге әкелуге төрде отырған шынашақтай қара шал мен өсіп келе жатқан Турабидейсыншылар сынды теңеулердің елеулі еңбек сіңіргендігі аңғарылады.

Әрине бұндай көрікті сөз өрнектерін автордың әдейі іздеп отырып құрастырмасы анық. Алайда ақынның халықтың ой байлығын, сөздік лексиконын терең меңгергендігі және сол ұлт қазынасынан үйреніп қоймай, оны өз тарапынан байытқанына куә тіркестер тізбегі жиі ұшырасып, көз байлайды. Сондай әдемі сөз қалыбын метонимия+кейіптеу+теңеу тізбегінде кездестірдік.

Ақ дүлейбүрк-сарқ етіп белеңдегі,
Барады шаңғым менің тереңге еніп.
Боранның буырқанған мінезіндей
Осы сәт арбап алды өлең мені.

Берілген шумақтың бірінші тармағында кейіптеулік сипатты иеленген ақ дүлей -қысқы боранның орнын баса алмасса, үшінші, төртінші жолдарда теңеумен (боранның буырқанған мінезіндей) тіл табысқан (осы сәт арбап алды өлең мені) кейіптеуді көреміз.

Көркем әдебиетте үлкен беделге ие және белсенді қызмет иесінің бірі – кейіптеу (олицетворение). Әдебиет теориясының маманы, академик Қ. Жұмалиев: «Жаратылыстың жансыз нәрселерін тап жанды нәрселердей етіп, жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеуді кейіптеу деп атайды» [65, 151-б.] – деп анықтама беріп өтеді.

Кейіптеу де троптың бір түрі ретінде көркем әдебиеттің поэзия жанрында елеулі қызмет атқарады. Тіпті кейіптеуді өлең сөздің жаны десек те болады. Өйткені кейіптеусіз көркем поэзия тумайды. Ақын А. Нәріков лирикасында кейіптеудің не бір шұрайлы, өнімді түрлері басқа да құбылту (троп) түрлерімен қоңсылас қоныпсап түзегенін төмендегі мысалдардан көруге болады.

...Елік мінез өлең-қызға гашық боп,
Өле-өлгенше өтетұғын шығармын

Ұйытқыған сезімімдей әумесер жел,
Қойынын жас талдардың қалады ашып!...

Ауыл үстін қараңғылық басыпты,
Ай да «ұялып», бұлт тасалай қашыпты.

Тұяқ тірер бір тұлдыр таппай құйын,
Секіреді Каспийге, тулап барып.

Билікті өз қолына алып жатыр,
Жылдың бір маусымының өзі келіп.

Жоғарыда берілген мысалдарда елік мінез өлең-қызалмастыру (метафора) қызметін атқарып үлгермей жатып-ақ ғашық бопкөмекші етістігінің тіркесуі арқылы бірден кейіптеуге айналып кете барған. Осы сынды тәуелдік жалғауының I жақтағы - ім қосымшасының көмегімен жасалған ұйытқыған сезімімдей+әумесер жел (теңеу+эпитет=кейіптеу) қосарлы құбылысты жарыса атқарып, кейіптеуге жартылай айналса, келесі тармақта тұтастай толық қанды кейіптеу (қойының жас талдардың қалады ашып) боп шыға келген.

Сол сияқты келесі мысалдарда айдың «ұялып» бұлт тасалай қашуы, құйынның тұяқ тірер тұлдыр таппай тулап барып Каспийге секіруі, жыл маусымының өзі келіп билікті қолға алып жатуы – сәтті жасалған кейіптеулер қатарын толықтыра түседі.

А. Нәріков лирикасында кейіптеудің эпитетпен қол ұстасып (кейіптеу+эпитет) келетін үлгілері молынан ұшырасып, шығарма шырайын келтіруге ықпал еткендігін аңғарамыз. Мәселен:

Жар басында жалқы өскен тал шыбық,
Тас төбемнен қарайды әркез шаншылып.
Таңда көрсем, бір уыс боп тұрады,
Балғын дене, мөлдір шыққамалшынып.

Сағымменен күлтеленіп етегі,
Күн қызғанда құлпырып-ақ кетеді.
Қыр астынан қылаң берген сал самал,
Желең төске жұпар сеуіп өтеді.

Берілген үзінділердегі: Тас төбемнен қарайды әркез шаншылып / Таңда көрсем, бір уыс боп тұрады, / Балғын дене, мөлдір шыққа малшынып деп келетін сөз тіркестері кейіптеу қызметін атқарса, осы контекстегі балғын дене, мөлдір шық жарасымды эпитет бола алған.

Ал төмендегі үлгілерде даңғой дауыл, көк көйлек, жас ару, қаһарлы қыс, шәлкес мінез, жайсаң жаз, қоңыр күз, сап-сары түгел атырап дегендер толыққанды эпитеттер бола алумен бірге келісті кейіптеулер тудыруға ықпал еткен. Мысалы:

Ал кей кезде даңғой дауыл күш қылып,
Бастайды бір бітіспейтін іс бүлік.
Көк көйлекті жұлмаланған жасару

Өктемдікпен алысады ышқынып

Кеткендей көңіліне желік кіріп,
Ол мені қырға әкетті еліктіріп,
Қаһарлы қыстың барлық қасиетін
Тұрғандай шәлкес мінезжел ұқтырып.

Төбеден саулап жапырақ,
Сап-сары түгел атырап.
Жайсаң жазқимамай қоштасты,
Қоңыр күзбилік жатыр ап.

Ақын қолданысындағы кейіптеулердің жаратылысына назар аударсақ, автордың әсіресе табиғат құбылыстарын (қаһарлы қыс, даңғой дауыл, сап-сары атырап, жайсаң жаз, қоңыр күз, шәлкес мінез жел, мөлдір шық, сал самал) бейнелеуде ойлы образ, көркем сурет

Өлең сөзді өрнектеудің машығын шебер меңгерген ақынның құбылтудың жарыспалы күрделі (кейіптеу+эпитет+антоним+синоним) түрін тудырғанына төмендегі мысалдар куә бола алады.

Қысқария, жарылқасын алдыңнан,
Көктемжігіт, қош келдіңіз, төрлеңіз!

Бұл мысалдарда қыс қария, көктем жігіт – эпитет болса, қария-жігіт – антоним де, ал қош келдіңіз, төрлеңіз синоним болып тұр.

Кейіптеу+теңеу тұлғасында келетін құбылтудың да түрлері А. Нәріков лирикасында бірқыдыру орын алған. Төменде соның бірнеше үлгісін ұсынамыз:

Өлең кеп өзегімді өртегенде,
Шәйнектей газға қойған сарқылдадым

Енді, міне, көктем өтті, жаз кетті,
Төрге шықты, егделіктей күз кіріп.

Жаутаңдап қимастықпен артына құр,
Шуласып, бір-біріне «айтып ақыл».
Керуендей алыс жолға бағыт алған
Тырналар жылы жаққа қайтып жатыр.

Асты екі қайтара сызылған сөздер теңеудің белгісін танытса, бір мәрте сызылған сөздер тіркесі кейіптеудің нақ өзі.

Жоғарыда кейіптеу+теңеу формасында келетін троп түрлеріне тоқталсақ, енді кейіптеу+теңеу+антоним пошымындағы үштіктің қызметіне назар аударайық:

Көп күнім алтын болмай, жезбоп шығып,
Қурайдай желді күнгі қалтылдадым.

Бұл мысалда алтын мен жез антоним қызметін атқарса, құрайдай – теңеудің, желді күн - эпитеттің, ал тұтас екі тармақтағы күрделі сөз тіркестері кейіптеудің озық үлгісін танытады.

Ақын поэзиясында шінара болса да кейіптеу+антоним құбылысы да кездесіп қалады. Төмендегі мысалда соны бір түріне тоқталамыз.

Бір-біріне елшілерін жіберіп,

Хабар күтіп жатыр ма әлде, көк пен жер.

Жазушы қашанда халық тілін пайдаланар алдында көпсөзділікке салынбай, өзіне керегін таңдап, талғап алары хақ. Соның ішінде поэзиялық туындылар егелері – ақындар қауымының сөз саптау машықтары өлең сөзде ерекше көрінері белгілі. Халықтың ұлттық қазынасы – тілдің құдіреті мен қуатын айқындап, белгілеуде бірінші салмақ ақындарға түсері анық. Тілдің атқаратын қызметін, оның көркем де әсем бояуын алдымен ажарлап қолданатын да өлең сөз өкілдері боп табылады.

Өмір құбылыстарын көркем сөз арқылы суретке айналдыруда ақындарға ұл тілінің зор байлығы - теңеу сөздер, синоним мен омоним және антонимдік қатарлар көмекке келеді.

Теңеу (сравнение) – бір нәрсені немесе бір заттың мәнін арттыру үшін оны екінші бір нәрсемен немесе сол затпен салыстырып көрсететін әдеби құбылыстың бір түрі. Теңеуді әдеби үдерістегі алатын орны ерекше саналады. Академик З. Қабдоловтың пайымынша: «Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу (орысша сравнение). Мұнда суреткер заттың құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» [67, 217-б.]

«Заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра зерттеуді теңеу дейміз» [66, 64-б.] деп анықтама береді профессор Қ. Жүсіп.

Жалпы алғанда әдебиеттанушы ғалымдардың теңеу хақындағы тұжырымдарына жүгінсек, теңеусіз көркем поэзияның сәні болмайтын сыңайлы көрінеді. Яки бір сөзбен айтқанда, теңеу – өлең сөздің образ тудырудағы жаны да, қаны да.

Аталған көркемдеуіш құралдың ақын А. Нәріков лирикасындағы қолданыс аясына келсек, академик Қ. Жұмалиев атап көрсеткендей: «Теңеулердің зат есімге, есімше етістікке жалғанатын -тай (-тей); -дай (-дей); -ша (-ше) және –дайын, (-дейін)жұрнақтары арқылы жасалатын» [65, 140-б.] түрлері жиі кездеседі. Ақын тудырған теңеулерді жасалу жолдары мен қолдану аясына қарай сұрыптап, топтасақ төмендегідей жүйені құрайды.

1) Күнделікті тұрмыста тұтынатын заттармен байланысты туындаған теңеулер:

Бой балқып, қорғасындайшоқта қалған,

Отырдым жүрегіме топтап арман.

Көп қайралған пышақтайын жұқартып

Күнде қырық құбылғын, шіркін көңіл,
Таразының тіліндей қалтылдайды.

Мөлдірмін хрустальдай-шыныдай бір.

Көмірдей шашым ағарды,
Айтамын несін, досым-ай!

(Жұрт көзінше жарқ-жүрқ етіп жүрді Ақан
Қынабынан суырылған қылыштай.

Артық жүк болмасам деп армандаймын,
Қираған көне өмірдің арбасындай

2) Табиғат құбылыстарымен қатысты пайда болған теңеулер:

Бұтақтай күнге күйген арса-арса,
Жүйіткіген домбырада саусақтарың.

Алатын көздің жауын қызғалдақтай,
Әлде мен бір сұлуға қызықтым ба?

Тыныштық – дәл осы шақ бар керегім,
Арадай гүл қуалап, бал теремін.

Ұладай күйдің жұмсақ алақаны
Жарасын кей жүректің жапты барып...

Керуендей алыс жолға бағыт алған,
Тырналар жылы жаққа қайтып жатыр.

Өзінді жүруші едім таудай көріп,
Жатырсың, қайран досым, нардай шөгіп.
Жолыңа қансонар боп төселсемші,
Пейілді қаңтардағы қардай төгіп.

Ұл-қызыңның өрісті боп өмірі,
Бәйтеректей жапырағың жайқалсын

3) Жан-жануар тіршілігімен байланысты туындаған теңеулер:

Ал өзің жанымнан бір шықпай қойдың,
Құлындай желісінде ноқталанған.

Енесінен ерте айырылған құлындай

(Қара нардай қайыспасын, төзермін!

Қара нардай қасқайып тұрасың да,
Бұйра бұлтқа өркешің ұласуда.

Келістіріп боздағанмен ботадай,
Көздеріннен бір тамшы жас шықпайды.

Тебісіп телқұлындай өскен достар,
Егін сап, машина айдап, мал бағады.

... Қазығыма тура тартып келемін,
Тулап-тулап, басүйренген асаудай

Қаламұшым қадалды бір нүктеге
Сәйгуліктей қазықта қаңтарылған.

4) Жалқы есімдер тудырған теңулер:

... Естелік көз алдында тұру керек,
Әйгілі Аяз бидің шапанындай.

Достық деген Қыз Жібектей ару зой
Төлегенге семсер ұстап сөз берген

Сүндетқали Сариевтей болсақ деп,
Қай жерде де сені мақтап жатады.

Ұрпағы ең Бесбатырдай тектілердің

5) Адамзатқа қатысы бар теңеулер:

Айлар ағып, жылдар жылжып жатады,
Зая кеткен еңбегіндей негрдің.

Жұмысың бастан асып жатсадағы,
Сәбидей аялаушы ең бәйек болып.

Мінезім ауылымдай аңғал-саңғал,
Үйлерін есігінің бекітпеген.

Аңқылдаған абыз ол,
Аппақ құдай сақалы.

Ақынның сөздік лексиконындағы теңеулердің бірсыпырасы метафорамен қол ұстаса өмірге келсе (теңеу+метафора):

Өмірімен жұдырықтай жүректің

Іздеріме аппақ арман – жыр ектім ,

енді бірі эпитетпен жұптаса қоңсылас қонған: (теңеу+эпитет):

Ақ қағаздай қалам ізі түспеген,

Албырт жаннан күтпе бірден іс терең.

Көйлектей оңып кеткен күлгін тартып,

Көкжиек қорғасын бұлт кескіндейді.

Сондай-ақ араласып келетін (теңеу+эпитет+теңеу) көріктеу құралдары да ақындық шеберліктің бастауына ұйытқы бола алған:

Бір зілдейжүк иығымнан басады,

Баданакөз сауытындайбатырдың.

Батыр үшін күн сұрайтын ұландай,

Жалаң қылыш жазалаушым тұр алда

Осы ой мені жегідей жеп жүр қазір

Ертелі кеш уысынан шығармай...

Берілген мысалдарда зілдей жүк, баданакөз сауытындай, күн сұрайтын ұландай, жегідей жеп деген тіркестер теңеу болса, баданакөз сауыт, жалаң қылыш жазалаушым – эпитеттер қызметін атқарып тұр.

Ақын А. Нәріков лирикасының мазмұн байлығын арттырған суреттеу құралының (теңеудің) көп болмағанмен кейбір тұста синониммен сүймелдесіп тұар қалатын кездері де бар (теңеу+синоним):

Бәзбіреудей айлы-шарғы іс қылып,

Танытпадым «күштілік» пен «тістілік»...

Синониммен тіл табысқан көріктеу құралының (теңеу) антониммен де алыстығы жоқтығына төмендегі мысалдар куә бола алады (теңеу+антоним):

Жылдар, жылдар шарқайрақтай зырлаған,

Күш-қуатты бірте-бірте «ұрлаған».

Алыстатып жастық шақтың ауылын,

Кәрілікке жақындатқан бір қадам.

Осы сынды араласқан үштік құбылысы да (теңеу+антоним+метафора) ақын өлеңдерінде бірен-саран болса да ұшырасып отырады. Мысалы:

Қорғасындай балқиды ойым дәйім,

Бірде қасқыр, ал бірде қойыңдаймын.

Берілген үзіндідегі қоймен қасқыр антонимдік қарама-қарсы кереғар мағына танытса, бірде қасқыр, ал бірде қойыңдаймын деп келетін жолдардағы жіктік жалғауының бірінші жақтағы жекеше формасында ашық (қойыңдаймын) және жабық (қасқыр), нольдік тұлғасында (қасқырдай Омын) келіп, ауыстыру (метафора) қызметін атқарып тұр.

Ақын қолданысындағы кейіптеулердің жасалу табиғатын басқа да бейнелеуіш құралдарымен байланыстыра жоғарыда арнайы сөз еттік. Енді

теңеу мен кейіптеудің арақатынасынан туған қандай образдар галереясы (теңеу+кейіптеу) туындағанына назар аударалық:

Кенеттен қар жауғанда жапалақтап,
Баладайқуандым қол шапалақтап.
Бір әйдік Аяз Ата келе жатты
Мұрты аппақ, кірпігі апақ, сақалы аппақ.

Мұртындай бозбаланың түбіттеген,
Бүршігі көзге тіпті ілікпеген,
Көк көйлек қашан киіп шығады деп,
Қарадым теректерге үмітпенен.

Жеңілтек бойжеткендей жырпылдаған,
Замана, ұнамайды құлқың маған.
Мінезі адамдардың айнымалы
Жүзіндейұстараның қылпылдаған.

Қанаттан ұшып түскен мамықтай боп,
Төбемнен жапырақтар жауып тұрды.

Жоғарыда берілген үзінділерде қазақтың көркем тілінің қаншалықты ойлы образды әсем суреттерді дүниеге әкелуге ықпал еткендігіне куә болдық.

Ақын А. Нәріковтің көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарына үңіле келе, таразылап, саралай келе, оның төл поэзиямызда бұрыннан бар дәстүрді үйреніп бақылағанына, Ұлы Абай негізін қалаған, Мағжан, Сәкен, Қадыр, Тұманбай, Мұқағали, Фариза, Жанғали, Ақұштап сынды лирик ақындар салған соқпақты кеңіткеніне, тек қана үйреніп қоймай, өзі де жаңа дүниелер тудырғанына көзіміз жетті.

А. Нәріковті суретті әдеби картиналарды өмірге әкелуде ізденімпаздық танытты десек, оның сөз саптау лексиконында теңеу+антитеза+теңеу құбылысы да кездесіп қалады. Мәселен:

Сабыры көлдің бар тегі,
Кесеге құйған тұр сүттей.
Балақыздардың бантигі,
Бұтақтардағы бүршіктей

Антитеза (шендестіру) – бір-бірінен алшақ жатқан екі нәрсені қатар тең қойып, үшінші бір нәрсенің мән-мағынасын анықтауды, айқындауды мақсат ететін әдеби фигураның бір түрі десек, ақын А. Нәріков лирикасында көлдің сабырлылығын, айдынның тыныштығын кесеге құйған сүтке теңей отырып шендестіру құбылысын тудырса, келесі мысалда балақыздардың бантигінің әдемілігі бұтақтардағы бүршіктерге теңеліп, антитезалық фигура пайда болған. Яки бір-біріне түк те қатысы жоқ екі түрлі мағынаға үңілу арқылы үшінші бір ұғымның мықтылығын ажыратуға көңіл бөлінген.

Жалпы алғанда А. Нәріков теңеулерінің негізгі ерекшелігіне келсек, ақын туындыларында аталған бейнелеуіш сайманы өлең сөздің күш-қуатын

арттыруға қызмет етеді. Оқырманын жалықтырмай, алға жетелеп, өзге де көркемдеуіш құралдармен бірлесіп, араласып-құраласып, ойға ой қосып отыратын теңеулердің қатары мол.

Ақын А. Нәріковтың шығармашылық лабораториясына тереңдеген сайын қаламгердің ой мен тілдің образ жасаудағы қызметін жете сезінгенін аңдауға болады. Көркемтуындылардың эстетикалық нәрін байыптаған академик С.Қирабаев өзінің зерттеу еңбегінде: «Қарапайымдылық пен нақтылық, суреткерлік пен бейнелілік - нағыз талантты туындының белгілері» [68,147-б.] деп атап көрсетеді.

Әдебиеттанушы ғалым тұжырымдаған талантқа құрмет көрсетудің сапалық үлгісіне, озық сипаттарына А. Нәріков ақындығының болмысы толығымен сиып кеткендей. Өйткені өлеңдегі ой көркемдігіне назар аудару – А. Нәріков ақындығының басты белгілерінің бірі саналады.

2.2 Бейнелілік жүйесі, суреттеу құралдары

Көркем әдебиетте шығарманың негізгі сапалық қасиетін арттырып, мазмұнын байытатын образды әсірелеп күшейтетін тәсілдің бір түрі – фигура (айшықтау). Ақын-жаушылар туынды тілінің уыттылығын күшейту мақсатында қалыпты дағдыға түскен тілдің синтаксистік құрылымынан ауытқып, жаңа бір тосындау, өзгешелеу үлгілерді өмірге әкеледі. Әдеби теориялық ұғымдарды терминдеуші ғалым, академик Қ. Жұмалиев [65, 168-б.] фигураны төмендегідей алты топқа бөледі: 1) арнау, 2) қайталау, шендестіру (антитеза), 4) дамыту, 5) инверсия, 6) элепсис.

Ақын А. Нәріков қолданысында аталған айшықтау түрлерінің баршасы болмағанымен кейбір үлгілері ұшырасып қалады. Айталық, арнаудың үш түрі (жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау) бар десек, соның ақын туындысында кездесетін түрі – сұрай арнау. Мысалы:

Арқадан азынап бір жел ескелі,
Шөптердің сұрқы қашты белестегі.
Көктемнің көкорайы көз үйренген
Ей, сәуір, сенің сәнің емес пе еді?

Берілген мәтінде жылдың бір мезгілі сәуірге сұрақ қою арқылы сұрай арнаудың бір түрі пайда болған.

Әдебиет зерттеушісі Қ. Жүсіп: «Сұрай арнаудың екі түрі болады. Жауап талап ететін сұрау және жауап талап етпейтін сұрай арнау. Жауап қайтаруды қажет етіліп айтылса, ондай сұрай арнауды жауап талап ететін сұрай арнау дейміз» [66, 79-б.] – деп келеді де сұраудың жауабы өз мазмұнында тұратын сұрай арнаудың түрін риторикалық сұрау дейміз деп атап өтеді және оған Махамбет, Абай шығармаларынан мысалдар келтіреді.

Жоғарыда берілген берілген ақын туындысынан алынған үзінді мысалында сұрай арнаудың жауапты талап етпейтін түрі берілген.

Ақын А. Нәріков лирикасында өнімді сипат тапқан фигураның бір түрі – қайталау. Бүгінгі әдебиетте қайталаудың бірнеше түрі бар (олар: жай

қайталау, еспе қайталау және анафора-әдепкі қайталау, эпифора-кезекті қайталау) және өркен жайып қанаттана түсуде. Қайталаулар оқырман көңілін белгілі бір сөзге аудару үшін және назарын белгілі ұғымға тоқтату үшін пайдаланылады. Жай қайталауда назарға алынған сөз онша бір қатты желікпей, әшейін салмақты, байыпты түрде жайымен ғана өлең тармақтарында екі-үш жерде кездесіп, қайталанып отырады. Жай қайталауға мысал:

Достар. Достар. Мен сендерге қостым үн.

Сендер барда жоқ қой менің еш мұңым.

Достық болып оралады өзіме

Өздеріңе жасап жүрген достығым.

Осы шумақтағы достар мен достық сөздері жай қайталанып, оқырман назарын байыпты түрде өзіне аударатыны аңғарылады.

Көркем тілдің көріктілігін танытатын қайталаудың бірі – еспе қайталау дедік. Төменде еспе қайталаудың түрі берілген. Автор оқушы назарын Дендерге аударып, жалқы есімді (жер атауына) біреше рет атап өтіп, есіп қайталап отыр.

Қай Дендер, мына Дендер, Дендер, Дендер,

Алдыңнан құба бел боп көлденеңдер.

Жайықтан ат суарып, бір желпінді-ау,

Жорықтан жау түсіріп келген ерлер!

Қай Дендер, мына Дендер, Дендер, Дендер,

Дендерден тұрақ таппас «өзгергендер...».

Мәңгілік Махамбеттің мекені бұл,

Дендерді Түркістаннан кем көрмендер!

Сонымен бірге ақынның бейнелеу құралының құрамында жоғарыда сөз блған қайталаудың әдепкі қайталау түрі саналатын – анафора да орын алған.

Анафораның шартында өлең тармақтарының ұдайы бір сөзден басталуы талап етілсе, ақын А. Нәріковтың лирикасында сол талапқа толық жауап беретін фигураның қарасы баршылық екен. Мәселен төмендегі мысалдарда Елу жылдай, Оянның сағынамын, Екі басқа деп келетін өлең тармақтарының бастапқы жолдары анафора болуға толық лайықты деп ойлаймыз.

Елу жылдай құсадан айықпаған,

Елу жылдай болды ол «айыпты» адам.

Елу жылдай даланы күңіретті,

Ақбөбектің зарлы үні «Қайыптаған».

Елу жылдай сезімін өбектеген,

Елу жылдай басқа жан керекпеген.

Елу жылдай тау ішін тітіретті,

Қайып зары «Ғашығым, Бөбек» деген.

Оянның сағынамын тұнық таңын,
Оянның сағынамын қоңыр кешін

Екі басқа талант пенен кісілік,
Екі басқа бұл туралы түсінік.

Қайталаудың келесі бір түрі – эпифора аталады. Бұл айшықтаудың негізгі айырым белгісі өлең сөздегі нысанаға алынып отырған сөйлемнің немесе сөз тіркесінің маңыздылығын көрсету тәсілін ақын жыр тармағының соңында пайдаланады. Яки, эпифора анафораға қарама-қарсы мәнде қолданылады. Кезекті қайталаудың бұл түрі А. Нәріков лирикасында көп кездеспейді, біз білсек, тек бір ғана туындысында ұшырасады. Мәселен:

Ізет қылып үлкенге

тік тұруды ұнатам.

Аз сөзбене көп ойды

ұқтырғанды ұнатам.

Сыр бүкпейтін досынан

ашықтықты ұнатам,

Бәрінен де өмірге

ғашықтықты ұнатам.

Жабырқасам жарым кеп

Құшақтауын ұнатам,

Албыр жастың арманын

Тұсатпауын ұнатам

Болса дағы өлеңнің

«азабын» мың ұнатам,

Бәрінен де арымның

Тазалағын ұнатам!

Сатылы тармақ үлгісімен жазылған бұл туындыдағы жіктік жалғауының I жағында тұрған етістік формалы ұнатам сөзі эпифораның өмірге келуіне дәнекер бола алған.

Фигураның қазақ әдебиетінде кең тараған бір түрі ұлы Абай поэзиясын классикалық биікке көтерген айшықтау – антитеза (шендестіру). Шендестірудің негізгі міндеті бір-бірінен алшақ айлық жерде жатқан екі нәрсені қатар қойып, салыстарады да ойда жоқта үшінші нәрсенің қандай екенін анықтап береді. Антитезаның озық үлгілері қазақ ауыз әдебиетіндегі «Ер Тарғын» жырында («Қара жерге қар жсауар, / Қарды көр де, бетім көр, Қар үстіне қан тамар, / Қанды көр де, бетім көр»), Абайдағы («Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, / Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға») – деп келетін мұқым жұртқа мәлім мысалдар арқылы таныс. Бүгінгі қарыштап дамыған ұлт поэзиясында да шендестірудің мықты үлгілері кездесері анық.

Ал А. Нәріков поэзиясында антитезаның төмендегідей құрылымға ие үлгілері кездесіп, туындының шырайын келтіріп, өң беріп, суреттеу құралының бағасын арттыра түседі.

Қосылма, қосыл мейлің, еріктісің,

Түседі көзге бірден көрік, мүсін.
Ажары сол арудың тұрады ылғи
Алматы апортының беріп түсін.

Тырналар көк төсінде тыраулаған,
Барады тастап түрлі сұрау маған.
Ақ бұлттар, ақ қағаз да түзу тізбек
Өлеңнің жолдарынан бір аумаған.

Қызуын үлестірген бар адамға,
Жомартты бұдан артық таба алам ба?
Ұқсайды көкжиектен көрінген Күн,
Ошақтан жаңа алынған таба нанға

Жоғарыда берілген бірінші мысалда арудың бірден көзге ұрған көрік, мүсіні Алматы апортының түсімен шендестірілсе, екінші мысалда көк төсінде тыраулаған тырналардың мен ақ бұлттардың тізбесі ақ қағазға түскен өлең жолдарымен антитезалық құбылысқа түскен. Соңғы үлгідегі мысалда қызуын бар адамға үлестірген Күннің ошақтан жаңа алынған таба нанға ұқсауы—ақын ізденісінің нәтижелілігін танытса керек.

Қоғам тынысын, өмір құбылысын суретті сөздер көмегімен көрсетіп, әдеби тілді ажарлаудың мол мүмкіндігін танытатын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдың бірі – эпитет (айқындау) саналады. Эпитеттің өзге ажарлау құралдарынан артықшылығы ол – поэзиялық шығармаларда да, прозалық туындыларда да кең қолданысқа ие. Тіпті айқындаусыз әдеби туынды туылмайтындай, көркем шығарма оқылмайтындай көрінеді. Эпитетті әр ақын-жазушы өзі жасайды. Қазақтың тіл байлығын еркін игерген қаламгердің сөздік қорында эпитеттің не бір шырайлы үлгілері кездесетіні хақ. Аталған қазынананың мол байлығын шебер меңгерген ақындар сапынан табылған А. Нәріков қолданысындағы эпитеттердің бірқатары ұлт тілінде бұрыннан бар дайын үлгілер болса, енді бір сыпырасы ақынның өзі өмірге әкелген айқындаулар.

Ақын эпитеттерінің мазмұны төмендегідей жүйені құрайды: алма бет, гүл кеуде, ақ қанатты арман, алаулаған арман, зор болашақ, көркем қала, патша көңіл, еңселі үй, қызулы шақ, асқақ ұл, ащы ақыл, көбік сөз, дүбірлі дала, еркін ауа, жалаң үгіт, жас жеткіншек, жарық күн, айдын көл, жасыл құрақ, жылы жаңбыр, көк шалғын, сауықшыл жандар, серкесінген жігіттер, жас жүрек, пәк жүрек, қос жүрек, еркетотай аяқтар, құрыш білек, жас махаббат, толассыз еңбек, кәрі қыс, сап-сары егінжай, қоңыр күй, күміс күлкі, ақ шөлмек, аппақ үйлер, құба бел, ыстық атамекен, зәрлі айыр тілдер, күміс кірпік, қызыл дән, қоңырлау мінез, қоңыр тірлік, елік мінез, жалаң қылыш жазалаушы, тұлпар көңіл, қу тірлік, жүйрік қаңбақ, ып-ыстық қан, салқын қабақ, нұрлы заман, тәуір күн, сал самал, желең төс, балғын дене, мөлдір шық, әсем қала, еңселі үй, елік мінез, жайсаң жаз, қоңыр күз, қоңыр үн, дархан дарын, сары аяз, қызылшұнақ аяз, қара тер, қызыл қан,

қан майдан, қу қарғыс, темір таяқ, алау нұр, әумесер жел, дархан алап, ақжарқын жан, мұңды ән т.б.

Ақын өлеңінен эпитетке бір мысал:
Жанымның тазалығын қорғап қалам,
Қара тер, қызыл қанды тамшылатып.

Бірақ. Бірақ. Қиял қашан көз ілді,
Қайда қоям тіні нәзік сезімді?
Ораламын қазығыма қайтадан,
Серік етіп темір тектес төзімді.

Осындағы қаратер, қызыл қандеген эпитеттерқазақ тілінде бұрыннан бар ұлттық ұғымға сіңіп кеткен көпке таныс ажарлау саймандары болса, тіні нәзік сезім, темір тектес төзім деген тіркестер ақынның өзі тудырған айқындау құралы боса керек.

Сонымен бірге ақын қалыптастырған эпитеттердің басқа да көріктеу құралдарымен байланысып, тығыз қарым-қатынаста болуы – өлең сөздің әрін келтіріп, ойлы образ жасауға ықпал етері анық. Төменде эпитетпен иықтасып келген теңеудің түріне кезігеміз:

Айлық жерге ат қосқанатбегідей,

Менен үміт әлі үзбей келесіндер.

Ақын ізденісінде эпитет+теңеу+антоним қалыбындағы ажарлау үлгілері де бірін-бірі толықтырып, мағыналы кестелі сөз өрнегін дүниеге келтірген. Мысалы:

Шақша басым шарадай боп жүр қазір,

Араласып ойдағыменқырдағы.

А. Нәріков айқындаудың жеке дара өзін алмай оны басқа да тілдік құралдармен құлпырта қабыстыруға шебер. Жоғарыдағы үзікте шарадай теңеуі мен ойдағы-қырдағы антонимдері шақша бас эпитетіне қосымша нәр беріп, туындының көркемдік мәніне жылы реңк сыйлаған.

Ақын жырларындағы эпитеттің кей реттерде метафорамен табан тіресіп келетін үлгілері де кездесіп қалады. Мәселен, төменде берілген үлгіде екеуі екі тармаққа барып қонақтаған бейнелеу құралдарының (эпитет+метафора) бір-біріне арқа сүйеп жараса қалғанын аңдауға болады. Танымалық:

Сезімімнің аппақ таңы атты шын,

Айдынына жүрек-қалтқы батты шым.

Айта кету керек, осы жерде жоғарыда сөз болған антитезаның да бір элементі қылаң береді. Сезімнің аппақ таң боп атуы –жүрек айдынына қалтқы боп шымдай батуымен шендестірілген. Байқанымыздай автор екі-ақ өлең шумағына ажарлаудың бірнеше үлгісін сыйғызып, шеберлік нәшін танытқан.

Айқындаудың суреттеу құралы есебіндегі қызметі шексіз. Шығармаға өң беріп, туындыға жылылық нұрын сеуіп, оқырманын еріксіз елітіп отыратын жақсы қасиет күллі құбылту құралына да тән, ортақ мінез десек те,

эпитеттің кейіптеу құшағына еніп, жанды бейнеге айналдыратын суретті сөзді (эпитет+кейіптеу) төмендегімысалдардан көруге болады.

Хабары қәрі қыстың құс біткенді
Жып-жылы ұясынанқуып шықты.

Көшеде көк мұз – тайғанақ,
Қолымда темір таяқ бар.
Көшеде көп қыз айқабақ,
Барады билеп аяқтар

Үзінділерде берілген қәрі қыс, жып-жылы ұя, тайғанақ көк мұз, темір таяқ, айқабақ көп қыз сынды эпитеттер қуып шықты, барады билеп аяқтар деп келетін етістіктердің көмегімен эпитетке айналған.

Жалпы алғанда А. Нәріков лирикасында эпитеттің алатын орны зор. Ақын аталған бейнелеу құралын дәстүрлі үдеріске сай қолданумен бірге, өзі де тың эпитеттерді дүниеге әкелді. Айталық, тіні нәзік сезім, темір тектес төзім, ақ қанатты арман, алаулаған арман, ащы ақыл, көбік сөз, еркетотай аяқтар, серкесінген жігіттер, зәрлі айыр тілдер, күміс кірпік, елік мінез, жалаң қылыш жазалаушы, жүйрік қаңбақ, әумесер жел, дархан алап деп келетін эпитеттерді ақынның шығармашылық ізденісінен пайда болған айқындауларға жатқызарымыз анық.

Айқындаудың аталған түрі А. Нәріков шығармаларында автордың тақырыптық-идеялық мақсатын танытумен бірге оқушысына әдеби-рухани құндылықтар сыйлауға сеп болған.

Өлең сөзге әдеби мағына үстеп, туындының шырайын келтіріп, ажарын үстейтін тілдік құралдың бірі – антоним. Антоним – дегеніміз бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылып, кереғар мағына тудыратын сөздер. Антонимді әдебиетті көркемдеуші, дәмдеуші мықты құрал ретінде танимыз. Антоним - поэзиялық шығармалардың мазмұнына нәр себуші, жан бітіруші бейнелеуші тетіктердің бірі ретінде үлкен беделге ие тілдік тұлға саналады. Өлең сөз өзінің өрісінде антонимсіз аттап баса алмайды. Содан да болса керек, зерттеушілер антонимді иірімді құбылысқа жатқыза келе «Антоним сөздер – өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі» [66, 58-б.] деген тұжырымға келеді.

Ақын А. Нәріков лирикасында антонимдердің не бір шұрайлы түрлері молынан кездеседі. Оларды жаратылысы мен қолданысына қарай бірнеше жүйеге топтауға да болады. Айталық:

1) ұлттық ұғымға құрылған жақын туыстық атаулар мен адами сыйластық, жақындыққа байланысты пайда болған антонимдер:

Көпке іні және көпке ағамын,
Келер кезі берілетін бағаның...

Үлкеннің сыйлап сақалын,
Кішінің сыйлап атағын.

Қай кезде де қария -күт, жас – үлгі,
Жалғайды ұрпақ ғасырларға ғасырды.

Сондадағы адам жастық шақтарын
Ұмыта ма, кәрілікке қия ма?...

Қайда барсам, қой өргізген жас жігіт,
Ақсақалды аталарды көрмейің.

Өмірде ғұлама бар, надандар бар,
Қыранбар, көкте және жаман қарға.

Көмейден көңілдегім ақтарылар,
Ниетім қараға емес, аққа құлар.
Жүкпайды ақбоп жүрсең, жаққан күйе,
Мен кепіл қаларына сақталып ар.

Сондықтан кең ашылсын құшағымыз,
Демейік бақыттымыз, құсалымыз.

2) Сапалық қатынасқа байланысты туындаған антоним сөздер:

Жаман болсам, жетер жерім белгілі,
Жақсы болсам, жақсылықты табамын

Есіл-дертің өз жайыңды күйттеу боп,
Досты азайтып, көбейтіпсің қасыңды.

Берерімді сарқып беріп, ей, өмір,
Аларымды алып тынам мен сенен!

Басымды тікпедім мен бәсекеге,
Мінезім мыссы, бірақ салқын қаным.

Соңғы нүктем алыс па, әлде, жақын ба?
Ойланғаным жоқ әлі бұл хақында.

Биік пе, әлде, аласа ма өресі,
Құтылмайды ол тағдырынан көресі.

Жігіттер, күлкі бақыт, ұрыс қайғы,
Шаттықтан ақын халқы жыр ұстайды.

Жайшылықта соны біз сеземіз бе,
Ашу қысса, ақылдан беземіз де.

3) Өмірдің ағымы мен замана жайында сыни көзқарастан туындаған антонимдер:

Өмірімнің көбікетіп, қалды азы,
Белгілі ғой, белгілі ғой аржағы.
Қымбатымнан қалып тұрмын көз жазып,
Қу тірліктің көлбеңдейді арзаны.

Өмір, өлім таразыға түсіп тұр,
Мұндай сәтте сенім деген күш ұтқыр.

Ынжық қып кеткен алғырды

Нәзіктіктің өмір үшін күресі,
Мықтылыққа үйретеді екен ғой.

Кімдер бастан кешті екен бұл жайды?

Үміт кеміп, күдік деген ұлғайды.
Бітімі мен бет-бейнесін көрсетпей,
Бір елестер алыстан қол бұлғайды.

Жақсы-жаман бір жүрген бұл жалғанда,
Мазасыздау күн кешіп келемін мен.

Бұл дүние тар екен ғой, кең деп едім,
Теріс боп шыға келер, жөн дегенің.

Бұл өмірдің өзім сүйген бір гүлін,
Кейде ұнатып, қалам кейде «жек» көріп.

Сыртым бүтін, ішім түтін адаммын,
Қайтесіңдер бетін тырнап жарамның.

Бұл күнде ойлы да көп, елірген де,
Және көп арызан да, семірген де...

4) Уақыт өлшемі мен жыл мезгілдерін бейнелейтін антонимдер:

... Күнім қазір көкжиектен ерте асып,
Таңым болса, тым кештетіп атады

Көппе, аз ба – біршама жол жүріліпті,
Батып күн, талай таңдар түріліпті.
Ырзамын тағдырға бұл десемдағы,
Көңілдің бірі хошта, бірі күпті

Бірде өндіріп, бірде өндірмей ісімді,
Өтіп жатыр жайдарыкүн, мұнар күн...

Арман шіркін жетелейді адамды,
Бірде жақын, бірде алыстап көрініп.

Құйқанды ашта жеген, тоқта ұмытып,
Өткенді бүгіннен қойма бөтен.

Күндіз жұмыс, ал түнде отырамын,
Дәптеріме түсіріп жырды асыға.

5) Ел-жұртқа байланысты пайда болған антонимдер:

Десек те далатыныш, қалатыныш,
Жер шалғай – мұның өзі жаратылыс.

Оңымдыор, солымды сор қоршап ап,

Қалса да дала қараң, қала қараң,
Адалы, арамына қарамаған.

Өмірдің күнгей жағын қалап тұрсаң,
Көлеңке көңіліңді қалдырады.

Ақын қолданған антонимдердің ішкі жаратылыс құрылымындағы өзгешеліктің бірі - жасалу, туу формасы антоним+антоним қалыбында құйылған. Мысалы:

Ұлдар өсіп, қонып жатыр ұяға,
Қыздар өсіп, ұшып жатыр қияға.
Сондадағы адам жастық шақтарын
Ұмыта ма, кәрілікке қия ма?...

Жоғарыда берілген үлгіде бір шумақтың төрт тармағына да антоним ұялап, өлең сөзге өң беріп, мағына үстеп, бір-біріне шуағын шашып тұр. Осындағы ұлдар мен қыздар, ұя мен қия, жастық пен кәрілік сынды антонимдер өлеңнің әр жолына желімдей жабысып, біріне-бірісәулесін түсіріп, бірі екіншісін демеп тұр десек те болғандай.

Ақын жырларында антоним+теңеу түрінде келетін көріктеу құралдары да кездесіп қалады. Мәселен, төмендегі тармақтарда күнге күн, айғақосыпай деп бір жолда екі рет қайталанып және бір құбылтудың жаңа бір үлгісін тудырып тұрған тіркестер көмірдей шаштың ағаруымен байланысып, теңеумен іргелес қонған:

Жылжыды жылдар осылай,
Күнге күн, айғақосып ай.
Көмірдей шашым ағарды,

Айтамын, досым, несін-ай!

Осы сынды келесі шумақта таң мен түн антонимдері мөлдірмін деген метафора тудырып, одан әрі хрустальдай-шыныдай деп келетін теңеумен іштей қабысып өрнекті сөз түзе қалған. Мысалы:

Бұл кезде таңым нұрлы, түнім Айлы,
Мөлдірмін хрустальдай-шыныдай бір.

Антонимнің кейіптеумен келісті жұп (антоним+кейіптеу) құрайтындығына төмендегі шумақтар куә бола алады. Мұнда жақсы мен жаман, жастық пен кәрілік сынды антонимдер авторлық баяндауда өмірдің сабағын тартқан жанның монологы түрінде баяндалып, жалт етіп жоқ болған (жастық) және ызғарлы (кәрілік) кейіптеуге яки жанды суретке енген.

Сонымен бірге күн бейнесінде алынған шал мен таң бейнесінде алынған жігіт, жамандық пен жақсылық тәрізді антонимдер мағыналық тұрғыдан кейіптеу бейнесіне еніп, өлең сөзге ерекше салмақ салып, ой екпінін тудырып, туындының эмоционалдық болмысын арттырғанын байқауға болады. Мысалы:

Ей, өмір, сабағыңды тез ұқтырдың,
Жақсыны, жаманды да кезіктірдің.
Жастықшақ жалт етті де кете барды,
Бізғарын кәріліктің сезіп тұрмын.

Күн де мына шал боп шаршап батқанмен,
Ертеңіне жігіт боп таң атады.

Жамандық жұлқысады жақсылықпен,
Сіңіріп жіберем деп жерге сені.

Ақын өлеңдеріне тереңірек үңіліп, одан әрі індете қазсақ, қаламгер түзген антонимдердің не бір шұрайлы үлгілері молынан ұшырасары, табыла берері анық. Антонимдердің бай қорыақынныңсоны образды ой тудыруға, өлең қадірін бағалауға, туындының мазмұн байлығын арттыруға ықпал еткен. Қарама-қарсылық мән үстеуші антонимдік тізбектер өлең сөздің бояуын үйлестіріп, жаңа бір тосын образдар тудыруға сеп болған. Оқырманын еріксіз ойлануға мәжбүр етер антонимдік өрнектердің астарына үңілсеңіз, лирикалық кейіпкердің ішкі сезім толқыны дәуір тынысымен үндесіп жатады. Антоним сөздерді ақын әдейі теріп, пайдаланбайды, керісінше, заман шындығын дәлдеп жеткізуде осы тәсілдің өзі жиі-жиі қолданыс әдісіне айналып, ақын шығармашылығының өн бойына тарап кеткен. Антоним сөздерді қолдануда ақынның өзіндік стиліне байланысты біткен әдіс-тәсілдері бар. Суреткер сұрыптауынан өтіп, белгілі бір үрдіске түскен антонимдер шоғыры (мысалы, ақ - қара, нұр - мұң, түс - өң, адал - арам, жақсы - жаман, от - мұз, т.с.с.) автор туындыларында жиі-жиі қолданылады. Ақын жырларында антоним сөздерді қаншалықты мол пайдаланса да, өлең - сөздің мазмұнын ашып, көркемдік сапасын айқындауда соншалықты ой оралымдарымен толығып, толыса түскен. ұдайы қайталанып

келетін ондай антоним сөздер оқырманын әсте жалықтырмайды, кейіпкердің эмоциялық сезімін, автордын айтарын жеткізуде теңдессіз бейнелеу құралы есебіндегі қызметі шексіз.

Ғалым-филолог Т. Бекниязов: «Антонимдер ақынның айтар ойын нақ түйіп, тұжырымдап, байлауын айқындап, өлең әсерін күшейтумен қатар оқырман мен авторды бір ұғымға ортақтастырып тұрады» [69,45-б.] десе, ақын А. Нәріков аталған сөз ажарын өз туындыларында сәттәі қолдана білген.

Антоним сөздерге жан бітірудің шебері А. Нәріковтың синоним сөздерге де сәулелі ой арқалата білетіні және аталған тілдік құбылысты әр қырынан алып, ұштап, жетілдіре дамытқанына төмендегі жыр үлгілері мысал болмақ.

Бойымдағы күшім менен қуатты
Әкеткендей әлдекімдер үлесіп

Алпысқа аман-есен жеттіңіздер,
Дос-жаран күткен сәт бұл көптен бері

Тегеуріні, төзімі көпке шыдар,
Бір қарысқа жүз жылда өскен шынар...

Ат жалын тартып мінер күн туса егер,
Үлде мен бүлде оранып жүрсем деп ем.

Маңдай тер дәулет болып, ырыс болып,
Ілесіп келіп жатыр жыл құсына.

Думан боп төңірегім жатсадағы,
Қызыққа, қуанышқа бөленбедім.

Кезіміз ғой лаулаған, жалындаған,
Мына тұрмыс «ніліне» малынбаған.

Жатырқамай, жатсынбай, қуыстанбай,
Не жетеді қалтқысыз ұғысқанға-ай.

Сыйлап бізге татулық пен тыныштық,
Наурыз келді! Жүрген жері тым ыстық!!!

Ақын синоним сөздерді өзінің мағынасына лайық бірыңғай мүше қызметінде қолданып, еркін әрі тиімді түрде оңтайлы қалпында пайдалана білген. Синонимдер өлең сөздің өрімінде өзіне лайықты қызмет атқарып, туындының көркемдік мәніне сүбелі үлес қосып, өлеңнің эмоциональдық-экспрессивтік қызметін жандандыра түскен. Мәселен, күш пен қуат; аман-есен; дос-жаран; тегеуріні, төзімі; үлде мен бүлде; дәулет, ырыс;

қызық, қуаныш; лаулаған, жалындаған; жатырқамай, жатсынбай, қуыстанбай сияқты жоғарыда берілген мысалдарда синонимдердің біріне-бірі көмек қолын созып, өз ара мәндесіп, бас біріктіре мағыналасып өлең-жырға көркемдік шырай беріп тұрғанын аңғаруға болады.

Синоним сөздерге қатысты айта кетерлік және бір ерекшелік – «Синоним сөздердің бір сөйлемде қатар келіп қолданылатын тәсілін плеоназм дейді» [66, 56-б.].

«Кезіміз ғой лаулаған, жалындаған, / Мына тұрмыс «ніліне» малынбаған»; «Жатырқамай, жатсынбай, қуыстанбай, / Не жетеді қалтқысыз ұғысқанға-ай»; Сыйлап бізге татұлық пен тыныштық, / Наурыз келді! Жүрген жері тым ыстық!» - деген тіркесті өлең жолдарындағы асты сызылған синоним мысалдары бір сөйлемде (бір өлең тармағында) қатар келіп қолданылып, жоғарыда айтылған плеоназмге жатары анық.

Тілдегі айтылуы, дыбысталуы әрқилы боп келгенімен, өз ара мағыналас, төркіндес сөздердің (синоним) кей тұста плеоназм құбылысын тудыра отырып, антониммен бір шумақ ішінде бірде іргелесе, бірде араға жолдар сала алшақ қонса да араласып, образды ойлар тудыруға жұмыла кіріскенін абайлаймыз. Төменде берілген үлгілерде әдемі өрнек түзген тілдік құбылысқа (синоним+антоним) кезігеміз. Мысалы:

Қатар келді жаңарумен жасару,
Төрлет, Наурыз, төңіректі жаса ду.
Қариялар бір серпіліп қалсыншы,
Табыссыншы бозбаламен жас ару.

Құдағиды құда биге шақырды,
Той үстінде жол, жоралғы, жәнбөлек.

Анам айтты: «Екеуің де таппадың,
Өткінші ғой мансап, дәулет, бақ, тағың.

Осы берілген үлгілерде плеоназмдар (жаңару мен жасару; жол, жоралғы, жән бөлек; мансап, дәулет, бақ, тағың) – туындының сәнін келтіріп, айшықты антонимдермен (бозбала мен жас ару; құдағи-құда) қол ұстасып, аймаласып туындыға ерекше мән үстеген.

Синониммен жақындасып, араласып жоғарыдағыдай келісті ой құбылыстарын тудырушы тілдік бейнелеуіш құралдардың қатарында кейіптеу мен теңеу де бар. Олар да өзге мүсіндеуіш құралдардай синониммен жақын тіл табысқандығына төмендегі мысалдар айғақ бола алады. Мысалы,

Синоним+кейіптеу:

Өжеттігін, өрлігін айт бәрінен,
Төтеп беріп табиғаттың кәріне,
Жай оғы өтпес қара тасты қақ жарып,
Тамырларын сіңіреді әріге.

Синоним+теңеу:

Жатырқамай, жатсынбай, қуыстанбай,

Не жетеді қалтқысыз ұғысқанға.

Қолда барды санаспай бөлісеміз,

Бөлінбеген еншісі туыстардай.

Берілген мысалдарда әжеттігін, өрлігін, жатырқамай, жатсынбай, қуыстанбай плеоназмдары қара тасты қақ жарып, бөлінбеген еншісі туыстардай деп келетін тармақтармен біте қайнасып, бірі кейінтеудің, екіншісі теңеудің қызметімен құбылысқа түскен.

Ақын А. Нәріков поэзиясында сирек те болса ұшырасып қалатын, синониммен иық тіресіп, қол ұстасып келетін құбылтудың және бір көп салалы жүйесі синоним+эпитет+антоним+метонимия тізбегін құрайды. Мұндағы төрт түрлі көркемдеуіш бейнелеуіш құралы өлең сөздің өрімінде өзіндік қызметін атқарып, автордың айтпақ ойын тұжырымдап, туындының идеялық мақсатын жеткізуде бірін-бірі толықтырып, жетелей орналасқан. Оқылық:

Ойландырмай ұят, намыс, ар жайлы,

Жалған тірлік құр кеудені алдайды.

Тереңжандар қалаулысы халқының,

Ал тайыздар ел есінде қалмайды.

Мәтіндегі ұят, намыс, ар синонимдері жалған тірлік, құр кеуде эпитеттерімен сатылай жалғасып, құйрық тістесіп екпіндей келе терең, тайыз жандармен жағаласып қарсы мәнді антонимдік қатар құрайды да одан әрі терең жандар (сыңары-тайыз жандар) - метонимия (терең жандар - білімді, көп білетін адамдар, ал тайыздар - ақылсыз, шолақ ойлы адамдар) боп тұра қалған.

Осы сынды тапқыр да ойлы өлең сөз тіркестері ақынның жергілікті тілдік екекшеліктер - диалекті, говор сөздермен байланысты да кездесіп қалады. Диалект сөздер дегеніміз - барша халыққа емес, тек қана белгілі бір аймаққа немесе өңірге ғана таныс, яки сол жергілікті тұрғындар арасында айтылатын санаулы сөздер тізбегі екенін ескерсек, ақын А. Нәріков сол мүмкіндікті де оңтайлы пайдаланып, сәулелі ойтудыра білген. Мәселен:

Сауық кешке, театр мен киноға,

Күнде барам тобықтарым тойтыып.

Шаңытып көшелерің жатсадағы,

Табылмас сендей мекен жер бетінен

- деп келетін өлең тармақтарындағы тойтыып, шаңытып сөздері жоғарыда айтылған жергілікті диалектінің көркем әдебиетте (лирикалық поэзияда) қаншалықты белсенді қызмет атқаратыны аңғартса керек.

«Диалект–аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізге құралы болып табылатын тіл. Аумақтық диалект–аумақтық жағынан шектелген және әдеби тілмен қатар қолданылатын тіл; ол тек ауызша нысанда ғана болады; қатаң нормалары жоқ; стильдік тармақтары да

сараланбаған. Әлеуметтік диалект – әлеуметтік немесе кәсіби жағынан топтасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл. Фонетикалық, грамматикалық құрылымы жағынан әдеби тілден соншалықты айырмашылықтары жоқ, әлеуметтік тіл негізінен лексика, семантика, фразеология бойынша айырмаланады» [70] деген анықтамаға илансақ, аумақтық немесе әлеуметтік диалектінің әдеби тіл нормасына соншалықты қарсы еместігін аңғаруға болады.

Қазақ халқының көркем де бай тілін қарапайым қолданудың тың тәсілін шебер игерген ақын А. Нәріковті қазіргі қазақ лирикасында өзіндік стилі қалыптасқан, таңдап алған жолы бар қаламгер қатарынан көре аламыз. Ақын лирикасына тереңірек үңілген сайын оның шығармашылығына шырай берер тың теңеулер мен бейнелі сөздер шоғыры молынан ұшырасады. Сөз сұлуын таңдап, ой ажарын келістіре айқындауда ақын жанашылдық қырын танытуға ұмтылады.

Қуаты күшті нұрлы сөздің (өлең) өңірін кестелі өрнекпен көмкеруде А. Нәріковтің біраз ізденгенін айта кету ләзім. Шынайы ақынға тән ойшылдық, сыршылдық, нәзіктік, кей ретте сыншылдық сынды қасиеттер ақын шығармашылығында өз өрісін тауып, оқырманына жақын қоныстанып, оқушы жүрегіне жылылық нұрын сеуіп отырады. Аталған әдеби сипат, көркемдік қасиеттер ақын лирикасында автор идеясын танытуда ерекше қызмет атқарып тұр. Классикалық тұрпатын Ұлы Абай қалаған поэзия мәдениетін көтеруге ат салысқан ақынұйқасы он бір буынды кәдімгі қазақы қара өлең үлгісін шебер меңгеріп, дәстүрлі арнаны тақырыбы жағынан байытты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Айтқали Нәріков – алдымен, лирик ақын. Лирика – оның басты шығармашылық өрісі десе де болғандай. Ақынның «Көк майса» (1970), «Тыныштықты тілеймін» (1980) аталатын жыр жинақтары өлең-сөзге адалдықтың, берік байламның тұғырлығын танытса, ал «Еркін есейіп келеді» (1975), «Еңбек зейнеті» (1985) деп аталатын деректі және көркем прозалық кітаптары жаңа жанрға барлау сынды көрінеді.

Ақындық кемеліне келіп, қаламгер-суреткер боп толысқан шақта «Самал» (1990), «Сағыныш» (2001), «Қырық жыл – қырық жыр» (2004), «Жайықтың жарық жұлдыздары» (2005), «Ойшылдың өскен ортасы» (2005), «Жанғали ақын» (2006), «Жылдар жаңғырығы» (2009), «Мен – майдангер ұлымын» (2010), «Елу жыл – елу жыр» (2010), «Ой мен сой» (2012) деп аталатын жыр жинақтары мен публицистикалық кітаптары дүниеге келді. Аталған еңбектердің тағылымдық астарына, рухани-танымдық мәніне үнілу арқылы әдеби өлкеміздің бай Һәм көркем мұрасын терең танып-білуге мүмкіндік аларымыз анық.

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі ақын Айтқали Нәріковтың 2009 жылы жарық көрген «Жылдар жаңғырығы» кітабындағы алғы сөзінде: «Өлеңдері ақынның шынайы сезімін паш етеді. Өмір құбылыстарына шынайы көзқарасын білдіреді. Сергек, сыншыл, арманшыл» [23, 7-б.] - деп жазды.

Ал қазақтың белгілі ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Темірхан Медетбек: «Ақын Айтқали Нәріков қазақтың қара өлеңі үлгісінде жазады. Бұл адастырмайтын жол, дұрыс бағыт. Ақын өлеңдеріне тақырып іздеп аласұрмайды, «ғарышқа самғап, мұхитқа сүңгімейді», күпінбейді, асқақтамайды, сыңар езулемейді, көңілін тербеткен жайларды қоңыр әуенмен толғап отырады» [24, 6-б.] – деп лайықты әділ бағасын береді.

Тәуелсіз Отанымыздың бүгінгі тынысын және өткен кеңестік дәуірдің өмір құбылысын, яки екі түрлі қоғамның даму жағдаятын өз көзімен көрген ақын сол заманның куәгері ретінде ой толғайды. Сананың жаңғыруы, тұрмыстың жаңаруы, демократияның тууы, ой мен сөз бостандығы сияқты прогресшіл идеяның адам баласына тигізген әсерін ақын өз шығармаларында сол кезеңнің болмысына сай жырлады.

Ақын танымында адамгершілік бастаулары, ізгілік иірімдері бәрінен де биік, бәрінен де қымбат, асыл мұраттар боп қалыптасқан. Ақын көңіл күй астарында көп жылдар бойы жасырынып, көлегейленіп келген тұңғыық сырлардың уақыт өте келе томағасын сыпырады. Идеялық мақсаты айқын, көркемдік-эстетикалық қайнары толысқан өлең-жырлардың өрім-тінінде ақынның қоғам беталысына деген өзіндік көзқарасы, өмірлік ұстанымы жатыр.

Қаламгердің тіл байлығы мен ой сонылығынан ақындық шеберліктің игерілімі да көрініп отырады. Қаламгер қолданысындағы бейнелеу құралдарының әрқилы жолдармен жасалу дағдысына көз жүгіртсек, ақынның

сөз саптау әдісінен, көркем образ жасаудағы суреткер шеберлігінен хабардар боламыз. Ақын тудырған көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының баршасы дерлік ұлт тіліндегі сөз байлығының сапасын анықтап, қаламгердің сөз қорының жүйесінен ақпарат береді. Ақын туындыларын тақырыптық-идеялық тұрғыдан қарастырып, әр қырынан алып талдап-таразылау нәтижесінде қаламгердің өзіне тән дербес стилін және жеке қолтаңбасын айқындау мүмкіндігіне қол жеткізілді.

Зерттеу нәтижесінде А. Нәріковтің қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар, өзіне тән жеке қолтаңбасы қалыптасқан ақын деп тануға мүмкіндік аламыз. Ақын лирикасын бүгінгі тәуелсіздік кезеңі биігінен зерделей келе қаламгердің қазақ поэзиясының кеңестік дәуірін қамтитын кезеңіндегі дәстүр мәселесін де біртоға игергенін аңдаймыз.

А. Нәріков лирикасының жазылу мәнері мен мазмұн-байлығында туған әдебиет дәстүрінің, көпке өнеге болған рухани қайнар бастауларының ізі жатырғандығын айту ләзім. Ақын үлгі тұтқан дәстүр көздеріне үңілу, саралау барысында қаламгерлирикасының тақырыптық, көркемдік деңгейін және оның өлеңдеріндегі негізгі идея мен көркемдік-эстетикалық ізденістерінің таным-дәрежесін танып-білуге қол жеткізілді.

А. Нәріков сыршыл һәм сыншыл лирик ақын. Оның шығармаларында ел ішілік әлеуметтік мәселелер аса бір терең қарастырылмаса да ақынның соңғы жылдардағы өлең-жырларында көңіл күймен қабаттаса автордың азаматтық ұстанымы, қаламгер позициясы көрініп қап отырады. Ондай туындыларда ақын ұлт жанашыры ретінде көрініп, оқырманына біртабан жақындай түседі. Елішілік, қоғамдық мәселелерді жырлау нәтижесінде қаламгердің оқырманы бұрынғыдан да көбейіп, үлкен сұраныс пен қолдауға ие болары хақ.

Ақын А. Нәріков қандай тақырыпта жырласа да, өзі өмір сүріп отырған заманның жайын, өзі ортасында нық басып жүрген дәуірдің үнін, өзі бір белді мүшесі боп табылатын қоғамның ахуалын жырлады. Ақын жырларында қаламгердің азаматтық даусы лирикалық кейіпкер аузымен айтылып, үстіміздегі дәуірдің көзге түскен қайшылықтары мен кемшіліктері сыни тұрғыдан жырланды. Сонымен бірге өткен қоғам мен бүгінгі жаңарған заманның жетістік-жемістері де баяндалмай қалған жоқ. Ақынның стильдік даралық ерекшелігін төмендегіше тұжырымдауға болады:

Біріншіден, ақынның өлең өрімінен белгілі бір дәрежеде үміт шырағын жағардай нұрлы насихат сырт қалмайды;

Екіншіден, ақын кейіпкерлері арман-мақсатына асық жандар, болашақ бағдарына жетудің тиімді жолдары мен әдіс-амалдарын ойластырған топ өкілдері боп келеді;

Үшіншіден, ақын туындыларында қаламгердің азаматтық бейнесі, қоғамның белді мүшесі ретіндегі бейнесімен сабақтасып көрініп отырады;

Төртіншіден, ақын қай тақырыпта қалам тербесе де ұстаным-мақсаты шынайы көзқарасқа құрылған;

Бесіншіден, ақынның азаматтық тұлғасы оның лирикасында өлең тіні арқылы дамып түйінді, тұжырымды ойларға жетелеп отырады;

Алтыншыдан, ақынның дүниетанымдық көзқарастарыбайсалды, тың идеяға негізделген тақырыптар түрлеп, оларды игеріп отырады;

Жетіншіден, ақын туындыларының негізгі мазмұнын құрайтын төл әдебиет дәстүрлерінің үлгілерін қаламгер сапалы игерген;

Сегізіншіден, ақын өз жырларында таңдаған тақырып аясын кеңейте отырып, лирикалық кейіпкерлер жүйесін жасақтауда ізденіске жеткен;

Тоғызыншыдан, ақын өлең сөзде көркемдік-бейнелеуіш құралдардың сан алуан түрлерін туғыза білген және оны өз туындыларында оңтайлы қолдана алады;

Оныншыдан, қаламгер өзі өмір сүріп отырған қоғамның үнін ұғына білген және көз көрген оқиғаларды боямасыз, шынайы қалпында жырлай білген.

А. Нәріков ақындығының басты өлшемі оның лирикақын екендігімен екшеледі. Әдебиеттің жетекші жанры - лирикада өзіндік үні мен қолтаңбасын белгілеген ақынның бірі - А. Нәріков саналады.

Ақынның терең ойлы, нәзік үнді, сырлы әуенді және байсалды мінезді жырлары мың сан оқушы-жанкүйерін рухани тұрғыдан демеп келеді. Оқырман қауымымен бірге жараса, сырласа өмір кешіп келе жатқан ақынның шығармашылық ғұмыры көптің көз алдында өтіп,өсіп-көркейді. Әдебиет сүйер қауымның рухани азығына айналған ақын шығармаларынан үлкеннің де, кішінің де өз руханиазығын табары хақ.

А. Нәріков, біріншіден, лирик ақын. Оның ақындық өнерінің түп негізі де осы лирика арқылы өркен жайып, дамыды. Нақтылай тұжырымдап айтқанда, лирика - ақын шығармашылығының негізі, түп өзегі, тамыр-тіні.

А. Нәріков лирикасының тақырыптық ауқымы өте кең, қаламгер тақырып таңдауда өмірдің тіршілік түйткілдерінің мәнін терең түсінеді. Ақын өмір шындығының көрінісін өлең сөзде шынайы бейнелеуге ұмтылады, қоғамдық құбылыстардың әр қилы суреттерін лирикалық туындының келте қайырымды мазмұнына сыйғызуға шебер. Ақынның лирикалық кейіпкерлері ұдайы ізденісте жүретін, өлең авторымен шынайы сырласып, сыйласып отыратын, сан қилы образдардан жинақталған тұлғалар.

Жинақтай айтқанда, ақын А. Нәріков лирикасын қазіргі дәуірде өзіне лайықты орны бар, ұлт руханиятын байытушы әдеби мұрамыз деп есептуге толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 344.; Әл Фараби Әбунасыр. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Кітапта: Сөзстан. - Алматы: Жалын, 1980. - 176 б.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
3. Дулатов М. Ибраһим ибн Құнанбаев // Уақыт. 1908, №383; Абай//Қазақ. 1913, №9; Қазақ ақыны // Қазақ, 1913, №9.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
5. Торайғыров С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // Айқап. 1913, №19, 20, 22, 23; Жаңа кітап// Айқап, 1913, №17; Өлең һәм айтушылары // Айқап. 1913, №13.
6. Жұмабайұлы М. Ақан сері // Сана №1. 1923; Ақан сері сөздері // Сана №2-3. 1924.
7. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Бес арыс. - Алматы: Жалын, 1992. - 544 б; Абайдан соңғы ақындар. Кітапта: Р. Нұрғали. Әдебиет теориясы. - Астана: Фолиант, 2003. - 344 б.
8. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, №70 (29051). 12 сәуір 2017 жыл.
9. Шыныбекова А.Әбділда Тәжібаев поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. (1974-1994жылдардағы шығармашылығы негізінде. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1999. - 29 б.
10. Шайекенов Ж. Әбу Сәрсенбаевтың лирикасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1999. - 28 б.
11. Мәмбетов О. Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1998. - 27 б.
12. Дауренбаева А. Асқар Тоқмағамбетов шығармаларындағы заман шындығы (кейіпкер және көркемдік жинақтау). Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 2009. - 30 б.
13. Досбай Ж. Қалижан Бекхожин поэмаларының көркемдік әлемі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 2005. - 27 б.
14. Жақыпов Ө. Қуандық Шаңғытбаевтың ақындығы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1999. - 25 б.
15. Нұрахметов С. Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1994. - 22 б.
16. Юсипов Қ. Жүмекен Нәжімеденовтің ақындығы. - Алматы: Ғылым, 1995. - 238 б.
17. Аяпбергенов Р. Төлеген Айбергеновтың ақындық мұрасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1996. - 26 б.
18. Хамидуллаев Х. Мұқағали Мақатаевтың ақындық шеберлігі. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 1994. - 26 б.
19. Мүтиев З.Ж. Фариза Оңғарсынованың лирикасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 2000. - 27 б.

20. Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 153 бет.
21. Қуаныш Т.Т. Жайықтың жыр жампозы // Монография. – Орал: Ағартушы, 2012. – 230 бет.
22. Хаменова Б. Темірхан Медетбековтың поэтикасы. Филол. ғылымдарының канд. дисс. автореф-ты. - Алматы, 2009. - 24 б.
23. Мырза Әли Қадыр. Жайықта жүр бір ақын // Кітапта: Нәріков А. Жылдар жаңғырығы. Өлеңдер. - Орал: Полиграфсервис, 2009. – 220 б.
24. Медетбек Т. Қатар жүрген қаламдас // Кітапта: Нәріков А. Сағыныш. Өлеңдер. Алматы: Өнер, 2002, - 216 б.
25. Шарабасов С. Желмая жылдар жемісі // Орал өңірі.-2010.-17 маусым. – 8б.
26. Құсайын Т. Ауылдан алыстамаған ақын // Егемен Қазақстан.-2010.-22 қазан.- 8 б.
27. Сабыр М. Жайықтың қоңыр үнді қоңырауы немесе ақын Айтқали Нәріковтің шығармашылығы хақында // Информбиржа.-2007.-22 қараша.15 б.
28. Бектұрғанов А. Апат пен ажал // Орал өңірі.-2008.-23 тамыз.-6 б.
29. Сариев С. Қауып айтпай, тауып айтатын қаламгер: [ақы 70 жаста] // Айна.-2010.-10 маусым.-7 б.
30. Нәріков А. Көк майса. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1970. - 40 бет.
31. Нәріков А. Еркін есейіп келеді. - Алматы,1975. –67 б.
32. Нәріков А. Тыныштықты тілеймін. - Алматы,1980. - 88 б.
33. Нәріков А. Еңбек зейнеті. - Алматы, 1985. – 75 б.
34. Нәріков А. Самал: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1990. – 96 б.
35. Нәріков А. Сағыныш. Өлеңдер. - Алматы: Өнер, 2002, - 216 б.
36. Нәріков А. Қырық жыл – қырық жыр. Құрастырған: С. Шарабасов. Орал: Полиграфсервис, 2004. – 52 б.
37. Нәріков А. Жайықтың жарық жұлдыздары. Очерктер, өлеңдер, мақалалар. - Орал: Полиграфсервис, 2005. – 92 б.
38. Нәріков А. Ойшылдың өскен ортасы. Орал: Ағартушы, 2005. -102 б.
39. Нәріков А. Жанғали ақын. - Орал: Ағартушы, 2006. – 100 б.
40. Нәріков А. Жылдар жаңғырығы: өлеңдер. - Орал: Полиграфсервис, 2009. – 220 б.
41. Нәріков А. Мен - майдангер ұлымын: Өлеңдер, очерктер, мақалалар. – Орал: Ағартушы, 2010. – 334 б.
42. Нәріков А. Елу жыл – елу жыр. Құрастырған: С. Шарабасов. - Орал: Полиграфсервис, 2010. – 64 б.
43. Нәріков А. Ой мен Сой: поэзия, проза, журналистика. - Орал: Полиграфсервис, 2012. – 208 б.
44. Нәріков А. Үлкен үйдің иесі. - Орал : ШұғылаПринт, 2015. - 108 б.
45. Белинский В.Г. Поэзияны түрі мен тегіне қарай бөлу // Кітапта: Р. Нұрғали. - Әдебиет теориясы. Нұсқалық. - Астана: Фолиант, 2003. – Б. 344.

46. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы: оқу құралы. – Т.4. – Орал: Ағартушы, 2010. – Б. 312 .
47. Қабдолов З. Көзқарас: Талдаулар мен толғаныстар. – Алматы: Рауан, 1996. – Б. 256.
48. Гегель Г.В. Ф. Эстетика туралы лекциялар. Кітапта: Р. Нұрғали. - Әдебиет теориясы. Нұсқалық. - Астана: Фолиант, 2003. – Б. 344.
49. Чернышевский Н.А. Өнердің болмысқа эстетикалық қатынасы // Кітапта: Р. Нұрғали. - Әдебиет теориясы. Нұсқалық. - Астана: – Фолиант, 2003. – Б. 344.
50. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 320.
51. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – Б. 212.
52. Мақыпұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 214.
53. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық-монография. –Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.
54. Тимофеев Л. Слово в стихе. Москва: Советский писатель. 1987. – 387 с.
55. Нәріков А. Жүректегі жазулар // Кітапта: Ой мен Сой: поэзия, проза, журналистика. - Орал: Полиграфсервис, 2012. – 208 б.
56. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс. 2008. - 968 б.
57. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б.
58. Михайлов А. Поэты и поэзия. Москва: Просвещение. 1978. - 224
59. Бөпежанова Ә. Дәуірмен үндескен бақытты өлең // Кітапта: Уақыт және қаламгер. 1981. 8-кітап. - 203 б.
60. Шарабасов С. Желмая жылдар жемісі // Кітапта: Нәріков А. Елу жыл – елу жыр. Құрастырған: С.Шарабасов. - Орал: Полиграфсервис, 2010. – 64 б.
61. Серікқалиев З. Ойлар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1967. – Б. 188.
62. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жаушы, 1969. – Б. 444.
63. Бәешева Б. Қазақ поэзиясындағы төрттаған жанрының көркемдік ерекшеліктері. - Астана: Тұран-Астана, 2014. - Б. 160.
64. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар (Ақындық өнер мен ақындар туралы). – Алматы: Жазушы, 1968. – 317 б.
65. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. -Т. 4. - Орал: Ағартушы. 2010. - 312 б.
66. Жүсіп Қ. Әдебиеттануға кіріспе. - Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекетік университетінің Жаңа ақпараттық технологиялар орталығы. 2008. -173 б.
67. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат. 2002. – 360 б.
68. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Алматы: Жазушы, 1988. - 248 б.
69. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар: Ахметов З., Шаңбаев Т. Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
70. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Диалект>

ТҮСІНІК ХАТ

Ақын А. Нәріков шығармаларын жалпы орта білім беретін метептерде оқыту жолдары

Мақсаты. Жалпы орта білім беретін мектептерде А.Нәріков шығармашылығын оқытудың әдістемесін жасау, тиімді әдіс-тәсілдермен оқыта отырып, жаңа ғылыми-теориялық әдістеме ұсыну.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін алға мынадай міндеттер қойылды:

- пән бағдарламасына сүйене отырып ақын шығармаларын меңгеруде оқушының жас ерекшелігіне сәйкес әдістеменің тиімді жолдарын жасау;
- қысқа мерзімді жоспардың ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған үлгісін даярлау;
- А. Нәріков шығармаларын оқытуға негізделген сыныпта және сыныптан тыс жұмыс түрлерінің инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын көрсету;
- зерттеудің құнды нәтижелерін, ұсыныстарын даярлау.

Маңызы. Жалпы орта білім беретін мектепте А.Нәріков шығармашылығын оқытудың тиімді жолдарын қарастыру оқушылардың көркем шығармаға қызығушылығын арттырып, олардың эстетикалық көзқарастарын жетілдіруге, әдеби дамуын жаңа деңгейге биіктетуге, сондай-ақ, ақын шығармалары арқылы оқушы баланың санасында ұлттық құндылықтарды бағалай білу, адалдық, адамдық, тазалық, ана тіліне, туған жеріне деген асқақ сезімін оятуға ықпал етіп, жеке тұлғаны қалыптастыру басты маңызы болып отыр.

Өзектілігі. Еліміздің тәуелсіздік алып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық құндылықтарымызды және ұлттық мәдениетімізді өскелең ұрпаққа танытуға жағдай туғызды. Әлемдік білім кеңістігінен сүбелі орын иелену үшін бүгінгі және болашақ жастарға әдебиетіміз бен мәдениетіміз туралы жырлап жүрген А. Нәріковтың шығармашылығын ашып беру міндеті тұр. Өркениетті дамыған елу елдің қатарынан көрінудің бір өлшемі ретінде қаралатын білім беру жүйесінің жаңа технологиялармен жарақтануы рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған білімді жеке тұлғаны тәрбиелеумен сабақтас.

А.Нәріковтың шығармаларын мектепте оқыту мәселесіне байланысты ғылыми әдістемелік зерттеу еңбектердің аздығы және балалардың жас ерекшелігі, психологиялық қабылдау деңгейін ескере отырып жазылған әдістемелік нұсқаулардың жарық көрмеуі А. Нәріков шығармашылығын мектепте оқытудың кешенді оқу әдістемесін жасау қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Сондықтан жазушы шығармаларын оқыту, меңгерту арқылы оқушылардың білім деңгейін тереңдетіп, дүниетанымдық, психологиялық

көзқарасын кеңейтуге бағытталған ғылыми әдістемелік жұмыс тақырыбының өзектілігі айқындалады.

Ақынның әдеби шығармашылығын бүгінгі таңда оқушыларға жеткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін анықтау өзекті мәселе ретінде қаралады.

Пәні: Қазақ әдебиеті	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	<i>Айтқали Нәріков өмірі, шығармашылығы</i>	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Айтқали Нәріков өмірі, шығармашылығымен танысу.	
Сабақтың түрі:	Аралас сабақ	
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Ақынның өміріне хронологиялық кесте құра алады.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Айтқали Нәріков, ақын, журналист	
	Талқылауға арналған сұрақтар: БҚО шыққан жерлес ақындардан кімді танып білесіздер, қандай шығармаларымен таныссыздар?	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі	
Қажетті құрал-жабдықтар	Интербелсенді тақта, суреттер, стикерлер, қима қағаздар, презентация	
Оқыту әдістері	<i>Сөздік, көрнекілік,</i>	
Алдыңғы білім		
Жоспар:		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар Дереккөздер
Сабақтың басы	Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді, сынып тазалығын қадағалайды. <u>Ойтүрткі.</u> БҚО шыққан жерлес ақындардан кімді танып білесіздер, қандай шығармаларымен таныссыздар?	Презентация, суреттер
Сабақтың	<u>Жаңа материал:</u> <i>Айтқали Нәріков</i>	Презента

ортасы



1940 жылы 20 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Ширявское селосында туған. 1968 жылы Орал пединститутын бітірген. Содан бері журналист болып жұмыс істеп келеді. Тасқала ауданының құрметті азаматы. Тырнақалды туындылары республика жасақандарының "Жаскеруен" атты ұжымдық жинағында 1969 жылы жарияланған. "Жалын" баспасынан шыққан "Жүрек толқындары" кітабында көлемді топтамасы жарық көрген. "Көкмайса", "Самал", "Сағыныш", балаларға арналған "Еркінесейіп келеді" кітаптары шыққан. «Тасқала ауданының құрметті азаматы» атағының иегері. Республикалық жастар поэзия фестивалінің (1972 ж.) дипломанты. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтары тарапынан марапатталған.

1- тапсырма.

Ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты хронологиялық кесте құрыңдар.

Уақыты	Болған оқиға
1940 жылы 20 маусымда	Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Ширявское селосында туған.
1968 жылы	Орал пединститутын бітірген. Содан бері журналист болып жұмыс істеп келеді.
1969 жылы	Тырнақалды туындылары республика жас ақындарының "Жас керуен" атты ұжымдық жинағында жарияланған

ция

Презентация

А4 парақ

1972ж

«Тасқала ауданының құрметті азаматы» атағының иегері.
Республикалық жастар поэзия фестивалінің дипломанты

Дескриптор:

- хронологиялық кесте құрады.

ҚБ: «Өзіңді тексер, өзгені толықтыр»

2-тапсырма.

1. Баяндаушы топ - оқыған мәтін мазмұнын баяндау.
2. Сұрақ құрастырушы топ. Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтар құрастыру.
3. Талқылаушы топ—«Қырық бесінші жыл» өлеңін оқып талдандар.

Түнеріп сол күндерде тұрды аспаным,
(Таяғы тағдырдың ұрмас бәрін).

Қарсы алдым балалармен қатар барып,
Әкемнің жаудан қайтқан құрдастарын.

Мойнына әкенің ұл асылады,
Әке де бақытына бас ұрады.

Шетте тұр шемен көңіл қара бала,
Саусақпен сүртіп қойып жасын, әне.
Қырық бес! Кетпей қойдың есімнен бір,
(Тал тұрды: «Жұла бер, - деп, - төсімнен гүл»)

Өшкені талайлардың қайта жанып,
Тілеуі талайлардың кесілген жыл!

Шын жүректен

Кім мені бас пайдаға жетік деген?

Қанағат қолда барға етіп келем.

Мінезім ауылымдай аңғал-саңғал,

Үйлерін есігінің бекітпеген.

Көмейден көңілдегім ақтарылар,

Жан емен қулық қуған, баққа құмар.

Көпсініп қоңыр ғана тірлігімді,

Жігіттің дос деп жүрген сатқаны бар.



Көмейден көңілдегім ақтарылар,

Тұрады шындық атты сапта бұлар.

Бой тартып жүрген кейбір жігіттердің,

Іздеп кеп, менен сүйеу тапқаны бар.

Көмейден көңілдегім ақтарылар,

	<p>Ниетім қараға емес, аққа құлар. Жұқпайды ақ боп жүрсең, жаққан күйе, Тек кепіл қаларына сақталып ар. Кім мені бас пайдаға жетік деген? «Жетіктер» жүрген жоқ па кетіп төмен. Пайдасын қара бастың ойламай-ақ, Алдағы мақсатыма жетіп келем! Дескриптор: ҚБ: «Жымиғыштар»</p> <p>3-тапсырма. «Қырық бесінші жыл» өлеңін «Фишбоун» әдісімен талқылаңдар.</p>  <p>Мәселе Себептері Дәлел Қорытынды Дескриптор: -өлеңді жан-жақты талдайды; -өз ойын білдіреді. ҚБ: «Бәрекелді, әттеген-ай!»</p>	
Сабақтың соңы	<p>Бағалау. Формативті бағалау. Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды. Үйгетапсырма. Өлеңді жаттау. Кері байланыс. Көңіл-күйін және сабақтан не түйгендігін «Ауа райы» әдісі арқылы айтады, күн немесе бұлттың артына жазып мұғалімге береді.</p>	<p>Күнделік</p> 

Пәні: Қазақ әдебиеті	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	<i>Ауылдан алыстамаған ақын. «Ауылда» өлеңі</i>	

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Айтқали Нәріков поэзиясымен танысу.	
Сабақтың түрі:	Аралас сабақ	
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Негізгі ақпаратты анықтап, берілген тапсырмаларды орындай алады; Сатылай кешенді талдау жасай алады.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Айтқали Нәріков, ақын, журналист	
	Талқылауға арналған сұрақтар: А.Нәріковтің қандай шығармаларын білесің? Ауыл тақырыбында туындаған өлеңдері неліктен қалың оқырманның жүрегінен орын алды деп ойлайсың?	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі	
Қажетті құрал-жабдықтар	Интербелсенді тақта, суреттер, стикерлер, қима қағаздар, презентация	
Оқыту әдістері	<i>Сөздік, көрнекілік, «Ақылды үштік», «Білгір кесте», «Өзіңді тексер, өзгені толықтыр, «Зерде» әдісі</i>	
Алдыңғы білім		
Жоспар:		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар Дереккөзде р
Сабақтыңбасы	Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. _____ Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді, сынып тазалығын қадағалайды. <u>Алдыңғы білімді бекіту.</u> <i>«Латын әліпбиі» әдісі</i> арқылы сұралады. Белгіленген әріптерден аты-жөні басталатын оқушылар шығып үй тапсырмасын айтып, бағаланады.	Презентация, суреттер
Сабақтың ортасы	<u>Жаңа материал:</u> <i>Ауылдан алыстамаған ақын.</i> <i>«Ауылда» өлеңі</i> Айтқали – лирик ақын. Жырларында сезімді бірінші кезекке қояды. Өлең жолдары алдымен сезімді шарпуы керек. Сонда ғана санаға сәуле түсіріп, жүрегінді “жаулап”, көңілінді баурап алады. Аз сөзді ақынның қысқа өлеңдері ауыр салмақты көтеріп тұрады. Ұлылардың бірі “мыңдаған сөздерді ойлап таба тұра, солардың ішінен біреуін екшеп қолдану қаншалықты қиын” деген екен. Сол айтқандай, Айтқали ағамыз	5 - сынып «Қазақ тілі» оқулығы, презентация

керекті сөзді дәл тауып, дiттеген ойына орайластырып пайдаланады. “Қалса да дала қараң, қала қараң, Адалы, арамына қарамаған. “Жау шапса әкең ауылын, бiрге шап” деп, Мақсаты тойымсыздық “алам”, “алам”. Келісесіз, мойындайсыз, бұл айтылғандарды. Жеті белесті артқа тастап отырған арқалы ақынның он екі кітабы шығыпты. Әдеби ортадан қашық тұратын қаламгерге мұны аз деуге де болмайды, көп деуге де болмайды. Мәселе санда емес, сапада ғой! Осы тұрғыдан алып қарағанда, Айтекеңнің “Көк майса”, “Самал”, “Сағыныш”, “Жылдар жаңғырығы”, “Қырық жыр-қырық жыл”, тағы басқа кітаптарын кезінде әдебиетшілер қауымы мен қарапайым оқырмандар өте жылы қабылдағанын айта кету орынды сияқты. Өткен 2009 жылдың 9 мамырында “Егемен Қазақстанда” ақын Айтқали Нәріковтің “Мен – майдангер ұлымын” деген жалпы тақырыппен топтама өлеңдері жарияланған болатын. Оралдағы тілші қосынына ақынның осы топтамасы төңірегінде ізгі тілек, жылы лебіздер білдірген қоңыраулар шалынды. Газет редакциясына алғыс айтқандар да болды. Бұл – сәтті жарияланымдарды оқырманның ескерусіз қалдырмайтынын көрсетсе керек. Ақынның өлеңдері республикалық басқа да басылымдарда жиі жарияланып келеді. Арманда кеткен алыптардан бастап, қазақ қалам қайраткерлерінің қай-қайсы да ауылдан, қаймағы бұзылмаған тілдік ортадан шыққаны белгілі. Демек, әдебиет кадрлары ұстаханасы – ауыл. Ауылдан алыстамаған ақын оқырмандарымен жиі жүздесіп, сыбағаға қолдары жетпей жүрген жергілікті қаламгерлер тауындыларының баспасөз беттерінде жарияланып, кітап жүзін көрулеріне мұрындық болып жүр. “Сол баяғы қағазбенен, қаламмен. Сырласамын, арасында алам дем... Қаладағы тіршілігің қалай деп, Сынай қарап жатыр, әне, далам кең!” деп ақын өзі жырлағандай, ол үнемі еңбек үстінде, ойы оралымды, сезімі сергек қалпында.

1- тапсырма. «Ақылды үштік» әдісі.

Берілген тақырыпқа сай кластер құрындар

1-топ.Айтқали Нәріков – лирик ақын

2-топ.Айтқали Нәріков - ауылын жырлаған ақын

3-топ.Өлеңдерінің негізгі тақырыптарын топтастыру

Презентация

А4 парақ,
маркер

Дескриптор:

-берілген тақырыпқа сай кластер құрады;

-өз ойын жүйелі жеткізеді;

-ақынның өлеңдерін топтастырады.

ҚБ: «Өзіңді тексер, өзгені толықтыр»

2-тапсырма. *Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасаңдар.*

«Ауылда» өлеңі

Қатал боп тұр мына заман нарығы,

Қатты боп тұр нарығының қарымы.

Қанша жүрдім қараңғыда қарманып,

Қайда кеткен ауылымның жарығы?

Сұлбасы тұр көше-көше үйлердің,

(Мен бәріне еркін кіріп үйрендім).

Білінбейді еш тіршілік белгісі,

Жүрек сыздап, бір беймаза күйге ендім.

Әрбір үйі айналғандай қамалға,

Сенбейді ауыл қазір ешбір адамға.

Түн болғанда, төңірегін бекітіп,

Көшіп жатыр сан түрлі айла-амалға.

Жатушы едік қай төрде де көсіліп,

Дос-жаранмен сырласушы ек шешіліп.

Ауылымның дәстүріне қонақжай,

Мына заман алды әбден өшігіп.

Ауыл үстін қараңғылық басыпты,

Ай да «ұялып», бұлт тасалай қашыпты.

Аунап-қунап қайтайын деп келіп ем,

Қайран ауылым көңілімді жасытты.

Авторы

Тақырыбы

Жанр түрі

Идеясы

Шумақ

Тармақ

Бунақ

Буын саны

Ұйқас түрі

Әдеби теориялық ұғымдар

Өлеңнің тәрбиелік мәні

Дескриптор:

-өлеңді мәнерлеп оқиды;

-сатылай кешенді талдау жасайды.

Интербелсе
н
ді тақта,
кесте

	<p>ҚБ: «Жымығыштар»</p> <p>3-тапсырма. <i>«Білгір кесте» әдісі.</i> Бірінші бағанды толтырып, екінші бағанды бейнероликті көргеннен толтырыңдар. Бейнеролик көрсетіледі. https://youtu.be/oGbhdWFcGlk</p> <table border="1" data-bbox="392 465 1238 555"> <tr> <td><i>Білемін</i></td> <td><i>Білдім</i></td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор: <i>оқушылар екі бағанды толық толтырады;</i></p> <p>Дескриптор: -қосымша бейнероликтен ақпаратты алады; -білгір кестесін толтырады.</p> <p>ҚБ: «Фигура»</p>	<i>Білемін</i>	<i>Білдім</i>			
<i>Білемін</i>	<i>Білдім</i>					
Сабақтың соңы	<p>Бағалау.Формативті бағалау. Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды. Үйгетапсырма. Рефлексия. «Зерде» әдісі Алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік. Білім- тақырып бойынша алған ақпараттарым. Эмоция – сабақтағы көңіл-күйім Баға – жетістігіме беретін бағам. Сын – өз бойымда нені дамытуым керек? Идея – маған келген жаңа ой.</p>	Күнделік				

Пәні: Қазақ әдебиеті	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	<i>Айтқали Нәріков «Наурыз» өлеңі</i>	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Айтқали Нәріковтың шығармашылығымен танысып, өлеңдерін жас ұрпаққа насихаттау	
Сабақтың түрі:	Аралас сабақ	

Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады:Өлеңнің негізгі идеясын тірек сөзерді таба отырып анықтайды.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Айтқали Нәріков, ақын, журналист, шығармашылығы, Наурыз	
	Талқылауға арналған сұрақтар: Қазақ халқының төл мерекесі, күн мен түннің тенелетін уақыты қандай мейрам?	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі	
Қажетті құрал-жабдықтар	Интербелсенді тақта, суреттер, стикерлер, қима қағаздар, презентация	
Оқыту әдістері	<i>Сөздік, көрнекілік, «Қос жазба» күнделігі, «Сұрақтар телпегі» әдісі, «Кім жылдам?» әдісі</i>	
Алдыңғы білім		
Жоспар:		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар Дереккөздер
Сабақтыңбасы	<p><u>Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.</u></p> <p>Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді, сынып тазалығын қадағалайды.</p> <p><u>Алдыңғы білімді бекіту.</u></p> <p>«Өзара конференция» әдісі арқылы өткен сабаққа байланысты топтар бір-бірлеріне сұрақ қойып, үй тапсырмасын өзара талдау.</p> <p><u>Ойтүрткі.</u></p> <p>Қазақ халқының төл мерекесі, күн мен түннің тенелетін уақыты қандай мейрам?</p>	Презентация, суреттер
Сабақтың ортасы	<p><u>Жаңа материал:</u> «Наурыз» өлеңі</p> <p>Ақыл-ойдың зерегінен жаралып, Салт-дәстүрдің тереңінен нәр алып, Наурыз келді! Наурыз келді, жарандар, Бойға қанмен намыс болып таралып. Кездер болды ел шаттығын бұқтырған... Кездер болды жанарларға шық тұнған. Сондадағы наурыzkөже пісіріп, Әр шаңырақ көңіл-күйін ұқтырған. Қыс - кәрілік, көктем мына - жастығым, Деп тұрғандай құшақты кең аш бүгін!</p>	

Наурызбенен бірге келіп қуаныш,
 Қабағымнан қармен бірге қашты мұң.
 Қатар келді жаңару мен жасару,
 Төрлет, Наурыз, төңіректі жаса ду.
 Қариялар бір серпіліп қалсыншы,
 Табыссыншы бозбала мен жас ару.
 Сыйлап бізге татулық пен тыныштық,
 Наурыз келді! Жүрген жері ырыс-құт!
 Бабалардың аманаты болған соң,
 Наурыз менің жүрегіме тым ыстық!!!

1- тапсырма. «Қос жазба» күнделігі. Өлеңнің өзіңе ұнаған жерін көшіріп, өз көзқарасын бойынша талдап айт. Не ұқтың?

Өлеңнен үзінді	Менің көзқарасым
Сыйлап бізге татулық пен тыныштық, Наурыз келді! Жүрген жері ырыс-құт! Бабалардың аманаты болған соң, Наурыз менің жүрегіме тым ыстық!!!	

Дескриптор:
 Өлеңді мәнерлеп оқиды;
 Өз көзқарасын білдіреді.
 ҚБ: «Өзіңді тексер, өзгені толықтыр»
 2-тапсырма.
 Әрбір оқушы өзінің көзқарасын айтуға дәлелдеуге және басқалардан үйренуге мүмкіндік беру үшін «Сұрақтар телпегі» әдісі бойынша «Наурыз» мерекесіне орай сұрақ құрастырып, топта талқылаңдар, кластер құрыңдар


Сабақтың соңы	Бағалау. Формативті бағалау. Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды. Үйгетапсырма. «Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында ойтолғау жазу. Кері байланыс. Көңіл-күйін және сабақтан не түйгендігін «Ауа райы» әдісі арқылы айтады, күн немесе бұлттың артына жазып мұғалімге береді.	Күнделік
---------------	---	----------

Пәні: Қазақ әдебиеті	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып:	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	«Достық туралы» өлеңі	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясынанықтау	
Сабақтың түрі:	Аралас сабақ	
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Өлеңді оқып, негізгі идеясын түсіне алады. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Айтқали Нәріков, ақын, журналист, дос	
	Талқылауға арналған сұрақтар: «Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды» деген мақалды қалай түсінесіңдер?	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі	
Қажетті құрал-жабдықтар	Интербелсенді тақта, суреттер, стикерлер, қима қағаздар, презентация	
Оқыту әдістері	Сөздік, көрнекілік, «Бір минут эфирде», «ПОПС» формуласы, «Синквейн», «Нысана» әдісі	
Алдыңғы білім		
Жоспар:		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар Дереккөздер

<p>Сабақтың басы</p>	<p><u>Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.</u> Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді, сынып тазалығын қадағалайды.</p> <p><u>Алдыңғы білімді бекіту.</u> «Бір минут эфирде» әдісі</p> <p><u>Ойтүрткі.</u> Мақалдың мағынасын ашыңдар. Алыстағы досыңа ат берсең де жарасар — үйіне мініп барсын деп. Жақындағы досыңа хат берсең де жарасар — ұмытса есіне алсын деп.</p>	<p>Презентация, суреттер</p>				
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><i>Жаңа материал: «Достық туралы» өлеңі</i></p> <p>Достар! Достар! Мен сендерге қостым үн, Сендер барда жоқ қой менің еш мұңым. Достық болып оралады өзіме, Өздеріңе жасап жүрген достығым. Болсадағы қазан басқа, от басқа, Жарасады жүрісіміз топтасқан. Бәріміздің мұңаяды жүзіміз, Біріміздің көңіліміз «тоттанса». Болсын аулақ тоттану мен мұңдану, Одан да біз достық жырын тыңдалық. Жүрегіміз ақ таңменен апталсын, Қалсын шетте қап-қара боп түн налып. «Есепті дос айырылмайды» дегенге, Мақал ғой деп, бір айтыспай көнем бе? Тек достықтан қуат алып тұрғандай, Ып-ыстық қан жүйткіп жүрген денемде. Достық деген өлшенбейді безбенмен, Қасиетін ұға алмайды кез келген. Достық деген Қыз Жібектей ару ғой, Төлегенге семсер ұстап, сөз берген! 1- тапсырма. Өлеңге басқаша тақырып қойып, себебін түсіндіріңіз.</p> <table border="1" data-bbox="363 1666 1278 1800"> <tr> <td data-bbox="363 1666 836 1756">Өлеңнің тақырыбы</td> <td data-bbox="836 1666 1278 1756">Себебі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1756 836 1800"></td> <td data-bbox="836 1756 1278 1800"></td> </tr> </table> <p>Дескриптор: -өлеңді мәнерлеп оқиды; -өлеңге тақырып қояды; -себебін түсіндіреді. ҚБ: «Өзіңді тексер, өзгені толықтыр»</p>	Өлеңнің тақырыбы	Себебі			<p>5 - сынып «Қазақ тілі» оқулығы презентация</p> <p>Презентация</p> <p>A4 парақ Кесте</p>
Өлеңнің тақырыбы	Себебі					

	<p>2-тапсырма. «Синквейн» Өлеңді оқығаннан кейін қандай әсер алдыңыз? Сипаттап беріңіз. Осы сұраққа жауап ретінде <i>бес жолды</i> өлең жазыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. зат есім 2. сын есім 3. етістік 4. сөйлем 5. синоним <p>Дескриптор: -өлеңді оқығаннан кейін әсерімен бөліседі; -бес жолды өлең жазады. ҚБ: «Жымиғыштар»</p> <p>3-тапсырма. Шығарманың идеясын анықтаңыз. Анықтаған идеяңызды «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндіріңіз. Біріншісөйлем. «Менің ойымша, өлеңдегі басты идея-...» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен шығарманың тақырыбын..... деген шешімге келдім...» Дескриптор: Бірінші сөйлемде шығарманың идеясын анықтайды; Екінші сөйлемде идеяны таңдау себебін білдіреді; Үшінші сөйлемде идеяны нақтылауға байланысты ертегіден 2 дәлел келтіреді; Төртінші сөйлемде идея негізінде шығарманың тақырыбына қатысты өзіндік тұжырым жасайды. Дескриптор: ҚБ: «Фигура»</p>	Тақта, бор, смайликтер
Сабақтың соңы	Бағалау.Формативті бағалау. Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды. Үйгетапсырма. Өлеңді жаттау. Кері байланыс.«Нысана» әдісі Тақырыпты жақсы түсіндім. Әліде толықтыруым керек. Маған көмек қажет.	Күнделік Нысана

Кері байланыс: Нысана



Тақырыпты жақсы түсіндім.

Әлі де толықтыруым қажет

Маған көмек қажет

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

1 АҚЫН ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫП АЯСЫ, РУХАНИ ӨРІСІ, КЕЙШКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

1.1 Көңіл күй әуендері, жастық шақ жырлары, соғыс тақырыбы.....10

1.2 Туған жер, өскен өлке, дала жыры және табиғат тамашасы.....32

2 АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК, КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

2.1 Ақын лирикасының тілі, дәстүр жалғастығы.....54

2.2 Бейнелілік жүйесі, суреттеу құралдары.....66

ҚОРЫТЫНДЫ.....80

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....83

ҚОСЫМША А – Түсінік хат (Ақын А. Нәріков шығармаларын
жалпы орта білім беретін мектептерде оқыту жолдары).....86